

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК**

**«Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың дарындылығын
диагностикалау және дамыту»**

Әдістемелік нұсқаулар

Астана қ., 2014

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК**

**«Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың дарындылығын
диагностикалау және дамыту» (әдістемелік нұсқаулар) –
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК– Астана, 2014 жыл – 143 б.**

Қосымша білім беру ұйымдарында мектеп оқушыларының дарындылығын алдын ала анықтау және дамыту бойынша әдістемелік нұсқаулар, тестілер ұсынылады. Әдістемелік нұсқаулар жалпы білім және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне және басшыларына арналған.

**Құрастырған: Г.К.Айкинбаева, п.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің доценті**

**Рецензент: Т.Искандирова, п.ғ.к., «Қостанай дарыны» өңірлік
ғылыми-практикалық орталығының директоры**

*ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік
орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2014 ж.19.08. № 5 хаттама)*

**© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы РМҚК., 2014**

Мазмұны

Кіріспе	4
Дарындылық түсінігінің туындауының тарихына шолу	6
Ресей және Шетел психологиясындағы дарындылықты зерттеу ерекшелігі	10
Дарындылықтың белгілері мен түрлерінің психологиялық сипаты	16
Дарындылықтың адам бойында көрінуі	30
Қазақстан Республикасындағы дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жұмыс істеу жүйесі	41
Дарынды баланы дамыту – әр ұстаздың парызы	44
Мектеп тәжірибесінде кездесетін дарындылық категориялары	59
Дарынды балаларды дамыту технологияларына шолу	66
Дарынды балаларды оқытудағы қосымша білім берудің рөлі	70
Баланың дарындылық деңгейін диагностикалау және дамыту	80
Дарындылықты бағалау мен анықтаудағы психологиялық әдістемелердің топтамасы	94
Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылық дамуы бойынша Батыс Қазақстан облысының «Балалар техникалық шығармашылық орталығы» МКҚК жұмысының тәжірибесі	117
Қорытынды	124
Қосымша	127
Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімі	141

*«Бізге керегі – шын дарындар.
Мемлекет өзінің талантты
ұлдары мен қыздарын, тарланбоз
жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті»
Н.Ә. Назарбаев*

Кіріспе

Қазақстан ғасырлар тоғысында тәуелсіз елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылуы білім беру саласындағы-қазақтың ұлттық мектебін жасау, оқушының шығармашылық қабілеттілігін арттыру мен келешекте басқа мемлекеттер арасында жетекші орынға иелену негізінде жан-жақты, ақыл-ой өрісін кемелденген оқушы тәрбиелеу мәселесін шешу қажеттігін қойып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер өткізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті маман қажет.

Шығармашылығы жоғары, дарынды балаларға білім беруді, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлау тиімді болса, екінші жағынан, ерекше қабілетті балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қаматасыз етеді.

Еліміздің білім және ғылым саласы қазіргі таңда тың өзгерістермен және жағымды жаңалықтармен толығуда. Бұл, елімізді алдағы уақытта әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енгізу мақсатынан туындап отырғаны айқын. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев биылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында атап көрсеткендей: «Таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру керек». Сол себептен де, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін жаңаша деңгейге бағыттау міндетін қойып отыр.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жоспарына орай, балаларға арналған қосымша білім берудің маңызы да арта түскендей. Қосымша білім берудің қазіргі жүйесі мен болашақтағы дамуының жайы

білім саласының маңызды мәселелерінің біріне айналды. Ол мектептердегі үйірме сабақтарынан басталып, білім бөлімдеріне қарасты арнайы мектептерде жүйелі жалғасуда. Қойылған міндеттерді шешу үшін республиканың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және дарынды балалармен жастардың дамуы үшін өркениетті жағдайлар жасау қажет.

Қазір әртүрлі елдерде дарынды балаларға әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмек берудің арнайы бағдарламалары жасалып, қолданылуда. Дамыған елдерде, сондай-ақ біздің мемлекетімізде де дарынды балаларды анықтау және диагностикалау, әрі оқыту-тәрбиелеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әрі мұндай жобалар жасалынып қолданылуда. Мұнда дарынды, оқуды ерекше қабылдайтын және қабілетті балалармен жұмыс жасау үшін педагогтерді дайындауға ерекше көңіл бөлінеді. Педагог ерекше оқу бағдарламаларын игеріп қана қоймауы керек, ол өз білім алушылардың дарындылығына жекеленген қатынас тауып, оның әрқайсысынан жеке даралықты көруі керек. Бізде осындай педагогтер көп пе, бізде олар дайындалады ма? Дарындылықтың арнайы түрлерімен қатар, олардан едәуір ауқымды, ақылдың абыройы қажет болатын, бар жерде көрінетін ақыл-ой дарындылығы бар екендігін өмір үнемі көрсетуде.

Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөзінде «бала өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды, шыңдауға қажет ететінін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған. Ал, назардан тыс қалған қабілеттер бара-бара жойылып, жоқ болатынын айтқан».

Дарындылық пен шығармашылық феномені көп ғасырлар бойы зерттеушілер назарын алаңдатып келеді, дегенмен тек соңғы жылдарда дарындылық мәселесіне қызығушылықтың өсуі тұрақты үрдіске айналды. Бұл қоғамдағы болып жатқан өзгерістердің белгісі.

Дарындылықты ерте анықтау және дамыту мәселелері бірқатар сұрақтарға ғылыми негізделген жауаптар іздеумен байланыстыруға болады. Дарындылық деген не? Дарындылықты қалай диагностикалауға болады? Үздік жетістіктерді болжауға бола ма? Адамның шығармашылық әлеуетін қалай дамытуға болады? Осы сияқты бірнеше өзекті сұрақтар аталмыш әдістемелік нұсқаулықта жан-жақты қарастырылған.

Дарындылық түсінігінің туындауының тарихына шолу

Дарындылық-адамның ой-өрісінің деңгейі мен өзіндік іс-әрекетінің ерекше өрістенуіне себепкер болатын, адамның жан-жақты дамуының қайнар көзі, арнаулы қабілеттерінің шарықтап дамуының нәтижесі. Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін *дарындылық* дейді. Адамның дарындылығы оның жоғарғы нерв қызметінің тума типіне (мида уақытша байланыстардың тез жасалып, берік орнығуы, жүйке жүйесінің қозғалғыштығы динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалып, оңай өзгеруі т.б.) байланысты болып келеді.

Дарындылық мәселесі әлемдік тарихта және отандық ғылымда ерте кезден бастап-ақ өзінің көкейкестілігімен ғалымдарды өзіне қаратқан. Әр кезеңде философтар мен ойшылдардың талқылауында болған, олар Сократ, Платон, Кант, Гегель, Локк, Дидро, Гельвецкий. Ал, аталмыш мәселенің педагогикалық негізін қарастырғандар болып А.Дистервег, И.Г.Песталоцци, Я.А.Каменский, В.А.Сухомлинский, К.Д.Ушинскийлер табылады. Сонымен бірге дарындылық мәселесінің психологиялық жағын келесідей ғалымдардың еңбектерінен көруге болады, олар Л.С.Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов, Б.И.Теплов, К.К.Платонов, А.В.Петровский, В.А.Крутецкий, В.Д.Шадриков, А.Н.Савенков ж.т.б. Бұл аталмыш ғалымдардың еңбектерінде дарынды баланың жастық ерекшелігі және жалпы және арнайы қабілеттіліктің көрінуінің дифференциалдық өзгешеліктері негіз болған.

Дарындылықтың көрінуі адамның шығармашылық потенциалы ретінде теориялық тұрғыдан қарастырған А.М.Матюшкин және В.С.Юркевич болып табылады.

Дарындылықтың дамуы туралы динамикалық теория Ю.Д.Бабаевпен құрастырылған, ол Л.С.Выготскийдің ой- пікірі негізінде жасалған.

В.В.Панов болса адамның дамуының этопсихологиялық негізі ретінде дарындылықтың дамуы туралы экопсихологиялық келіс ұсынылған.

Қазақстанда дарындылық мәселесі төңірегінде Н.А.Дарханов, Г.Ж.Ақылбаева, А.М.Бултычева, Н.Н.Волошина, С.А.Филько, О.Копыленко, Л.Руденко, Л.М.Нарикбаев, Г.К.Байжикенова, Д.В.Ярцев, Д.Г.Ганелин, А.Г.Казмагамбетов, О.Л.Медведковалар өздерінің ой-

пікірлерін жан-жақты қарастырған, әрі дарынды баланың дамуы мен табиғи ерекшеліктері мәселелеріне орасан зор ден қойған.

Сонымен бірге дарындылық мәселесіне батыс педагогтары мен психологтары да зор қызығушылық тудыруда, атап айтар болсақ, олар, Ф.Гальтон (Англия), Л.Термен, Р.Мейли, Л.Пенроуз, Р.Кеттел, П.Торренс, Э.Торндайк, Танненбаум, Дж.Рензуллин (АҚШ), Г.Мюллер, Г.Мюнстерберг, В.Штерн, (Германия), Дьюи (Франция), Ф.Монкс (Голландия) ж.т.б.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектері мазмұнды негізде дарындылық ұғымын түсінудегі көрсеткіштерді ауқымды болуына септігін тигізді, әрі дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі ерекшеліктердің маңызын аша түсті.

Дарындылық - қабілеттердің жоғары деңгейі. Дарындылық- ағыл-тегіл ақылдылық. Дарын- зеректілігімен, қабілеттілігімен дамып отыратын үздіксіз үрдіс. Дарындылық-адамның белгілі бір істі орындауға бейімділігі мен ыңғайлығын білдіретін дарындылық қасиет, психологиялық ерекшелік.

Дарынды балаларды зерттеудегі ерекше орын алатын Н.С.Лейтестің еңбегін атап өтпеске болмайды. Бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті зерттеген Н.С.Лейтес қабілеттілікке «іс-әрекеттің белгілі бір түрінде жетістіктерге жеткізетін психологиялық қасиет»- деген анықтама береді. Ақыл-ой қабілетінің алғы шарты белсенділік және өзін-өзі реттеу деген қорытынды жасайды.

Балалар дарындылығының дамуының психологиялық ерекшелігін зерттеу мәселесіне негіз берген ғалымдардың бірі, олар: А.В.Брушлинский, Я.А.Пономарев, Н.С.Лейтес, В.А. Крутецкий, В.Д.Небылицин, Е.Е.Кравцова, О.М.Дьяченко, В.Т.Кудрявцев, А.А.Нурагунова ж.т.б.

Сонымен бірге бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық қабілетінің дамуы туралы психологиялық ой-пікірлерді кең өрісте талқылап қарастырғандар: Н.Н.Подьяков, Д.Н.Узнадзе, А.В.Запорожец, А.Н. Матюшкиндер болып табылады.

Әрі дарынды балалардың моделін жасауда батыс ғалымдарының еңбектерін де атап өтуге болады, олар: Дж.Гильфорд, Э.Де.Боно, Дж.Галлаир, Дж.Рензулли, П.Торренс. Ал дарындылардың физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуде биология ғылымдарының докторы, профессор В.П. Эфроимсонды айтуға болады.

Дарынды балалардың ерекше психологиялық белгілері 4 топ негізінде қарастырылады:

1. Дарынды балалардың өзгеше ойлауы.
2. Дарынды балалардың ішкі сезімі жағынан өзгешеліктері.
3. Дарынды балалардың физикалық және одан тыс сезімдер тұрғысынан өзгешеліктері.
4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктері.

Жоғарыда аталған ерекшеліктердің белгілері бойынша төмендегідей ерекшеленеді.

1. Көп көлемді білімді меңгеру және оларды ұмытпауы, бұл:

- жоғары деңгейдегі түсіну қабілеті;
- әдеттен тыс түрлі тақырыптарға қызығушылық таныту, көп сауал қою;
- дауыс ырғағы, сөздік қоры және сөйлеу шеберлігіндегі артықшылық;
- шапшаң ойлау, тез нәтижеге жету, ілгерілеу;
- кең және өзгеше ойлау;
- аумақты талдау қабілеті;
- түсініксіз, әдеттен тыс және өзгеше байланыстарды айқындау қабілеті;
- өзіндік пікірлер және шешімдер шығару;
- жалпылама қорытынды жасау, нәтижелерді аңғару, абстарктілі ойлау және баламаларды табу мәселесінде ерте және тез даму;
- айналысатын бір іс іздеу, бос тұра алмау;
- сөз таластырудан ләззат алу;
- өзіне көңіл бөлуді қалау, мақтағаннан масаттану, көп сөйлеу;
- пысықтық.

2. Ішкі сезімі жағынан өзгешеліктері:

- айналасындағыларға өте сезімталдықпен қарау, айтылатын ойды тез ұғу;
- өзінің ерекше екендігін өзі сезінумен бірге басқаларды да сендіруге тырысу;
- жасынан байқалатын идеализм;
- терең сезімталдылық;
- толыққандылық;
- кейбір пәндер бойынша өте ерекше үздік үлгерім таныту;
- беймәлім құпия тақырыптарға үлкен қызығушылық таныту;
- басқалардың не айтатынына көп көңіл бөлмеу;

- ықылас қойған бір тақырыпты негізгі мәселе ретінде қойып, жан-жақты қарастыру.

3. Физикалық және одан тыс сезімдер тұрғысынан өзгешеліктері:

- сезім мүшелерінің қабылдауының ерекше болуы (түс, дыбыс);
- физикалық және интеллектуалдық дамуда ерекше бір ілгерілеу шапшаңдығы;
- көркем өнер салаларының біріне ерекше қабілетті болу;
- философиялық іс-қимыл, басқаша ойлау;
- көркем және әдеби сөздерді қолдану;
- бастаушылық және тартысты талап ететін тақырыптарда тапқырлық таныту;
- жан дүниесінің тереңдігі;
- талап және ішкі күш-жігердің жоғары деңгейде болуы;
- жиі-жиі ойға берілу, яғни күшінің басымдылығы.

4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктері:

- өз талап-тілектерін орындау, адамгершілік мәселесінде ерте даму;
- әлеуметтік мәселелерде тиімді және нақты шешімдер ұсыну;
- басшылық топ құру, әріптестерді топтау және ұйымдастыру;
- әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіне білу, қоғамдық әділет, әсемдік, турашылдық сияқты жоғары талаптармен шұғылдану;
- жоғары моралдық қасиеттерге ие болу;
- жоғары деңгейдегі әділдік сезімі;
- өз-өзіне сенімділік, батылдық;
- өзінен үлкендермен достықты қолдау.

Жоғары көрсетілген топтардағы ерекшеліктердің барлығы дарынды білім алушының бойынан байқауымыз мүмкін.

Дарындылық - бір адамда бірнеше қабілеттің жиынтығын құрады. Дарындылықтың санасы - зейінділік. Дарындылық - сананың белгілі бір нысанаға бағытталып, сол нәрсеге шоғырлануы. Дарындылық - қуат пен серпін беретін сиқырлы күш. *Дарындылық - даналығымен даралану, ойлылығымен ерекшелену.* Дарындылар - материалдық, рухани жағынан бай адамдар. Қосымша білім беру ұйымдарының мақсаты - білім алушылардың бүгінгі ақпараттар ағынын сауатты игере алатын, сол игерген білімнің қай жерде нақты көмекке келетінін пайымдай алатынын, қандай әлеуметтік топпен де қарым-қатынас жасай алатын, өз

бетінше оқу, іздену арқылы кез-келген мәселенің шешімін таба алатын ұлт азаматтарын дарынды да, қабілетті адамдарды даярлау мен қалыптастыру.

Ресей және Шетел психологиясындағы дарындылықты зерттеу ерекшелігі

Дарынды балалар қоғамдық, ғылыми, білім беру назарының ерекше нысанасы ретінде біршама ертеде байқалды. XX ғасырдың басында дарындылықты және оны зерттеудің әдістеріне арналған алғашқы нақты ғылыми жұмыстар пайда болды. Қазіргі уақытта әлемдік практика балалардың дарындылығын зерттеумен қолдануда аз емес тәжірибе жинақталған.

Ғалымдардың есептеуі бойынша дарындылықтың негізгі қызметтері болып:

- қоршаған ортаға максималды түрде бейімделу;
- барлық жағдайда шешім таба білу, ол кездейсоқ немесе басқа да жаңа жағдайлар болуы мүмкін;
- барлық іс-әрекеті шығармашылықпен ұласып жан- жақты жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда дарындылықты бір жүйе ретінде қарастыруға болады және ол келесідей компоненттер жиынтығын құрайды:

1. Биофизиологиялық және анатомо-физиологиялық нышан;
2. Сенсорлық-перцептивтік блок, ол жоғары сезімталдықпен сипатталады;
3. Интеллектуалдық және ойлау мүмкіншілігі, ол жаңа мәселелерді шешу мен жаңа жағдайларды бағалауға мүмкіндік береді;
4. Эмоционалдық- еріктік құрылым;
5. Қиялдау, жаңа бейнелерді құрудағы жоғары деңгейлік.

Дарынды балалармен тәжірибелік жұмыс көбіне «дарындылық», «дарынды бала» түсініктерінің мазмұнын түсінуге байланысты. Әдебиеттердің көпшілігіне қарамастан қазіргі уақытта дарындылықтың нақты анықтамасы жоқ екендігін атап өтпеуге болмайды. Ожеговтың сөздігінде дарындылық «Табиғаттан берілген ерекше қабілет». Адами ойлау- табиғаттың азаматқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адамдар бойынан табылары да сөзсіз. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қысқасы дарынды

балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды адам басқаға қарағанда көп пайда әкеледі. Әрбір талантты адам еңбекке бейім келеді және шығармашылық тақырыппен жігерлі еңбек етеді. Бүгінгі күні осы дарындылықты дамытудың нақты бір белгіленген бағыты, жүйеленген әдістемелері немесе тәсілдері жоқ. Баланың дарындылығы деп- өз құрдастарынан бірдей тең жағдайларда барынша жоғары, оқуға деген қабылдаушылық және едәуір жақсы байқалатын шығармашылықтың көрінулерін айтады. «Дарындылық» түсінігі «дарынды» деген сөзден шыққан және дамудың ерекше қолайлы ішкі алғышарттарын білдіреді. Педагогикалық энциклопедияда бұл түсінікке келесідей анықтама білдіреді: «Дарындылық - іс-әрекеттің белгілі бір аймақтарда ерекше табыстарға жетуге мүмкіндік беретін адамның қабілеттерінің дамуының жоғары деңгейі». Дарындылық әрбір индивидтегі қабілеттердің өзінше бір сапалы тіркесі олардың бірлігін білдіреді.

Кеңестік психологияда дарындылық мәселесі қабілеттер психологиясы ретінде жасалды. С.Л.Рубинштейн, Б.М.Тепловтың еңбектерінде қабілеттер, дарындылық және талант түсініктері жалғыз негіз іс-әрекет табыстылығы бойынша жіктеледі:

Қабілеттер- бір адамды басқа адамнан ажырататын және іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын, іс-әрекетте адамның анатомо-физиологиялық ерекшеліктері негізінде қалыптасатын жеке-дара психологиялық ерекшелік.

Арнайы дарындылық- белгілі бір түрдің іс-әрекетінің табыс мүмкіндіктерін тудыратын қабілеттерінің сапалы бір тіркесі.

Жалпы дарындылық- іс-әрекеттің кең шеңберіне деген қабілеті.

Осы идеяларды дамытуды жалғастыра отыра, В.Д.Щадриков дарындылықты қабілеттердің іс-әрекетте тұтас көріну ретінде қабілеттер жиынтығындағы қосарланған іс-әрекеттің жалпы қасиеті ретінде сипаттама береді.

Дарындылық шығармашылықпен тығыз байланысты. Шығармашылық дарындылық концепциясын көптеген жылдар бойы Ресей Білім академиясының Академигі А.М.Матюшкин жасауда. Автордың пікірінше дарындылықтың психологиялық құрылымы адамның шығармашылығы мен шығармашылық дамуын сипаттайтын негізгі құрылымдық элементтерге сәйкес келеді. Шығармашылық-

дарындылықтың дамуының негізі. Дарындылықтың негізгі құрылымдық компоненттеріне мыналар жатады:



Сурет 1. Дарындылықтың негізгі құрылымдық компоненттері

А.М.Матюшкин көптеген ғалымдардың жұмыстарына сүйене отырып (Н.С.Лейтес, В.А.Теплов, В.А.Крутецкий, Е.И.Игнатъев, Э.А.Голубева, В.М.Русалов, И.В.Равич-Щербо, А.В.Запорожец, Н.Н.Поддьяков, А.В.Брушлинский, Т.В.Кудрявцев, Дж.Берлайн, Я.А.Понамарев ж.т.б.) шығармашылық дарындылықтың төмендегідей синтетикалық құрылымын көрсетеді (Кесте 1):

Кесте 1. Шығармашылық дарындылықтың синтетикалық құрылымы

р/с	Мазмұны
1.	Танымдық түрткінің басымдылық рөлі.

2.	Жоғары шығармашылық белсенділік, ол белгілі бір мәселені шешу мен оны құру, әрі жаңаны тану болып табылады.
3.	Түпнұсқалы, ештеңеге ұқсамайтын шешімге келу мүмкіншілігі.
4.	Болжай алу мен үстемдете ету мүмкіншілігі.
5.	Жоғары этикалық, интеллектуалдық бағаны қамтамасыз ететін идеалды эталондарды құруға деген қабілеттілік.

Жалпы алғанда А.М.Матюшкиннің тұжырымдауы бойынша дарындылықты шығармашылық іс-әрекеттің ерекшеліктерімен, шығармашылықтың көрінуімен, әрі «шығармашыл адамның» қызмет атқаруымен байланыстыру қажет дейді.

Шығармашылық дарындылық концепциясы дарындылықты, шығармашылықтың кез-келген кәсібінде, ғылымда және өмірдегі жалпы алғышарттың шығармашылық тұлғалардың қалыптасуы мен дамуының алғышарты ретін ашуға мүмкіндік береді.

Н.С.Лейтес дарынды балалардың ақыл- ойының дамуын зерттей отыра, оны қарапайым білім алушылардың жас ерекшеліктерін табиғи ерекшеліктерімен салыстыра отыра, жалпы дарындылық, жалпы қабілеттердің жиынтығы деген қорытынды жасады. Жалпы деп- адамның ақыл- ой қабілеттерін айтады, себебі олар іс- әрекетінің әртүрлі түрлерінде кеңінен көрінеді.

Бала дарындылығын қарқынды зерттеу шетелде жүргізілді, ең алдымен АҚШ- та және Еуропаның кейбір елдерінде етек алды.

1972 жылы АҚШ- тың Білім бойынша коммитеті дарындылықты келесі анықтамасын атап шығарды: **Дарынды және талантты балалар деп** тәжірибелі мамандардың сараптамасы бойынша, іс-әрекетін келесі аймақтарда жоғары жетістіктер көрсететін балаларды атауға болады:

- интеллектуалды;
- академиялық;
- шығармашылық және өнімді ойлау;
- қарым-қатынас және басшылық;
- көркемдік салада.

Американдық Дж.Рензулин дарындылықтың мынандай анықтамасын ұсынады: Дарындылық бұл үш сипаттамалардың үйлесуінің нәтижесі: орташа деңгейдің жоғары интеллектуалды қабілеттердің, шығармашылық қабілеттердің және тапсырманы орындауға деген жоғары ұмтылыс пен табандылықпен өзара үйлесуі. Мұндай қасиеттер дарынды ересектерде табылған. Бірақ, ересектердің дарындылықтарын көп жылдарды ерте балалық шақ тәжірибесіне байланысты (бұл байланыстың табиғаты әлі анық емес).

Дарындылық феномені қатынасындағы Ресей мен Қазақстан ғалым психолог- педагогтерінің көзқарастары келесі анықтамаға әкеледі:

«Дарындылық- адамға іс-әрекетінің бір немесе бірнеше түрлерінде басқа адамдармен салыстырғанда жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігін анықтайтын, өмір бойы дамидын психиканың жүйелі сапасы»- дейді.

Бұл көзқарастардың барлығы кейбір өзгешеліктерге қарамастан, бұл феноменнің негізінде қабілеттер жақындығында түйіседі.

Қазіргі уақытта көптеген психологтар дарындылықтың дамуының сипатын көрсетеді, сапалы әртүрлілігі, деңгейі- бұл тұқымқуалаушылық және баланың іс-әрекетінің қатысымен әлеуметтік орта арасындағы күрделі әрекеттесуінің нәтижесі екендігін мойындайды.

Сонымен қатар жеке дарынның қалыптасуы мен тұлғасының өзіндік даму психологиясының механизмдері рөлін де ескермеуге болмайды. А.Шведел және Р.Стаунбергер дарындылықты «адам- орта» контексінде, әдетте біртіндеп туатын сапа ретінде түсінеді. Өкінішке орай бұл әрекеттесудің ерекшелігі әлі толық ашылмаған, бірақ егер дарындылықтың тууымен көрінуінің негізгі тұлға мен қоршағандарының арасындағы әрекеттесу болса, онда бұл заңдылықтың дарынды балалармен практикасының жұмысқа тікелей қатынасы болады.

Ғалымдардың есептеуі бойынша дарындылықтың көрінуін тағы да мынадай ерекшеліктерден байқауға болады дейді, олар:

- қызығушылықтар мен түрткінің басымдылығынан;
- іс- әрекетті атқарудағы эмоционалдық берілу;
- жетістікке жетуге деген еріктің қасиетінің ерекшелігі;
- іс- әрекет нәтижесі мен үдерісінен жалпы және эстетикалық қанағат алу;

- мәселені, жағдайдың мазмұнын терең түсіну;
- көкейкесті мәселені интуитивті түрде шешу;
- интеллектуалдық мінез- құлқындағы ерекшелік (жобаны жүзеге асырудағы тұлғалық мүмкіншіліктері);
- шешімнің көптүрлілігі;
- шешімге келудің, бағалау мен болжаудың анағұрлым тездігі;
- іздеп табу мен таңдауға деген қабілеті (ойдан шығару).

Балалардың дарындылығының дамуының күрделі мәселелерінің бірі, оның көрінуінің жиілігі, сондай- ақ жас ерекшеліктің кезеңі болып табылады. Дарындылықтың көрінуіне қатысты екі көзқарас бар: «барлық балалар дарынды болып табылады» және «дарынды балалар өте сирек кездеседі». Мұндай жағдайларда психологтар келесі көзқарасты ұсынады: іс- әрекеттің әр түрлеріне басым дарындылық көптеген балаларға тән, ал актуальды дарындылықты балалардың аз бөлігі көрсетеді.

Бірдей қабілеттегі жоғары әлеуметтік- экономикалық деңгейі жоғары жанұялардан шыққан балалардан осындай жағдайға ие бола алмаған балалар жоғары нәтиже көрсетеді.

Дарынды балалармен жұмыста баланың өсуі мен дарындылықтың белгілерінің жоғалу жағдайын да есепке алу керек. Сондықтан баланы «дарынды» деп атауға абай болу керек. Осыдан шығатыны Ресейлік ғалымдар дарынды балалармен тәжірибелік жұмысына «дарынды бала» түсінігінің орнына **«бала дарындылығының белгілері»** түсінігін қолдануды ұсынады.

Сонымен, Ресей және Шетел психологиясындағы дарындылықты зерттеу ерекшелігін жан- жақты қарастырған ғалымдардың еңбектері бұл мәселенің негізін ашуда өте құнды жұмыстар болып табылды, олар: Н.С.Лейтес, В.А.Теплов, В.А.Крутецкий, Е.И.Игнатъев, Э.А.Голубева, В.М.Русалов, И.В.Равич-Щербо, А.В.Запорожец, Н.Н.Поддьяков, А.В.Брушлинский, Т.В.Кудрявцев, Я.А.Понамарев, әрі сонау бастауын шетелдік ғалымдар еңбегі де өз ықпалын тигізбей қоймағандығын атап өтпеуге болмайды, олар: Дж.Берлайн, Дж. Рензуллин, А.Шведел және Р.Стаунбернер еңбектерінен көруге болады.

Дарындылықтың белгілері мен түрлерінің психологиялық сипаты

Дарындылықтың белгілері - баланың нақты іс- әрекетінде көрінетін және бақылау арқылы оның әрекет етуінің мінезі бағалануы мүмкін. Ғылыми әдебиет көздерінде дарынды балалардың белгілері әртүрлі өлшемдер бойынша сипатталады. Ресейдің ғалым психологтары дарындылықтың белгілерін талқылаудағы екі аспектіні бөліп көрсетеді: инструменталды және мотивациялық. *Біріншісі* іс- әрекеттің тәсілдерін сипаттайды, *екіншісі* - баланың шындықтың қандай- да бір жағына, сондай- ақ өз іс- әрекетіне қатынасын сипаттайды. Американдық ғалымдар мен практиктер дарындылықты анықтау үшін 3 бір- бірімен өзара тығыз байланысқан өлшемдерге көңіл аударады, олар:

1. танымның дамуы;
2. психиканың дамуы;
3. физикалық күй.

Дарынды баланың портретінің сипаттамаларын біріктіре отыра, осы категориядағы балаларды «қарапайым» балалардан бөліп көрсететін ерекшеліктерді көрсетуге тырысайық. Дарындылықтың әртүрлі интеллектуалдық және тұлғалық қабілеттердегі сыртқы көріністер өте әртүрлі. Дарынды балалар үшін (жетекші ақыл-ой дамуы) білімге құштарлықта, қоршаған ортаны белсенді түрде зерттеуде екеніне адам көп айналада болып жатқан оқиғаларды бір уақытта бақылай алу қабілетінде, себеп-салдарлы байланыстардың ізіне түсуіне және соған сәйкес қорытындылар шығару қабілетінде, ой операциясын орындаудың тездігі мен дәлдігінде, жаңаға қатысты сұрақтар мен мәселелерді өзбетімен қоюда көрінетін ерекше ақыл-ой дамуы тән. Дарынды баланың белсенді сөйлеуінің байлығы, сөз тіркестерінің тездігі мен түпнұсқалығы, ойлаудың абстрактілігі, рефлексия, өте жақсы есте сақтау, ақпарат және тәжірибені жіктей алу, зейіннің жоғары шоғырлануы бақылаушылықты сипаттайды.

Дарынды баланың ерекше белгісі- тапсырмаларды шешудегі стандартты еместігі, ұқсамаушылықта көрінетін, ойлауының ерекшелігі. Түпнұсқалық бойынша негізінен шығармашылыққа деген қабілет бағаланады.

Дарынды балаларға сурет салу, музыка, техника және т.б. сол сияқты арнайы істермен ерте айналысуы тән. Дарындылықтың

физикалық сипаттамалары балалардың өздері сияқты көп түрлілігіне байланысты. Бірақ, бәрібір оларды жоғары күш- қуаттық деңгей, ақыл- ой және жалпы өмірлік күш- қуаттың жоғары потенциялы, ұйқының аздығы, тұтас алғанда олар мықты денсаулықпен және жақсы физикалық дамумен ерекшеленеді.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес дарынды балалардың өміріне тән АҚШ психологі М.Карне жүйелеген және өз артынан мінез- құлықтың бұзылуына және әлеуметтік бейімделуінің қиындықтарына әкелуі мүмкін, сондықтан да келесідей жайттарды мысал ретінде келтіру артық болмас еді:

- мектепке деген жеккөрінішті сезім, ең алдымен оқу жоспарының бала қабілеттеріне сәйкес келмеуінен;

- күрделі ойындарды қалау және өз құрбыларының айналысатын ісіне немқұрайлықпен қарау дарынды балаларды жалғыздыққа әкелуіне мүмкін;

- дарынды балалар стандартты талаптардан бас тартуға икемді және сол арқылы конформизмге (изменение) икемді емес;

- философиялық мәселелерге басқа балаларға қарағанда көп мөлшерде үңілуі;

- өзін- өзі шыңдауға деген ұмтылыс, ерте қажеттілік;

- дарынды балалар жиі өз алдарына өте жоғары, шынайы емес мақсаттар қояды, осыдан оларға қол жеткізе алмауы уайымға әкеледі. Бірақ, бір жағынан өзін-өзі шыңдауға деген ұмтылыс жоғары жетестіктерге әкелетін күш болып табылады.

Бұл бөлімде келтірілген белгілер әрбір дарынды балада міндетті түрде байқалмайды. Дарындылықтың ерекшеліктері құбылмалы, жеке-дара, жиі қарама-қайшылықты, себебі олар көбінесе әлеуметтік көнбестікке тәуелді. Осылайша әлеуметтік екі белгінің бірінің болуы маманның назарын аударту керек. Ол баланың дамуының нақты көрінулерін ұзақ уақыт бойы мұқият бақылап талдауы керек.

Дарындылықтың белгілері дарынды баланың мінез-құлқының екі аспектісін қамтиды: инструменталдық және мотивациялық.

Инструменталдық аспектінің белгілері.

- 1) Іс-әрекеттің арнайы стратегиясының болуы. Соған сәйкес іс-әрекеттің нәтижелілігінің негізгі үш деңгейі анықталады:

- іс-әрекетті тез игеру және оны орындаудың жоғары нәтижелілігі;

– берілген жағдаяттан шешім қабылдау жағдайында әрекеттің жаңа тәсілдерін ойлап табу және қолдану;

– пәнді терең меңгеру есебінен жағдаятты жаңаша бағалауға мүмкіндік беретін әрекеттің жаңа мақсаттарын ұсыну.

2) Дарынды баланың өзін-өзі реттеу жүйесінің болуына қатысты «бәрін өзінше жасау» бейімділігінен байқалатын өзіндік дербес сапалы іс-әрекет стилінің қалыптасуы.

3) Дарынды баланың білімін ұйымдастырудың ерекше түрі: жоғары құрылымдылық; сан алуан байланыстар жүйесінен оқылатын пәнді тани білу қабілеті; нақтылық сипат (жалпы идеяларға құмарту, жалпы заңдылықтарды тауып, құрастыруға бейімділік).

4) Оқытылудың өзіндік түрі. Дарынды балалар кіші жастан бастап, оқуға деген құмарлықтарымен ерекшеленеді, сондықтан оларға мақсатты түрде ықпал ете отырып, вариативті, байытылған дербестендірілген білім беру ортасын құру жөн.

Дарынды бала мінез-құлқының *мотивациялық* аспектісі келесідей белгілермен сипатталады:

1) Пәндік әрекеттің (белгілерге, дыбыстарға, түстерге, техникалық құралдарға, өсімдіктерге) немесе өз белсенділігінің (дене, танымдық, көркем-мәнерлі, т.б.) белгілі бір тараптарын таңдаудағы жоғары сезімталдық.

2) Білуге құмарлықтан көрінетін жоғары танымдық қажеттілік.

3) Нақты бір сабаққа немесе әрекет саласына деген айқын байқалатын қызығушылық.

4) Стандартты, типтік, дайын жауаптарды қажет етпеу, қайшылықты, анық емес ақпараттармен жұмыс істеуді ұнату.

5) Өз еңбегінің нәтижесіне жоғары талапшылдық, қиын мақсаттар қоюға, соған жетуге талаптануға бейімділік.

Дарынды баланың мінез-құлқы жоғарыда аталған белгілерге сәйкес келуі міндетті емес. Дарындылықтың мінез-құлықтық белгілері вариативті әрі әлеуметтік мазмұнға тәуелді болады. Дегенмен осы қасиеттердің біреуін бала бойынан байқасаңыз, оны маманның көмегімен ұзақ уақыт бойы мұқият зерттеп талдау қажет.

Дарындылықтың түрлерінің дифференцияциясы жіктеу негізінде алынған өлшемдер бойынша анықталады. *Психологтер келесідей өлшемдерді көрсетеді:*

- іс-әрекеттің түрі және оның аймағын қамтамасыз ететін психиканың түрі;

- дарындылықтың қалыптасуының дәрежесі;

- дарындылықтың көріну түрі;

- дарындылықтың іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде көріну кеңдігі.

Бірінші өлшем бойынша бала дарындылығының түрлерін қарастырсақ, іс-әрекеттің негізгі түрлеріне төмендегілер жатады:

- тәжірибелік

- теоретикалық

- көркем-эстетикалық

- ойындық

- спорттық-сауықтыру

- коммуникативтік

- рухани-құндылықтық.

Іс-әрекеттің түрлеріне сәйкес дарындылықтың мынадай түрлерін ажыратуға болады:

- *тәжірибелік іс-әрекетте* кәсіптік дарындылықты ажыратуға болады;

- *танымдық іс-әрекетте* әртүрлі деңгейдегі интеллектуалды дарындылық;

- *көркем-эстетикалық іс-әрекетте* - хореографиялық, сахналық, әдеби-поэзиялық, сурет салу және музыкалық;

- *коммуникативтік іс-әрекетте* – басшылық (лидерство) дарындылығы;

- *рухани-құндылық іс-әрекетте*- адамдарға қызмет ету болып табылады.

Дарындылықты іс-әрекеттің сыртқы түріне қарап ажырата отырып әрбір дарындылықты іс-әрекеттің басқа да түрлері байқалатындығын айта кету керек.

«Дарындылықтың қалыптасқандық дәрежесі» өлшемі бойынша дарындылық актуальды және потенциалды болып екіге бөлінеді.



Сурет 2 Дарындылықтың қалыптасқандық дәрежесі

Актуальды дарындылық- бұған қабілеттілігі қалыптасқан, белгілі іс- әрекетте өз жетістігін толық байқата алатын, әлеуметтік ортада, үлкен сында жоғары көрсеткіш иемдене алатын балаларды жатқызуға болады.

Потенциалдық дарындылық- баланың жалпы психологиялық мінездемесі. Бұл тұста баланың белгілі бір қабілеті бар, бірақ ол еш жерде байқалмайтындықтан оның жеке басының жан- жақты дамуына жағдай жасағанда ғана нәтиже болады.

Потенциалды дарындылық- қол жеткізіп қойған көрсеткіштерге ие, баланың психологиялық мінездемесі, олар нақты заттық облыста жас ерекшелік нормамен салыстырған, іс- әрекетті орындаудың жоғары деңгейінде көрінеді. Екінші категория *актуальды дарындыларды талантты балалар құрайды*. Талантты бала белсенді жаңалықтың және әлеуметтік маңыздылық талаптарына жауап беретін, іс- әрекетті орындаудың нәтижелерін көрсетеді. Талантты баланың нақты өнімдері сәйкес іс- әрекет аймағындағы жоғары бірлігі эксперттермен бағаланады.


Потенциалды дарындылық - іс-әректің түрінде жоғары жетістіктерге жету үшін белгілі бір психикалық алғышарттарға ие, бірақ бұл мүмкіндіктерін уақыттың сол кезде, олардың функционалды жеткіліксіздігінен жүзеге асыра алмайтын баланың психологиялық

мінездемесі. Бұл потенциалды мүмкіндіктердің дамуын бірнеше қолайсыз себептер тежеуі мүмкін.

Потенциалды дарындылықты анықтау кезеңді түрде өткізілетін диагностика арқылы жүзеге асырылады, өйткені ол әлі қалыптаспаған қабілет, оның әрі қарай дамуы туралы бірнеше белгілер бойынша тұжырымдамалар жасауға болады.

Потенциалды дарындылық қолайлы жағдайларда және дамыта отырып оқыту кезінде көрінеді.

«Дарындылықтың көріну түрі» өлшемі бойынша дарындылық нақты және жасырын болып екіге бөлінеді.



Сурет 3. Дарындылықтың көріну түрі

Бұл дарындылық түрлерінің мәні көбінде жоғарыда айтылғандарға жақын.


Нақты дарындылық- бала іс-әрекетінде жарқын және анық байқалады, сондай-ақ қолайсыз жолдар кезінде де көрінеді. Педагог немесе ата-ана бұл баланың дарынды екенін еш қиындықсыз анықтай алады.

Жасырын дарындылық- іс-әрекетте айқын көрінбейтін, жасырын, бетперделенген түрде көрінеді. Сондықтан балаларда дарындылықты анықтау және олармен жұмыс жасау кезінде қателіктер жіберілуі

мүмкін. Сонымен қатар, мұндай «болашақсыз балалар» уақыт өте жоғары нәтижелерге қол жеткізулері мүмкін. Бұл қателіктерді жібермес үшін, балалармен кезеңді түрде әртүрлі әдістер кешенін қолдана отырып дарындылықтың диагностикасын өткізіп отыру керек.

Дарындылықтың іс-әрекетінің әр түрлерінде көріну кеңдігіне, өлшеміне қарай дарындылық жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді.

Дарындылықтың іс-әрекеттің әр түрлерінде көріну кеңдігіне, өлшеміне қарай




Сурет 4. Дарындылықтың іс-әрекетінің әр түрлерінде көріну кеңдігіне, өлшеміне қарай бөлінуі

Жалпы дарындылық- іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінде жалпы кезеңдер болғандықтан болады. Ақыл- ой дарындылығы кез- келген істі табысты түрде жүзеге асыру үшін қажет.

Арнайы дарындылық- дарындылықтың белгілі бір түрлерімен байланысты, олардың көбінде спецификалық психикалық қасиеттер (техникалық, музыкалық, бейнелеу, әдеби- поэзиялық дарындылық) ашылады.

Жас ерекшелігі дамуының өлшемі бойынша ерте және кеш дарындылық болып екіге бөлінеді.



Сурет 5. Жастық дамуының ерекшеліктері өлшемі бойынша дарындылықтың бөлінуі

Ерте дарындылықтың мысалы ретінде «вундеркинд» (тура мағынасы керемет немесе ғажап бала) деп аталатын балалар табылады. Вундеркиндтер әдетте мектепке дейінгі немесе кіші мектеп жасындағылар дарындылығының қандайда бір түрінде, мысалы: музыкада, сурет салуда, ән айтуда керемет табыстарға жетеді. Мұндай балалар кейде ерекше ақыл- ой қабілеттерін, жазу, оқу, санауда көрсетеді. Бұл балалардың ақыл- ойы терең, оқуға, жазуға аса қабілетті. Бір ерекшелігі- есепке, музыкаға құштарлығы ерте байқалады.

Әйгілі музыканттардың өмірбаяндары көрсеткендей дарындылық ерте музыкада, ал кейінірек сурет салуда көрінеді. Сондай- ақ математикалық қабілеттер де ерте көрінеді.

Кеш дарындылық- бала бойындағы қабілеті өте кеш байқалады олар көбінесе әртүрлі ғылым салаларында өзін байқата алады. Ғылымда маңызды нәтижелерге қол жеткізу әдетте кеш болады, ол келесі мен байланысты: қандай да бір жаңалық ашу үшін терең және мәнді білімдерге ие болуы керек. Осылайша, баланың дарындылығы бірнеше негіздерге сүйене отырып жіктеледі. Бұл оның көп өлшемді құбылыс екенін көрсетеді.

Дарындылық түрлерін анықтау өлшемдері ретінде төмендегілерді атауға болады:

- әрекет түрі және оны қамтамасыз ететін психиканың салалары;
- дарындылықтың қалыптасу дәрежесі;
- байқалу үлгісі;

- әрекеттің сан алуан түрінде байқалу кеңдігі;
- жас ерекшелігі дамуының ерекшеліктері.

Әрекеттің негізгі түрлеріне: тәжірибелік, теоретикалық (баланың жасын ескеретін болсақ), көркем-эстетикалық, коммуникативтік және рухани құндылық жатады.

Психиканың салалары интеллектуалдық, эмоционалды және ынталандырушы-еріктік болады. Әрбір саланың аясында психикалық ұйымдастырудың мынадай деңгейлерін атап көрсетуге болады. Яғни, интеллектуалдық саланың аясында сенсомоторлық, кеңістік-көру және ұғымдық-логикалық деңгейлер. Эмоционалды саланың аясында – эмоционалды қабылдауы мен эмоционалды қайғыруының деңгейі. Ынталандырушы-еріктік саланың аясында – ой шақыру, мақсат қою және мағынаны ұғыну деңгейлері.

Жоғарыда келтірілген дарындылық классификациясымен қатар ғылыми- педагогикалық әдебиеттерде басқа да көзқарастар бар.

Шетелдік ғалымдар дарындылықтың келесі түрлерін атап көрсетеді:

- интеллектуалды, оның түрлері академиялық, көркемдік;
- шығармашылық (креативтілік);
- лидерлік немесе әлеуметтік;
- психомоторлы және спорттық.

Дарындылықтың бұл түрлері іс-әрекеттің басты түрлеріне сәйкес бөлінеді. Ал шығармашылық дарындылыққа келетін болсақ, ғалымдардың креативті іс- әрекеттің жеке түрі ретінде қарастыру жөнінде көзқарастары әртүрлі болып шықты. Ғалымдардың есептеуі бойынша, бұл феноменге арнайы қарау керек, себебі стандартты емес ойлау қабілетіне ие, ерекше басқаларға ұқсамайтын өмірлік көзқарасқа ие балалар бар.

Шығармашылық дарындылықтың көптеген әртүрлі нұсқалары бар: мысалы, ерекше шығармашыл қабелеттерін қолға алған кез-келген іс- әрекет түрінде көрсететін оқушылар бар, сондай-ақ стандартты емес тек бір салада ғана назарын аударатын, әрі жеткілікті түрде айқын көрсететін де балалар бар. Мұндай теоретикалық көзқарастың маңызды тәжірибелік мәні бар, өйткені дарынды балалармен жұмыста тұлғаның руханишылығының жетілуінің негізін құрайтын іс-әрекеттің ішкі мотивациясының, тұлғаның бағытталуы және құндылықтар жүйесін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау қажет.

Дарындылық пен қабілеттің өзара сабақтастығы мен бірлестігінің психологиялық негіздері

Қабілетті қалыптастыру үшін білім мен ептілік қажет. Білім мен ептілікті, дағдыны меңгерген адам - өз жиған- тергенін осынау алып тіршілікте пайдалануа білуі керек. Оқытып, тәрбиелеу процесінде балаға әлеуметтік тәжірибе беріледі. Қабілет біліммен, ептілік, дағдымен тығыз байланысты, бірақ олардың баламасы емес, баланың өзіне тән тұрақты өзгешелігі. Білім, ептілік, дағды- қабілетті дамытып қалыптастыратын ұйтқы. Ал, қабілет баланың білім, еп, дағдыны меңгеруін шапшандатады.

Қабілет, дарындылық, талант мәселесін шешудің эмпирикалық негізін салушы, әрі осы күнге дейін қолданып жүрген оның зерттеу әдістері мен әдістемелерін ұсынған психолог Гальтон (Англия)болды. Оның айту бойынша қабілеттің детерминациясы- тұқымқуалаушылық пен ортаның сәйкестігі және жалпы қабілет пен арнайы қабілеттің өзара байланысы- қабілеттің дамуының негізі болып табылады.

«Қабілеттілік»- нақты бір іс-әрекетке икемділік.

«Қабілеттілік» - жаңа бір іс-әрекетті жеңіл меңгерумен қатар индивидтің бір іс-әрекеттен екінші бір әрекетке көшуі мен қабылдау тәсілдерін терең меңгере алуы. Қабілеттің негізі-туа біткен нышан, тұқымқуалаушылықтың белгісі болып табылады, яғни адамның жүйке, ми аппараттарының анатомиялық-физиологиялық ерекшелігі болып табылады. Іс-әрекет барысында қабілет пен ептіліктің өзара байланысы ерекше рөл атқарады. Бұл екеуінің бір- бірімен тығыз байланыста екендігін еске ала отырып, бір жағынан ептілік, білім тағы басқаларды меңгеру қабілеті бар екенін білдірсе, қабілеттің қалыптасуы сол іс-әрекеттердің ептілігі мен білімдерді меңгеру арқылы іске асады.

Бар өмірін ағарту, тәлім- тәрбие арқауы деп ойлаған, үлкен жүректі ұстаз Ыбырай Алтынсарин арнайы психологиялық еңбектерін жазып қалдырмаған ғалым. Әйтсе де, оның алуан сындарлы ойға толы шығармаларынан (оқу құралдары, хаттары, қолжазбалары т.б.) әлеуметтік, балалар және педагогикалық- психологиялық кейбір мәселелеріне орайлас айтылған әртүрлі қызықты деректер кездеседі. Мысалы: «Бақша ағаштары» әңгімесіндегі әкенің балаға айтқан ақылы, адамның тағдыры туысынан белгіленбейтіндігі, адамдық қасиеттердің,

қабілеттердің қалыптасатын жеті- өмір талқысы, әрекет ету екенін ескертеді.

Мағжан Жұмабаев өзінің педагогика оқулығында баланың дамуының мәселелерін көтереді. Ол үшін оның танымын, ақылын, еркін, зейінін қалыптастыру керек екенін жазады.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді.

Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық тарихи іс- әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратынын атап көрсетеді.

«Қабілеттер» - білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері- дейді А.В. Петровский.

«Қабілет - іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеттері»-деп жазады Т.Тәжібаев.

«Қабілеттер- адамның іс-әрекетінің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері»- деген анықтама берген ғалымдар да бар. Мүмкін білім де, дағды да емес, ол адамның белгілі бір істі орындауға даярлығы- деп қарастырады Ә.Алдамұратов.

Психологтар қабілеттердің 2 түрлі деңгейі болатындығын айтады:

1. Репродуктивтік емес - іс-әрекетті, не білімді берілген үлгі бойынша қабылдай, меңгере алу деңгейі.
2. Шығармашылық - жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Ал «шығармашылық» сөзінің этимологиясы «шығару», «іздену», «ойлап табу» дегенге келіп негізделеді. Демек, бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсені ойлап, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Ал «шығармашылық» мәселесін зерттеген Я.Н.Пономарев, оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы баланы жаңа психикалық сапаға көтереді. Бұдан біз «шығармашылық» ұғымының негізгі белгісі «жаңалық» болғанымен, ондағы тұлғаның, адамзаттың, қоғамның дамуына әсер ететін ерекше күштің бар екенін байқаймыз.

Қабілеттердің арасындағы айырмашылық бірінші және екінші сигнал жүйесінің қатнасындағы өзгешелікпен байланысады. Екі сигнал

жүйесінің өзара қатынасынан адамдар арасындағы типтік айырмашылық шығады. И.П.Павлов сигнал жүйелерінің өзара қатынасынан жоғары нерв әрекетінің адамға тән үш типін анықтады. Бірінші сигнал жүйесі үстел болса, суретшіл тип, екінші сигнал жүйесі кітап болса, ойшыл тип болады. Ойшыл типте анализдеуге, жүйелеуге бейімділік болады. Алған әсерін қабылдағанын абстаркциялап, жалпылап отырады. Адамның басым көпшілігі орташа типке жатады.

Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қабілеттілік күнбе- күнгі тәжірибеде жиі кездеседі. Мәселен, оқуға бар ықылысымен берілетін білім алушыларды біз қабілетті білім алушы дейміз, не болмаса оны кейбір пәндерді жақсы үлгеруіне байланысты, мына білім алушы математикаға, екіншісінің әдебиетке, үшіншісінің географияға қабілеті бар екен дейміз.

Қабілеттердің дамып, қалыптасуы әртүрлі деңгейде жүріп отырады. Мәселен, оны алғашқы деңгейін (жұрттың бәріне ортақ) репродуктивтік десе, екінші, негізгі деңгейін шығармашылық қабілет дейді. Бірінші деңгейде адам білім игеруге, іс- әрекетті қажетті дәрежеде іске асыруда икемділік көрсетсе, екінші деңгейде жаңа туынды жасай алу мүмкіндігін байқатады. Қабілет жалпы, арнаулы, тәжірибелі, ал соңғысы ұйымдастырғыштық болып бірнеше түрге бөлінеді. Адам тіршілік иесі, оған қоса ол жаны бар нәрсе ретінде табиғи күшке, өмір қуатына ие, әрекетшіл тіршілік иесі, онда бұл күштер нышан мен қабілет түрінде өмір сүреді. Нышан жүйке-жүйесінің адамға тумасынан берілетін анатомиялық-физиологиялық белгі. Нышан қабілеттің ойдағыдай дамуының оған қолайлы кезде туатын шарттарының бірі. Қабілетті дамытудағы ең негізгі басты фактор- еңбек. Бала неғұрлым еңбек сүйгіш болса, ойлаған ісін ешбір ерінбей, жалықпай орындайтын болса оның қабілеті соғұрлым жақсы дамиды болады. Қабілет те, нышан да іс- әрекет үстінде байқалады. Нышан - қабілеттің бастапқы табиғи негізі ретінде адамда туа пайда болатын жүйке қызметінің ерекшелігі. *Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін **дарындылық** деп атайды. Белгілі іс-әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қабілеттің ерекше түрін **талант** деп атайды.*

Қабілеттің дарындылық (балалық кезде ерекше байқалатын, тумасынан берілетін нышандар жүйесі) талант, дарындылық деп

аталатын кез- келген адамда кездесе бермейтін жоғары түрлері де болады. Қабілеттің қандай түрі болмасын өлшеусіз ерен еңбектен туындайды. Мұндайдан тер төгілмейінше ешқандай қабілет өз мәніне ие бола алмайды.

Педагогтер бала қабілеттерін ойдағыдай дамыту үшін қабілеттерінің де қандай дәрежеде қалыптасқанына зер салғыш. Тынымсыз еңбекті балалар да көре біледі. Оны бағалап, оған еліктей бастайды, балалардың өмірге деген көзқарасын қалыптастырады.

Қабілет адамның қандай да бір нәрсені істеуге мүмкіншілігі және ол әрекеттің нәтижелілігі болып табылады.

Кеңес психологиясында ең алдымен С.Л.Рубинштейн және Б.М.Теплов өз еңбектерінде іс-әрекеттің нәтижелілігі бойынша «қабілеттілік», «дарындылық» және «талант» ұғымдарына жіктеу жасауға тырысқан. А.М.Матюшкин дарындылықты, таланттылықты, шығармашылықтың көрінуімен, шығармашылық іс-әрекеттің ерекшеліктерімен міндетті түрде байланыстыруды аса қажет деп есептейді. Н.С.Лейтес дарынды балаларды зерттей келе, олар еңбекке тартымдылығымен өзгешеленетін және еңбекпен қанағаттануды сезінетін нағыз кішкентай еңбекқорлар болып табылады,- деп көрсетеді.

Барлық қабілеттің дамуын қамтамасыз ететін ең негізгі фактор- іс-әрекет, олай болса балалардың негізгі іс-әрекеті- ойын әрекетін белсендіре отырып, шығармашылық қабілетін дамытуға болатындығы дәлелдене түседі. Баланың айнала қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі көбінесе өзі үлгі тұтатын педагогтері мен ата-аналары болғандықтан, ересектердің бала қабілетінің дамуына әсері де ұшан- теңіз. Сондықтан шығармашыл педагогтің психологиялық дайындығы жоғары болуы тиіс. Осыған орай педагогтің оқу барысында арнайы оқу жүйесін ұйымдастыру аса маңызды бола түседі.

Дамудың жас кезеңдері барысында, әсіресе соның ішінде- жалпы қабілеттің алғышарттарының әртүрлі жақтары- әрбір балалық шақта-өзіне тән нақты жақтары болғандығына негіздеме болады. «Жалпы қабілеттің қалыптасуы үшін, тек ақыл- ой деңгейі ғана емес, сондай- ақ оқу- тәрбиелік әсердің де, жас кезеңдерінде де мәні зор», - деп көрсетеді Н.С.Лейтес.

Қабілет мәселесіне байланысты әдебиеттерге шолу жасау арқылы оның дамуының төмендегідей тарихи кезеңдік сатыларын байқауға болады:

- Қабілеттің туа біткен және интеллектуалды құбылыс деп қарастыратын түсініктердің қазіргі кездегі жеке адамның құрылымы ретінде, оның дамуына табиғи және ортаның әсері бар деп қарастыратын жаңа теориялық концепцияларға ену де көп жағдайда көрсетеді.

- Қабілеттің негізгі компоненті ретінде жоғары интеллект және шығармашылық - жеке адамның мүмкіншілігін көрсетуді, өзін-өзі іске асыруды қамтамасыз ететін даму көрсеткіштері болып табылады.

- Қабілеттің негізіне шығармашылық потенциал, оның таным мотивацияларының басымдылығымен, психикалық процестердің жедел дамуымен, шығармашылыққа ынталығымен, жаңа бейне құра алуға икемділігімен сипатталынатын түсіндірме концепциялары алынады.

- Қабілет-адамның өмір сүру барысында іс-әрекетте дамиды, осыған сәйкес қабілеттің дамуына әлеуметтік орта арнайы жағдайлар құру арқылы оның жедел дамуына әсер етуге болатындығын дәлелдейтін ой-пікірлер болып табылады.

Психология ғылымында қабілеттің 3 концепциясы қалыптасқан.

Оның бірі – қабілет– жеке адамның биологиялық басым қасиеттері тұқымқуалаушылыққа байланысты, *екінші концепция*– қабілет толығымен әлеуметтік орта және тәрбиеге байланысты анықталады. Біршама дұрыс концепция–қабілеттің *үшінші концепциясы*, оның өкілдері: Б.М.Теплов, В.А. Крутецкий, Я.А.Понамарев өз концепцияларында кез-келген адам белгілі бір нышанмен туылады деген, табиғи күштер мен нышан, қабілеттің дамуы үшін әлеуметтік қолайлы жағдайға қажет деп көрсетеді.

Д.Саймонтон және тағы да басқа зерттеушілер креативтіліктің дамуына еліктеу объектісі болып табылатын шығармашылық сипаттағы үлгі және жағымды жағдай жасау әсер етеді деп көрсетеді.

Б.М.Теплов қабілеттілікке анықтама бере отырып, қабілеттіліктің үш белгісін көрсетеді, олар:

Біріншіден, қабілеттілік бір адамды екінші адамнан ажыратуға негіз болатын жеке- даралық психологиялық ерекшелік.

Екіншіден, қабілеттілікке барлық жеке даралық ерекшеліктерді жатқыза беруге болмайды, тек қандай да бір немесе бірнеше іс-әрекетті орындау барысында нәтижесі табысқа сәйкес жететін ерекшеліктерді- қабілет деп атауға болады.

Үшіншіден, қабілет түсінігі адамда бар білім, ептілік және дағдымен ғана шектеліп қоймайтындығын айтады, яғни тек ептілік, білім, дағды ғана бар деп айтуға болмайды, керісінше сол ептілік, білім, дағдыны меңгеруге қабілетті деп санайды.

Б.М.Теплов қабілеттіліктің дамуы - бір жақты ғана болмайды, оның қозғаушы күші қарама- қарсы ойлардың күресі деп көрсетеді. Қабілет пен индивидтің белсенді іс- әрекетінде қоғамдық тәжірибені меңгерудегі психологиялық құрылым ретінде жеке адамның қабілеттілікке байланысын көрсетеді. Қабілеттілік- ақылдық шығармашылық дамуының көрінуі.

Дарындылықтың адам бойында көрінуі

Дарындылық – адамның өз бейімділігіне қарай шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Қазіргі таңда барлық білім алушы дарынды бала. Бұл қасиетті байқап, оның бар екеніне көзжеткізіп, бойындағы дарынын одан әрі өрбітуге, ұштауға, арман асуларын жұлдыздай жарқырап, тау бұлағындай мөлдіреп, халқының, ата-анасының мақтанышы болуға мүмкіндік жасау педагогтерге артылатын жүк.

Дарындылық – жеке тұлғаның өте күрделі, көп аспектілі қыры. Олар әр түрлі, бір-біріне ұқсамайды. Дарынды баланы байқамау мүмкін емес, көпшіліктің ортасында ол өзінің іс-әрекетімен, бейімділігімен, қабілеттілігімен ерекше көзге түседі. Дарындылықты қалыптастыру мен дамытуда педагогтің алар орны ерекше. Осы орайда білім алушының

кабілетін айқындай отырып, дарындылығын *анықтау* - баланың дамуын бағдарын талдаумен байланысты ұзақ үдеріс. Осы тұрғыда алдымен дарындылық ұғымын анықтап алсақ. «Дарындылық» ұғымы «сый» («дар») деген сөзден шыққан, дамудың алғышартын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда теменгідей анықтама беріледі. «Дарындылық – белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі».

XIX ғасырдағы қазақ халық ағартушылары да халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін, дарындылықты дамыту мәселелерін көтере бастады. Қазақтық аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің (1841-1889) демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарастарынан айқын көрінеді. Бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге, оқу құралдарын жазуға, тәлімгер-ұстаз дайындауға, оларға ғылыми әдістемелік басшылық жасауға, өз кезеңіндегі қазақ халқының қоғамдық өміріндегі саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып, жазуға жұмсады.

Ы. Алтынсарин «Табиғи ақыл өзін қоршағанды құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім» деп, бала дарындылығын туа біткен кездегі қасиетін дамыту негізімен байланыстырған.

А.Құнанбаев адам бойындағы мінезді сынай отырып, оған ерекше түсінік беріп өткен. Жетінші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да,

біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі –жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген». Міне, Абайдың айтып отырған баланың білуге деген құштарлығын, талабын дамытуда жеке ерекшелік қасиетін ескере отырып біліммен, іскерлік, дағдымен ұштастыра отырып танымдық ой-өрісін дамыту ең алдымен ата-анаға содан кейін білім беретін орындарға жүктелетін міндет.

Ж. Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал, баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқыту мен тәрбие. Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді жасы үлкендер жеткілікті бағаламаса, ол «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін», - дейді. Дарынды балаларды қалай тануға болады? Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді, оны Сурет 6-дан көруге болады.

Бірінші категория – ой - өріс қабілеті ерте жастан байқалған балалар

Екінші категория – жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен білім алушылар

Үшінші категория – дарындылық күш – қажырымен ерекшеленетін балалар

Сурет 6. Н.С.Лейтес бойынша қабілетті балалардың 3 категориясы

Адамның ерте жастан бастап айрықша қабілет танытуының туабіткен ерекше қасиетке ие екендігін білдіреді. Тарихта мынадай жайттардың болғаны белгілі: Моцарт шығармашылық жетістіктерге кішкентай кезінде-ақ қол жеткізген, Ф. Гальтон, И. И. Мечников, К. Ф. Гаусс, Н. Винер, Г. В. Лейбниц, В. Гюго, Ф. Шуберт, М. Мусоргский және т. б. бала кездерінен бастап өздерінің шығармашылықтарында ірі табыстарға ие болған. Қазақтың кемеңгері – Абай әжесінің ертегілерін жалықпай тыңдап, шағатай тілінде ерте хат таныды. Ерекше дарынды тұлға Абайдың таланты өзінің отбасында бес жасынан бастап ашыла бастаған. Абай шығыстың ойшыл ғұламалары Низами, Науай, Сағдилердің хисса-дастандарын үзбей оқып, шағатай тілінде бес жасында алғаш рет екі шумақ өлең жазды. Ауыл молдасынан хат танығаннан кейін сегіз-тоғыз жасында араб, парсы, шағатай тілдерінде тырнақ алды туындыларын жаза бастады.

Қазақ халқының дарынды перзенттерінің бірі Шәмші Қалдаяқов мектеп қабырғасында жүріп түрлі музыкалық аспаптардың құлағында ойнаған. Ол өзінің композитор болатынын білмеген де болар, бірақ болашақ композитор мектепте оқып жүргенде ең алғаш анасына арнап ән шығарған. Шәмшінің сол анасына деген махаббаты мен сағынышынан туған әні мектепте оқып жүргенде сырнайға, баянға қосылып жадыда жатталып қалған «Анаға сәлем» әні бүгінде қазақ мәдениетінің алтын қорынан орын алған.

Қазақтың тұңғыш жиһангер-ғалымы – Шоқан Уәлиханов жеті-сегіз жасында көлдің жағасындағы құмдауыт балшықты илеп сан алуан мүсіндерді жасаудан жалықпаған, тіпті дымқыл құмның бетіне бүгінгі ғылыми тілде айтылып жүрген натюрморттарды, пейзаждарды айнытпай салған. Иленген балшықтан бір-бірін қайталамайтын көш-керуеннің мүсіндерін жасаған. Бірақ, дарынды саналған балалардың барлығы дерлік ержеткенде де атақты бола бермейді. Көптеген бұрынғы вундеркиндтер (айрықша ақылды, ойлы жас жеткіншек) өмірде мардымды бір нәтижелерге жете алмай, сол «бұрынғы» қалпында қалып қояды. Керісінше де болуы мүмкін: бала кезінде ешқандай ерекшелігімен көзге түспеген кейбір адамдар, уақыт өте келе, ғажап қабілеттілік көрсетіп, үлкен табыстарға ие болады. Асқан шығармашылық потенциал (әлеует) ұзақ уақыт бойы айналадағыларға білінбей, белгісіз болады. Мысалы, Шведтің ұлы жаратылыстанушысы Карл

Линнейдің өмірі мен шығармашылық қызметін зерттеушілер мынадай жайттарды баяндаған: ғалымның балалық шақтағы дамуы өте баяу болған. Өйткені, оның атағы 24 жаста-ақ елге жария болған. Альберт Эйнштейн мектепте үлгерімі нашар оқушы саналған. Ал, орыстың ұлы әншісі Федор Иванович Шаляпин кезінде шіркеудегі хорға қабылданбай қалған. Халық вальс королі деп атап кеткен Шәмші Қалдаяқов Қазақстан композиторлар Одағына қабылданбаған.

Мұндай қызықты жағдайлардың себептері әр түрлі. Адам дамуында жекелеген ерекшеліктердің болуы мүмкіндігінде жоққа шығармаған жөн. Мүмкін, ата-аналар мен педагогтар бала жанының нәзік қозғалысына жете көңіл аудармайтын шығар, кейде оларда білім, тәжірибе, ішкі сезімталдылық, ақыр соңында сүйіспеншілік жетіңкіремейді, бәлкі. Кей сәттерде қабілеттілік, зиялы бастамашылдық қазіргі өмір қалыптарына үйлеспейтін кемшіліктер тәрізді бағаланады. Әр кезде де өнегелікті, тілалғыштықты, тыңғылықтылық қасиеттерін әдеттегі *өзгешеліктен, батылдылықпен тәуелсіз іс-әрекеттерден және ой тоңшылаулардан* жоғары қоятын ата-аналар, мектеп мұғалімдері, жоғарғы оқу орындарындағы оқытушылары, өндіріс басшылары бар.

400 атақты адамдардың өмірін зерттеген американдық ғалымдармынаны анықтаған: олардың 60%-і белгіленген ережелерді сақтау қажеттілігінен туындаған елеулі мәселелерға тап болып, қиындықтарға ұшыраған.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ үдеріс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы, сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Баланың дарындылығын бағалағанда қателесу ықтималдылығын барынша төмендету қажет, өйткені ғалымдардың өзі дарындылық атты таңқаларлық құбылысқа тән белгілер күрделі, сан қырлы және көп деңгейлі болғандықтан нақты анықтама бере алмай отыр.

Балалар бойындағы дарындылықты анықтау – ұлттық маңызды мүдделердің бірі. Дәл қазіргі уақытта баланы дарынды және дарыны жоқ бала деп бөле отырып, біз баланың келешек өміріне жасанды түрде қол сұғып отырмыз. Өйткені, баланың бойындағы қайталанбас ерекшелігі өсе келе баланың шын мәнінде талантты болатынына кепілдік бола алмайды.

Дарынды балаларды анықтау – арнайы бағдарлама мен білікті мамандардың қатысуын қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады.

Жасырын дарыны бар балалар өз қабілеттерін ашық көрсете алмайды (түрлі психологиялық кедергілерге байланысты). Бірақ сәйкес ынталандыру шараларынан кейін (ойындар, байқаулар, жетістікке жететініне сендіру және т.б.) мұндай балалар өз қабілеттерін көрсете бастайды (белгілі бір оқу пәні, тәжірибе жұмыстарында, спорт және т.б.).

Көп жағдайда (психофизиологиялық, арнайы сипаттағы себептерге байланысты) дарындылық кеш байқалуы мүмкін. Демек, орта деңгейлі дарынды білім алушылар түрлі сипатта болады, бұл балаларда жасырын мүмкіндіктер көп болады.

Талантты дамытуды болжаудың күрделі мәселелерінің бірі, қабілетті тұлғаларға қойылатын талаптар уақыт ағымына орай елеулі түрде өзгеруде. Мысалы, ХХ ғ. ортасына дейін ғылыммен айналысатын адам ғалым деп аталды. Ол көп білетіндіктен, жақсы білім алғандықтан ғалым деген атқа ие болды. Қазіргі уақытта ғылым қайраткерлерінің өзі өздерін ғалым демей, зерттеуші деп атауға көбірек тырысады, себебі олар осылайша, өздерінің көлемі өте үлкен ақпаратты игере алмауы да мүмкін (көбінесе игеруге талпынбайтындығында) екендігін білдіреді.

Қазіргі заманның ғылыми қызметкері көп білетін тұлға болып қана қоймай, жаңаны іздеуге аса қабілетті болғаны абзал. Ал қажетті мәліметтерді кітаптардан, интернеттен, ақпараттық базалардан оңай табуға болады.

Басқа да мына жайттың маңыздылығын есте ұстау қажет. Өзінің кәсіби мансап-қызметі барысында адамға біріне-бірі қарама-қайшы келетін жеке қасиеттерді талап ететін рөлдерді орындауға тура келеді.

Өздерінің әлжуаз, аурушаң баласы әскери адам болады деген ой Александр Васильевич Суворовтың ата-анасының үш ұйықтаса да ойына келмеген екен. Оның құрбылары кішкентай дворяндардың барлығы дерлік туғандарынан бастап әскери бөлімдердің тізіміне енгізіліп, ержете келе офицер атағына ие болған. Ал жасөспірім кезінен бастап, өзін әскери қызметке алуды қатты өтінген Суворов әскерге жай солдат ретінде алынған. Ол тек 24 жасқа келген- де алғашқы офицерлік атағыналды,

бірақ мұндай жайт оның түбінде *генералиссимус* болуына нұқсан келтірген жоқ. Дегенмен, солдаттық және бас қолбасшылық міндеттер адам қабілетінің алдында әр түрлі талаптар қояды. Мүгедекке арналған арбада отырып та данышпан стратег (талантты басқарушы) болуға болады. Денсаулығына байланысты қатардағы және кіші офицер қызметін өтемеген адам қалайша әскери басшы болады? Суворовтың ерлігін қайталай алмаған және өз мүмкіндігін жүзеге асыра алмаған (себебі, ойлаған мақсатты жеріне жете алмаған) дарынды адамдар қаншама екен?

Баланың ең жақын адамдары – олардың ата-аналары, көбінесе, өз балаларының қабілеті қандай бағытта көбірек дамығандығын және ол қабілеттің ауқымы қандай екендігін дәл басып анықтай алмайды. Кей кезде өздерінің қолы жетпеген армандарының орындалуын мұрагерлеріне артып, оларда бар өзге қасиеттерді көрмейді. Неміс психологы Гюнтер Тростың анықтауынша, білімділік мәртебесі жоғары ата-аналар өз балаларының қабілеттерін төмен бағалайды, ал білімділік дәрежесі төмен ата-аналар жоғары бағалайды.

Тростың деректері бойынша, адамның келешектегі жетістіктері туралы жорамалдауға мүмкіндік беретін ең сенімді белгілер, қаншалықты әдетке сіңген ұғым болса да, сол адамның мектептегі жетістіктері болып табылады. Бірақ бұл, білімді қажет ететін: ғылым, медицина, юриспруденция, басқару және т.б. салалар үшін қисынға келеді. Ал өнер, қол еңбегі, ұсақ кәсіпкерлік салалары үшін бұл болжам – орынсыз.

Дарындылық мәселелеріне арналған жарияланымдарда, негізінде былай деп жазылады: қоғам ол қасиетті бағаламайды және дарындыларды ұната бермейді. Бұл, шынында да таланттың өсу жолында көп кедергі келтіретін күрделі мәселе. Алайда, осы тәсілдің қайткенде де мойындауға тұрарлық жөні бар. Оның жүзеге асуы немесе құрдымға кетуі мүмкін. Қоғам *жетістіктердің* мүмкіндіктерін емес, өзін бағалайды, сондықтан ол (қоғам) келешекте болатын жетістіктің үміті үшін әлдекімді көтермелеуге дайын емес. Табиғаттың, тағдырдың берген қабілет - дарынын мақтан тұтуға, өзін басқалардан артық санауға негіз жоқ. Өмірде аса жоғары қабілетке ие, дарынды тұлғалар тарихта көптеп кездесетіндігі баршамызға мәлім.

Дарынды бала тұлғасының ерекшеліктері

Дарындылық – бұл өмір сүру барысында дами беретін, адамның өзгелермен салыстырғанда әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде жоғары нәтижеге жету мүмкіндігін айқындайтын психиканың жүйелі сапасы.

Дарынды бала – әрекеттің белгілі бір саласында айрықша нәтижелерімен (мұндай нәтижеге жетудің ішкі алғышарттары болады) ерекшеленетін бала.

Баланы дарынды деп бағалау шартты нәрсе. Баланың үздік қабілеттері оның болашақтағы жетістіктерінің тікелей әрі жеткілікті көрсеткіші бола алмайды. Бала бойында байқалған дарындылықтың белгілері уақыт өте келе жоғалып кетуі де мүмкін. Бұл жағдай дарынды балаға арналған тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыруда ескерілуі тиіс. Сондықтан да тәжірибелік жұмыстар кезінде «дарынды бала» ұғымының орнына «дарындылық белгілері байқалатын бала» ұғымын қолданған дұрыс.

Дарындылық түрлерінің айырмашылығы дарындылық белгілерінің байқалу шараларымен де, сонымен қатар баланың жетістіктер деңгейін бағалаумен де байланысты. Дарындылықты осындай негізде ажырату, оның шарттылығына қарамастан, бала дарындылығын сипаттайтын түрлі көрсеткіштерді салыстыру негізінде жүргізіледі.

Сондықтан да дарындылықты градациялау кезінде оны дамудың үйлесімді немесе үйлесімсіз емес типтерімен дифференциялау керектігін есте сақтау керек. Дамуына қарай дарынды балалардың екі түрін ажыратуға болады:

1. Үйлесімді даму түріндегі дарынды балалардың тұлғасының ерекшеліктері.
2. Үйлесімсіз даму түріндегі дарынды балалардың тұлғасының ерекшеліктері.

Үйлесімді даму түріндегі дарынды балалардың тұлғасының ерекшеліктері

Тұлғаның сапалары

Шығармашылық әрекетке талпыныс осы типтегі дарынды балалардың айрықша белгісі болып табылады. Бұл білім алушылар оқыту процесінде өздерін еркін ұстайды және сондықтан да сыныптастарына қарағанда, ересектердің көмегін көп керек етпейді.

Кейде педагогтер білім алушылардың тапсырманы орындаудағы дербестігін дарындылықпен шатастырып, қателесіп жатады: материалды өзі таңдаса, оны талдап, реферат жазса, т.б. Педагогтердің жөнсіз араласуы, ата-аналар тарапынан болатын басы артық мәпелеу дарынды баланы оқыту барысына кері ықпал етеді, өзін-өзі жүйелеу үдерісінің дамуын тежейді, жаңаны игеруге деген ынтасын төмендетеді.

Танымдық қажеттіліктің жоғары деңгейі, көп білуге құмарлық, ұнататын ісімен ынтазарлықпен айналысу дарынды балалардың ынталандырушылық белгісі болып табылады. Дарынды балалар ерте жастан білуге, проблемаға зейін қоюда таң қаларлық қабілет байқата отырып, ерекше қызығушылық танытады. Дарынды балалардың басым бөлігіне *перфекционизм* яғни әрекетті орындауда кемелділікке ұмтылу тән. Кейде бала аяқталған жұмысын (шығарма, сурет, үлгі) бірнеше сағат бойы жетілдіру үшін қайта жасауы мүмкін. Бұл болашақтағы кәсіби жетістіктің жоғары деңгейінің кепіліне айналатын жағымды сипаттама болғанмен де, педагогтер мен психологтар мұндай талапшылдықтың аясын шектеуі тиіс. Әйтпеген жағдайда бұл қасиет «өзін-өзі жеуге», жұмысты соңына жеткізе алмауға ұласып кетуі мүмкін.

Дарынды балалар мен жасөспірімдердің негізгі сипаттамаларының бірі – тәуелсіздік, ол әрекет етуде, ойлануда көпшіліктің пікірімен санаспайды. Бұл тұлғалық қасиеттің әрекет ету барысында көмегі болғанымен, оларды қоршаған ортасы үшін ыңғайсыз етеді. Дарынды балалардың не істейтінін болжау мүмкін емес, кей жағдайда бұл қоршаған ортасымен келіспеушілікке соқтыруы мүмкін. Педагог осынау психологиялық ерекшелікті назарда ұстауы тиіс.

Отбасының рөлі

Мұндай балалардың дарындылығын дамытуда ата-аналардың жоғары танымдық қызығушылықтары игі ықпал етеді. Баламен қарым-қатынас барысында олар тұрмыстық мәселелер шеңберінен шығады, олар бірлесе танымдық әрекетке енеді: компьютерде бірлесе жұмыс жасау, күрделі есептерді шешу. Мұндай отбасыларда ата-аналар мен баланың арасында ара-қашықтықты сақтау болар-болмас болады, оның жағымды жағымен қатар жағымсыз жағы да болуы мүмкін.

Педагогтермен, құрбыластарымен қарым-қатынасы

Дарынды балалардың бұл тобы құрбыластарына қарағанда мектептегі оқу үдерісіне тез бейімделеді. Құрбыластары оларға үлкен құрметпен қарайды, сабақтың бәріне жақсы үлгеретіндіктен олар сыныптың



«жұлдызы» болады. Бұл балалардың дарындылық деңгейіне сәйкес қиындықта тапсырмалар берудің маңызы зор. *Біріншіден*, білім алушы түрлі көзқарастармен танысып қана қоймай, қажет болса, мамандармен қарым-қатынасқа түсе алатындай болуы керек. *Екіншіден*, дарынды баланың өзіндік көзқарасы болатындығын ескеретін болсақ, оған оны жүзеге асыруға мүмкіндік берілуі тиіс. Сондықтан педагог мұндай білім алушының өзгенің пікірімен келіспейтіндігін, өз ойын қорғайтындығын білуі тиіс.

Үйлесімсіз даму түріндегі дарынды балалардың тұлғасының ерекшеліктері

Психикалық дамудың тепе-тең болмауы

Белгілі бір салада өте ерекше дараланатын дарынды балалардың бірқатарында психикалық дамудың тепе-тең болмауы (*диссинхрония*) байқалады. Бұл оның тұлғалық қалыптасуына тікелей ықпал етеді және оның көптеген мәселелерінің бастауы болып табылады.

Мұндай балалар ақыл-ой немесе көркем-эстетикалық дамуда анағұрлым алда болады. Ал эмоционалдық, әлеуметтік және дене сияқты өзге психикалық салалардағы даму оған ілесе алмайды да, психикалық теңсіздіктің айқын көрінуіне әкеп соғады.

Көп жағдайда бұл балалардың эмоционалдық дамуында әртүрлі мәселелер кездеседі. Олардың көбісі өте сезімтал болады. Басқа балалар назар аудармайтын оқиғалар бұлар үшін уайымға салынуға әкеп соғуы мүмкін. Сын пікірлерге бола, жылауы мүмкін. Кейде іштей құсаланып, психосоматикалық ауруға ұшырауы мүмкін. Дене шынықтыру сабағына қатысқысы келмейді, спортпен шұғылданбайды.

Кейбір интеллектуалдық қабілеті жоғары балалардың өзекті мәселесі – тек білімді игеруге бағыттылығы. Бұл көбінесе ақыл-ойы

жылдам дамитын балаларда кездеседі. Кішкентай кездерінен бастап оларды жақсы оқығаны үшін мақтап үйретеді де, бұл олардың танымдық әрекетінің ынталандырушы қуатына айналады. Оның үстіне олардың мұндай жетістігінің шығармашылық сипаты болмайды және нағыз дарындылығы қалыптаспайды.

Отбасының рөлі

Тұлғаның дамуындағы барлық табиғи-шартты факторлар немесе мектептегі мақсатты түрде оқыту мен тәрбиелеудің ролін қанша қарастырсақ та, отбасының мәні шешуші болып табылады. Әлеуметтік жағдайының нашарлығының (тұрмысының төмен болуы, материалдық жағдайның жетіспеуі, толық емес отбасы, т.б.) қабілеттердің дамуына қатысты түрде ықпалы болмайды. Дарынды бала тұлғасының қалыптасуындағы маңыздысы – ата-аналардың назары. Олар баласының оқуына айрықша назар аударады, қосымша кітаптар сатып әпереді, оны қалай оқыту жөнінде педагогпен кеңеседі. Бұл бала бойындағы қабілетті дамытудың жағымды факторы болып табылады.

Ересектермен, құрбыластарымен қарым-қатынасы

Үйлесімсіз даму түріндегі дарынды баланың тұлғалық ерекшеліктерін түсіну үшін, оның тұлғасының қалыптасуын белгілі бір дәрежеде ықпал ететін құрбыларымен, ересектермен қарым-қатынасына талдау жасаудың маңызы зор. Дамудың біркелкі болмауынан интеллектуалдық және көркем-эстетикалық мүмкіндіктері өте жоғары балалардың бірқатарында жеткілікті қалыптасқан әлеуметтік мінез-құлық дағдылары болмайды да, қарым-қатынаста өзекті мәселелер туындайды. Көп жағдайда ерекше дарынды балалардың жүріс-тұрысында, мінез-құлқында оғаштау қылықтар кездеседі, бұл сыныптастарының қабылдамауына, мазақ қылуына әкеп соғады.

Арнайы мектептерде дарынды баланың интеллектуалдық қабілеті сәйкесінше бағаланып, құрбыларымен қарым-қатынасы анағұрлым жақсы жағдайда болады.

Педагогтердің ерекше дарынды балаға көзқарасы оның тұлғалық сапаларына тікелей қатысты болады. Егер педагог тәрбиелеудің «күштеу ұстанымы» әдісін қолданбайтын болса, онда дарынды баланың интеллектуалдық сыншылдығы, оның ақыл-ой дамуының деңгейі

педагогтен да жоғары болуы тек құрмет пен түсіністікке ұласады. Басқа жағдайда педагогпен қарым-қатынас келіспеушілікке, бірін-бірі қабылдамауға әкеп соғады. Сондықтан да үйлесімсіз даму типіндегі дарынды балалар тұлғасының өзіндік ерекшеліктерін түсіну мұндай контингенттегі балалармен жұмыс істейтін педагогтер үшін маңызды принциптердің бірі болып табылады. Кейде ерекше балалардың дезадаптациясы кездеседі, яғни уақыт өте келе олар қиын балалардың тобына жатқызылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жұмыс істеу жүйесі

XXI ғасыр табалдырығында көптеген өркениетті елдерде дарынды және талантты балаларды анықтау, қолдау және дамыту жөнінде ғылыми және қолданбалы жұмыстар жандануда.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтің 1996 жылғы 24 мамырдағы № 3002 қаулысына сәйкес «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекет тарапынан қолдау және дамыту жөніндегі» қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының білім, денсаулық сақтау және мәдениет министрлігімен ізденістік- қолданбалы зерттеулер жүйесі «Дарынды балалар мен жастарға білім беру мен тәрбиелеу жүйесін іске асырудың ғылыми- әдістемелік негіздері» бағдарламасы жасалды.

Қазіргі уақытта республикамызда дарынды балалармен белгілі бір ұйымдық- педагогикалық тәжірибе жинақталған. Көптеген жылдар бойы физика- математикалық мамандандырылған және қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектеп- интернаттары, Ахмет Жұбанов және Күләш Байсейтова атындағы мамандандырылған музыкалық мектеп- интернаттары, олимпиада ойындарына резерв ретіндегі спорттық мектептер, балалар және жастардың үздіксіз дамуын іске асыратын «мектеп-колледж-ЖОО» оқу кешендері сәтті жұмыс істеп келеді.

Дарынды балалар мен жастарды анықтау және оқыту жұмысына республикада жұмыс істеп келе жатқан жаңа типтегі білім беру мекемелері: гимназиялар, лицейлер, гимназиялық және лицейлік сыныптар бар мектептер, әртүрлі пәндерде тереңдетіп оқытатын білім

беру мектептері мен сыныптары, авторлық және жекеменшік мектептер өз үлестерін қосуда.

Дарынды білім алушыларды іздеу, пәндік олимпиадаларды, білгірлер турнирін, музыкалық және көркем өнер конкурстары мен фестивальдарын, жазғы мектеп лагерлерін, ғылыми ұйымдар ұйымдастырылуда. Кіші ғылым академиясының сессияларын, оқытушығармашылық конференцияларды дайындау және өткізу барысында іске асырылады.

Дарынды балаларды анықтау мен оқыту жөніндегі мекемелердің жұмысы Республикалық ғылыми-тәжірибелік «Дарын» орталығының құрылуымен жандана түсті. Бұл орталыққа республикадағы аталмыш категориядағы білім алушылармен жұмысты басқарудың барлық қызметтерін атқаратын басқару құрылымының мәртебесі берілген.

«Дарын» РҒПО бойынша әртүрлі ауысымдағы кәсіптік мектептер жұмыс істейді, мәселен шығармашылық ауысым, гуманиатарлық ауысым және олимпиадалық резерв ауысымы.

Елдегі дарынды балаларды оқыту мен дамытудың бағдарламалары мен үлгілерін жүйелеу мақсатында дарынды балалармен жұмыс істейтін білім беру мекемелері арасында сайыстар өткізілді. Осының бәрі Республикада дарынды балалар мен жастарды анықтау, қолдау және дамыту жүйесінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Жүйелік көзқарас құбылыстарды, олардың даму тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Әртүрлі компоненттерден тұратын жүйе қарама-қайшылықтарының бірлігі ретінде өмір сүреді. Қарама-қайшылықта, келіспеушіліктердің күресуі тек тұтастықтың факторы емес, тұтас жүйенің қозғалу, дамуының факторы болып табылады.

Дарынды балалармен жұмыс жүйесі дегенде мектептік, мектептен тыс сипаттағы, қосымша білім беру ұйымдарында оқыту-тәрбиелеу мекемелерінің өзара байланыстылығы және әрекеттесудегі басқару ұйымдарының жиынтығы түсініледі. Бұл жүйе, жүйелілік-құрылымдық тұжырым, басқару теориясы, педагогикалық үрдістің тұтастық теориясына сәйкес балалардың, ұстаздардың, ата-аналардың іс-әрекетін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, тәсілдерін, үлгілері мен әдістерін қамтиды.

Қазақстан Республикасындағы дарынды балаларды қолдау бағдарламаларының мақсаты:

- дарынды балалар мен жастарды іздестірудің, оқыту және тәрбиелеудің негізгі стратегияларын анықтау;
- Қазақстан Республикасының интеллектуалды потенциалын қалыптастырудың ортақ және үздіксіз үдерісін дамыту және қолдау;
- Талантты жастардың әлеуметтік- мәдени қалыптасуына қолғабыс ету.

Негізгі міндеттері:

- Дарынды балалар мен жастарды іздестіру, оқыту және тәрбиелеу жөніндегі іс- әрекеті реттейтін құқықтық базаны жасау;
- Дарынды балалар мен жастарды анықтау, оқыту және тәрбиелеу жөніндегі тәжірибелік іс-әрекетті дамыту үшін басқару жүйесін құру;
- Дарынды балалармен және жастармен жұмыс жасайтын педагогикалық кадрларды арнайы дайындауды ұйымдастыру;
- Дарынды балалар мен жастарды қолдау мен әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз ету;
- Оқыту үрдісінде және дәстүрлі сайыстар, пән олимпиадаларын, спорттық жарыстар, көрмелер, фестивальдер және Ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу үрдісінде дарынды балалар мен жастарды анықтау мен таңдаудың технологияларын жасау және оны жүзеге асыру;
- білім берудің жаңа технологияларын жасап шығару, жетілдіру;
- дарынды жастар мәселелері және балалардың ақпараттық алмасу бағдарламасын жасау.

Мұндай көпқырлы тапсырмаларды шешу ең алдымен дарынды балалармен мемлекеттік және мемлекеттік емес басқарылатын нысандардың барлық деңгейлеріндегі (мектептер, аймақтық білім беру жүйелері, республикалық білім беру жүйесі) жұмысты басқарумен

байланысты. Кез-келген басқару шешімдері тиімсіз болуы мүмкін, егер олардың негізінде басқарылатын нысанның күйі жайлы, әрі қажетті және жеткілікті түрдегі ағымдағы және бастапқы ақпарат жоқ болса. Бұл ақпарат дарынды балалар және жастармен жұмысының жүйесінің басты мекемелері бойынша жиналады және ең алдымен тікелей әрбір мектепте, сол үшін дарындылықтың сауатты диагностикасы болуы керек.

Дарынды баланы дамыту – әр ұстаздың парызы

Жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін нығайту, бір сөзбен айтқанда, өмірде өз жолын өзі таңдауына түрткі болу – ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы абыройлы борышы.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дарынды балаларды анықтау және оқыту мәселесі жөнінде арнайы дайындықтан өткен педагогтер, мұндай дайындықты өтпегендерден көп ерекшеленеді. Оқытылған педагогтер дарынды балаларға көбірек сәйкес келетін әдістерді қолданады, нәтижесінде оқыту жылдамдығы жоғары болады, олар танымдық үдерістердің жеделдеуіне бағыттала отырып, оқушылардың өзбеттік жұмысына ұйтқы болады. Педагогтер білім алушылардың шығармашылығының дамуына көп көңіл бөлген, олар тапсырмаларды және тәжірибелік мәселелерді шешуде стандартты емес шешімдер қабылдауларына жол беріп отырған. Педагогтер сабақтың міндеттерін нақты және дифференциялау бағыты бойынша қойылған және сәйкес материалмен, оқытудың әдістерін таңдап алған.

Педагогтің дарынды балалармен жұмысқа дайындығы мәселесі арнайы ғылыми зерттеулерді талап етеді. Бірақ қазірдің өзінде бұл дайындықтардың мазмұнының негізгі бағдарларын байқауға болады.

Педагогтердің дарынды балалармен жұмысқа дайындығының мазмұны анықтауда, іс-әрекет, дарындылық, теориясының педагогикалық үдерісінің тұтастылығына сүйену керек.

Дарынды баламен жұмыс істейтін педагогтің кәсіби біліктілігінің базалық компонентіне:

а) жалпы кәсіби педагогикалық дайындық – пәндік, психолог-педагогикалық және педагогикалық, әдістемелік білім, білік, дағдылар;

ә) педагогтың негізгі кәсіби мәнді тұлғалық сапалары.

Дарынды баламен жұмыс істейтін педагогтің кәсіби біліктілігінің арнайы компонентін құрайды.

а) *дарындылық педагогикасы мен психологиясын* (дарындылық, оның түрлері, психологиялық негіздері, анықтау өлшемдері мен ұстанымдары, дарынды баланың дербес даму ерекшелігі, дарынды баламен жұмыстың бағыттары мен түрлерін білу, т.б.) белсенді игерудің нәтижесі болып табылатын психолого-педагогикалық білім, білік, дағдылар;

ә) *педагогтің кәсіби-тұлғалық ұстанымы:*

– дарынды баламен дәстүрлі жұмыс түрлерін жүзеге асырғанша, бала дарындылығын мейілінше дамытып, белсендіруге көңіл бөлу;

– оқу үдерісін басқарып, бақылап қана қоймай, білім алушыларға оқуға еркіндік беру.

б) *педагогтің кәсіби мәнді сапалары:* танымдық және ішкі кәсіби мотивациясының жоғары деңгейі; ішкі бақылау; өзін-өзі бағалау; тұлғалық өсуге ұмтылу және т.б жатады.


Дарынды балалармен жұмысқа дайындық мотивациялық, мазмұнды үдерістік компоненттерден тұратын интегралды, тұлғаның құрылымы болып табылады.

Дайындықтың мотивациялық компоненті, бұл педагогтің дарынды балалармен арнайы жұмыстың Республиканың интеллектуалды потенциалын өсірудегі әлеуметтік мәнін түсінуі; маңызды кәсіптік сапа ретіндегі балаларға деген сүйіспеншілік, дарындыларға деген оң көзқарас, олардың мәселелерін түсіну, дарындылармен жұмыста жоғары нәтижелерге жетуге деген ұмтылыс.

Дайындықтың мазмұнды компоненті, бұл тұлғаның теориясын білу және оның қалыптасуына іс- әрекет құрылысынан қарау, дарындылықтың табиғатын, оның белгілерін, дарынды бала тұлғасының

психологиялық ерекшеліктерінің түрлерін білу, дарынды оқушыларды білу: педагогикалық үрдістің негіздерін білу.

Дайындықтың үрдістік компоненті дарындыларды анықтаудың кешенді әдістемесін білуді, оқу бағдарламасынан жоғары, қосымша материалдарды таңдай алуын, яғни дифференциацияланған оқытуды енгізу, дарындыларға шығармашылық және зерттеу тапсырмаларды талдау тиімділігін, оқытудың жаңа технологияларын пайдалану, білім алушылардың өзара психологиялық сауатты қарым- қатынасын орнату икемділігін, дарындыларға арнап олардың нақты ерекшеліктерін есепке ала отыра индивидуалды бағдарламалар құра алуын, оқытудың бағалай алуын, ата- аналарға арнап кеңестер жүргізе алуын қамтиды. Дарынды баламен жұмыста педагогтің тұлғалық және кәсіби дайындығына қойылатын талаптар белгіленген, оны Сурет 7-ден қарастыруға болады.



Сурет7. Дарынды баламен жұмыста педагогтің тұлғалық және кәсіби дайындығына қойылатын талаптар

Педагогтің дарынды балалармен жұмысына дайындығының жоғарыда көрсетілген компоненттеріне сүйене отырып сәйкес білім беру мекемелеріне, басқару құрылымдарына (РҒПО «Дарын») білім берудің облыстық басқарулары бойындағы аудандық орталықтар арнайы семинарлар, курстар, ғылыми-тәжірибелік семинарлар үшін бағдарламалар құру және осы мәселе жөнінде педагогтер біліктілігін жоғарылатуды бастау керек.

Дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтерге қойылатын талаптар:

Дарынды балалармен жұмыс барысында педагогтің әр қырынан көрінуі шарт. Алдымен кәсіптік қабілетіне талап қойылуы қажет.

1. Бақылау жүргізу қабілеті. Дарынды балаларды анықтауда тест, бағдарлама құра білу.
2. Диагностикалық тексерулерден алған қорытындылар бойынша баламен жұмыс істеу бағдарламасын құра білуі.
3. Оқу бағдарламаларын қажетіне қарай өзгерте білу.
4. Білім алушының икем бағытын нақты ажырату, оған ықпал ету жолдарын сәтті талдаудағы ептілік.
5. Арнайы оқу жоспарымен жұмыс істеу.
6. Сөйлеу шеберлігі, ой қорыту жоғарылығы.
7. Ата- аналармен байланыс жасау және кеңес бере білуі.
8. Педагог оқыту барысында кездесетін терминдермен, ұғымдармен таныс болуы керек.
9. Өз мүмкіндіктеріне үнемі баға бере білсе, өзінің әлсіз, күшті жақтарын үнемі ескеріп отыру керек.
10. Педагогтер түпкі нәтижеге жету жолында білім мен тәжірибені ұштастыра білуі керек.

Бүгінгі дарын – ертеңгі ғалым. Дарындыны айқындау мен дамыту – ұстаз парызы. Қалай болғанда да, дарынды табу үшін ең алдымен психологпен бірігіп кешенді тексерулер арқылы білім алушының бейімділігін анықтау қажет. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі

дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Демек, білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу-педагогтердің басты міндеті.

Бұл бағыттағы жұмыстың мынадай ұстанымдары тұжырымдалған:

- Баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу, яғни, жан-жақты зерттеу.

- Дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану.

- Баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау.

- Жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу, педагогтер мен ата-аналардың сипаттамалық бағалары. Баланың отбасы жағдайын зерттеу – мүмкіндік бар ма, кедергі болып тұрған жоқ па.

- Интеллектуалдық сайыстарға қатыстыру – ойлау, сөйлеу қабілеттерін байқау.

- Үйірмелер жұмысы кезінде зерттеу – өнерге, шеберлікке бейімділігін анықтау.

- Шығармалар – логикасы, ойын жеткізуі, ақындығы, жазушылығы анықталады.

- Психодиагностикалық зерттеу әдістері мен тренингтерді өткізу арқылы белгісіз қырларын анықтау.

- Пәндік олимпиадаларға қатыстыру – білімділігі, бар білімін жинақтап, қолдану қабілеті байқалады.

- Ғылыми жоба жарыстары – материал жинау, іріктеу, дәлелдеу, жеткізу.

- Пікірсайыс ойындарына – сөздік қоры, сөйлеуі, өз пікірін қорғауы, жылдам ойлауы байқалады.

Осындай жұмыстар нәтижесінде баланың дарындылық бағыты анықталады. Ол бағыттар төмендегідей болып жіктеледі:

Осындай жұмыстар нәтижесінде баланың дарындылық бағыты анықталады (Кесте 2).

Кесте 2. Баланың бойындағы дарындылығының оқу үдерісі барысында байқалуы

Дарындылық түрі	Қабілеті	Қолдану аясы, байқалатын кезі
Академиялық	түсіну, есте сақтау, оны жеткізу қабілеті жоғары	оқу-білім алуда озаттар
Интеллектуалдық	сыни ойлау, зерттеу, іздену, талдау қабілеті жақсы дамыған	ғылыми жұмыстар, құрастыру, ойлап табу
Шығармашылық	шығармашылық, түрлі өнер салалары, әдебиет, мәдениет	өлең шығару, жазу, сурет салу, ән айту,
Әлеуметтік	ұйымдастырушылық (лидерлік) қабілеті дамыған	ойын, шара ұйымдастыру
Спорттық	спорттық көрсеткіштері жоғары	сайыстарға қатысу
Көркемдік	сурет, мүсін, қолөнері, музыка	шеберлік сайыстары, аспапта ойнау

Бүгінгі уақыт талабы мәдени деңгейі мен шығармашылық қабілеті жоғары шәкірт әзірлеу. Сондықтан да білім алушыларымыздың ішкі сырын жасырын ұстайтынын ескерсек, олардың іскерлік дағдыларын және білім құмарлық талап –жігерлерін жетілдіруіміз қажет.

Білім алушылардың теориялық білімдерін іс жүзінде тиімді қолдану, дағдылар қалыптастыру жұмыстарын үнемі жүргізу оларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге әсерін тигізеді.

Ұстаз алдында отырған білім алушыларды *ерекше қабілетті, орташа деңгейдегі бала, үлгерімі нашар бала* деп үш топқа бөлуге болады. Бұл қабілеттің әр түрлілігінен туындаған мәселе. Осы тұста «Ерекше қабілетті бала деген кім?» деген сұраққа жауап беретін болсақ. Алдымен ол өз ойын еркін жеткізе алатын, талдай білетін, дәлелдеу мен қорғау шеберлігі жоғары дамыған білім алушы. Ал ең бастысы - ерекше қабілетті білім алушы педагогтің көмекшісі. Олардың миы қабылдаған

мәліметтерді қорытуға қабілетті. Демек, ерекше қабілеттілік бала бойында тәрбие мен алған біліміне байланысты қалыптасатын қасиет. Дегенмен, балалардың да ынталылығы, іскерлігі қоғам негізінде игерілетінін естен шығармаған жөн.

Ұстаз дарынды балалардың келесідей ерекшеліктерін аңғара білуі қажет:


1. Басқалардан өзгеше әрі шапшаң ойлайды, соның арқасында білімді еркін әрі молынан меңгереді, сөздік қоры мол, есте сақтау қабілеттері жоғары, зерттеуші, өзіне сенімді, қиыншылықтан қорықпайды, түсінігі мен танымы жоғары, тым сезімтал, әділетті, әзілқой;

2. Олардың физикалық тұрғыдағы ерекшеліктері - дамудағы жеделдік, ақындарша сөйлеу, жиі-жиі ойға берілуі және қиялының байлығы.

Дарындылық - адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Көбінесе “дарынды бала – бұл жақсы оқитын бала” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі Торренстың зерттеулері бұл пікірдің педагогтер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек білім алушылар ұнамайды. Торренстың зерттеулері нақ осы қасиеттер білім алушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын білім алушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан педагогтер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. Ендеше баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы екенін әр ұстаз естен шығармағаны абзал.

Үйреншікті дайын әдіс-тәсілдер баланы қызықтырмайды. Сондықтан кайткенде де баланың ойына, сезіміне серпіліс енгізуді мақсат етіп қою керек. Сан алуан әрекет арқылы ақыл-ойды ұштау, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сезімділігін, жауапкершілігін біртіндеп дамыту жолдарын іздестіру қажет. Сабақ - ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Ал осы «шығарманы» алдында отырған білім алушыларға

игерту де оңай емес. Ол үшін педагогтің біліктілігі, көптеген әдіс-тәсілдерді қолдана білуі, айтқанын білім алушы жүрегіне жеткізе алатындай шешендігі, шебер ой-өрнегі болу керек. Баланың жалпы психикалық дамуын қалыптастыру үшін ұстаз білім алушының белсенді іс-әрекетін арттыратын шарттарын назарға алуы қажет (Сурет 8)



Сурет 8. Баланың жалпы психикалық дамуын қалыптастыруда білім алушының белсенді іс-әрекетін арттыратын шарттар

Дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттердің, өмірге күштарлық, биік ізгіліктің бәрінің кілті - мыңды жығатын білімде. Жан-жақты дамыған, кез келген биік жетістіктерге қол жеткізген дарынды шәкірттеріміз өздерінің жоғары дәрежедегі ерекшеліктерін мықты тағылыммен ұштастыратын қоғам қайраткері болмасына кім кепіл?

Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгін ауадай қажет, себебі дарынды адам басқаларға қарағанда қоғамға көп пайда әкелетіні анық. Ендеше сол жұмысымыз нәтижелі болу үшін әрқашан жаңа оқыту технологиясын қолданамыз.

Жаңа оқыту технологиясы – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы. Ал *педагогтердің жаңа оқыту технологиясы* дегеніміз – бұл педагогтың мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім-амалдары мен

әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы. Жаңа оқыту технологиясын жүзеге асыруда педагог белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, шәкірттердің бағалауы ерекше орын алады. Осыған орай білім алушылардың дарындылығын арттыруда қолданылатын жаңа технологиялардың алатын орны ерекше. (Сурет 9).

Сын тұрғысынан ойлау арқылы білім алушы өз ойын еркін түрде жеткізе алуға дағдыланады. Кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарауға

Проблемалық оқыту арқылы білім алушылар бұрынғы алған білімдерін нәтижелерді қорыту, жаңа білім, іскерліктерімен ұштастыру арқылы тәжірибемен

Сатылай кешенді талдау арқылы білім алушының ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты танымдық-психологиялық қасиеттері

Сурет 9. Білім алушылардың білім арттыруда қолданылатын технологиялар.

Психологтар соңғы жылдары адам бойындағы дарындылықтың екі түрін бөліп көрсетті. Біріншісін «Туа біткен» данышпан деп, ал екіншісінің өкілін «Келе-келе қалыптасқан» данышпан деп атау қабылданған. «Туа қалыптасқан» данышпандар - Моцарт, Рафаэль, Пушкин, тағы басқалары өз туындыларында керемет қабілеттілік танытқан. Бұл топқа біздің халықтың ішінен Шоқан Уәлиханов пен Мұхтар Әуезовты жатқызыпты. Ал «келе-келе қалыптасқан» данышпандардың ең үлкен қасиеті - қажымайтын жігер, білімге деген құштарлық, өзіне-өзі қоятын талаптың қатаң болуы екен. Ондайлардың саны мол.

Психологтардың зерттеулері бойынша әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік қабілет, бейімділік болады дегенді айтады. Сондықтан баланы сәби кезінен бастап мектеп бітіргенге дейін үзбей, жүйелі түрде шығармашылыққа баулу, ақыл-ойын, икемділігін дамыту қажет.

Білім алушыларды шығармашылыққа баулу үшін бір қажеттілік - баланы психологиялық дайындықтан өткізу. Психологиялық дайындық, яғни педагогтың психологиялық әсері шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырады.

Шығармашылық шеберлік үшін білім алушыға педагогтің берер психологиялық әсері келесідей болуы шарт:

- «Сенің қолыңнан бәрі келеді», «Сен қабілеттісің», «Жаса», «Үйрен» деп баланың еркін билеп, сенім білдіру;

- білім алушының кішкентай жетістігі болса да жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу, білім алушылар басылымында өлең, әңгімелерінің жарық көруіне көмектесу;

- шығармашылық сәтте білім алушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін байқау, қамқорлық таныту;

- ақын-жазушылардың, өнер адамдарының шығармашылықтарынан қызғылықты оқиғаларды әңгіме ету;

- білім алушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебінде таныта білу, оқиға, сюжет, образ жасауда оларға сенім білдіру;

- білім алушылардың қойған сұрақтарына пейілмен жауап беру, психологиялық екпіндігін қамтамасыз ету.

Әр адамның әрекеттің бір түріне жарамдылығын көрсететін дара ерекшелік болады. Қандай да болсын бір нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Егер адамның туысында сол қабілет танылып, ол тәрбиеленбесе, оның қабілеті дамымайды.

Баланың ерекше қабілетін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында білім алушыны үзбей бақылап, рейтинг жүйесімен білімін бағалай отырып, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтауға болады.

Рейтинг жүйесін әр педагог өз пәнінің ерекшеліктеріне қарай бейімдеп жасауға болады. Осы бағытта жұмыс жасауға бел буған педагог білім алушының қабілетін сабақ кезінен бастап-ақ байқайды, білім алушының бойынан бір ерекшелікті байқағаннан-ақ тапсырманы күрделендіре түседі, өз бетінше жұмыс жүргізуге бағыт-бағдар беріп

отырады. Білім алушы тапсырманы орындағанда өзінің бойындағы барлық қабілетін аша отырып, ойланып жұмысын жалғастырады. Әр педагог бала бойындағы дарындылықты ашуды өз сабағынан бастайды.

Таланттылық пен дарындылықты дамыту үшін жаңа ұтымды әдістерді іздеу қажет. Ол әдістер білім алушылардың белсенділігіне, ізденімпаздығына, оқиғаны сын көзбен қарауға негізделген.

Осындай әдістердің бірнешеуін атай кетсек:

Оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері

Мақсат қою технологиясы

Пікірсайыс.

Ойлау қабілеттерін дамыту

Зерттеушілік оқыту технологиясы

Сурет 10. Дарындылықты дамытуға негіз болатын әдістер мен технологиялар.

Әр әдістің қысқаша мазмұнына келетін болсақ:

1. *Оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері:* ақпаратты-коммуникативті технология арқылы білім алушы жаңашылдыққа ұмтылады, интернеттен қажетті материалдар, мәліметтер жинақтайды, көреді, үйренеді.

2. *Мақсат қою технологиясы*: сабақтың мақсатын айту, соңында оған жетті ма, жетпеді ма? Жалпы педагог дарынды білім алушының сабақтағы әрбір әрекетін алдын ала жоспарлау арқылы оның ойлау, болжау, тұжырымдау секілді оқытудың негізгі зерделік көрсеткіштерін де қалыптастыра алады. Сабақтың нәтижесін мейлінше жоғары көрсеткішпен шығу үшін оны бастамас бұрын білім алушы қандай мәселеге жете көңіл аудару қажет, нені біліп, нені игеріп шығатыны туралы толық мағлұмат беріледі. Сабаққа осындай дайындықпен қатынасқан білім алушы одан көптеген жаналықты, қызықты құбылысты күтеді. Әрбір жаңа сабақ өткен сабақтың материалымен байланыстырудан басталуы тиіс. Бұл әдіс білім алушының назарын бірден сабаққа белсенді түрде араласуға аударады. Педагог осыларды ескере отырып, дарынды балалардың белсенділігі мен танымдылығын және интеллектілік – шығармашылық бағыттарын жетілдіруге әрекет жасай біледі. Егер білім алушы берілген сабақты игере алмаса немесе зейінділік танытпаса, онда оған қосымша жұмыс арқылы көмектесуге болады.

Қосымша жұмыс – дарынды баланың жеке қабілеттерін, ынта-ықыласын, қызығуын, құнды бағдарын шыңдап жетілдіреді, индивидтің тұлғалық мінез –құлқын реттейді. Сонымен бірге, білім алушы еңбегінің жемісін күнделікті бағалап отырудан да көруге болады. Өйткені, еңбегінің жемісін күнделікті бағаланатынын сезінген бала алға ұмтылып, жақсы оқуға ынталанады. Бұның негізгі мәні педагогтің білім алушының үлгеру, үлгермеушілігіне байланысты қабылдауының себебіне тәуелді. Педагог бойындағы мұндай стратегияларды жою үшін төмендегідей белгілер міндетті түрде орындалуы қажет:

1. Білім алушының мүмкіндігін шектемеу.
2. Білім алушыны психологиялық тұрғыдан зерттеп білу.
3. Бағалаудың объективтілігі, жариялылығы, оперативтілігі, кезінде атқарылуы.
4. Білім алушының сабақтағы қиыншылығын бөлісу.
5. Педагог өзінің субъективті ішкі пікірлерін жоя білу.

Бұл белгілер жойылған кезде, бала бойындағы таным әрекеті белгілі бір жүйеге енеді. Білім алушының танымдық әрекетінің жоғары деңгейде дамуы шығармашылық әрекетке әкеліп тірейді.

Пікірсайыс. Оның негізгі ерекшелігі - екі қарсылас жақ бір-бірімен белгілер ежеге сәйкес айтысады. Пікір сайыстың негізгі қағидалары: өз көзқарасын талқылау және қорғау барысында қарсыластарының жеке басына қатысты мәселелерді қозғауға тыйым салынады. Пікір сайыс достық, ізгілік пиғылда өтуге тиіс. Ойыншылардың сөзі мен қимыл-қозғалысы қарсыластарына деген құрметінің бірден-бір көрінісі болып табылады. Ойыншылар төрешінің қандай да болсын шешімін мақұлдап, қайта қаралуға жатпайтын мәлімдеме ретінде қабылдауы тиіс.

Пікір сайыста бәсекелестер дайындық барысында жиналатын дәлелдер мен басқа ақпараттарға қатысты шыншыл да абай болуы, бәсеке барысында ойыншылар бір-бірін мұқият тыңдап, бір-бірінің сөзін бұрмаламауы тиіс.

Ойлау қабілеттерін дамыту үшін «миға шабуыл» әдісін қолдану тиімді. «Миға шабуыл» - шешім табу жолында қатысушының өз ойларын еркін білдіру арқылы жүзеге асырылатын ұжымдық талдаудың тиімді әдісі.

«Миға шабуыл» әдісінің ережелері:

- Ұсынылған идеялар бағаланбайды және сыналмайды.
- Жұмыс сапаға емес, санға бағытталады, идея неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы.
- Кез-келген идеяны мүмкіндігінше кеңейтуге, дамытуға тырысу керек.
- Шектен шыққан ақылсыз идеялар да мақұлданады.
- Шабуыл уақыты шектеулі, берілген мерзімде үлгеру керек.

«Миға шабуыл» тығырыққа тірелген кезде де шешім табуға, мәселені көруді кеңейтуге, қатып қалған ойлау жүйесін өзгертуге мүмкіндік береді. Ол білім алушыларды топтастырып, қарапайым, тиімді тәсіл екенін білдіреді, қабілеттерін қалыптастыруға бағыттайды.

«Миға шабуыл» әдісінің нәтижесі:

- Білім алушылар ой-пікірлерін ашық айтады.

- Өз идеясын ұсына алады.
- Өз сөз тіркестерін, қысқартып, тұжырымдап айтуға үйренеді.

5. Зерттеушілік оқыту технологиясы

Зерттеу тақырыбын білім алушының өзі қорғауын назардан тыс қалдырмаған жөн. Ол тақырыпты ата-аналар және өз құрдастары алдында қорғай алады. Қорғау кезінде білім алушы өз жаңалығын ұсынуға үйренеді басқалардың ой-пікірін тыңдап, өзінің көзқарасын дәлелдеуді үйренеді.

Дарындылықтың негізі ізденіс пен белсенділік. «Ізденіс» бойынша жұмыс жасау білім алушылар ғылыми қоғамының жұмысы. Дарынды баламен жұмыс жасағанда білім алушы жанындағы психолого – педагогикалық және әлеуметтік, танымдық жағдайына назар аудару керек.

Кесте 3. Білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру тәсілдері.

Оқытудың сыртқы құралдарын қолданатын тәсілдер	Мазмұнға қатысты тәсілдер	Білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің сипатына қатысты тәсілдер	Білім алушылар мен педагогтердің қарым-қатынас сипатына қатысты тәсілдер
Мазмұндылық	Тарихи мәліметтер	Оқу білігі	Сабақтағы эмоционалдық әрекеттің тонусы
Көрнекілік	Белгілі білімнің жаңа аспектілерін көрсету	Оқу мәселелерін қою және шешу	Педагогтің мейірбандығы
Оқытудың техникалық құралдары	Өмірмен байланыс	Шығармашылық жұмыстар	Білім алушыларға оптимистік көзқарас

Сабақтың дәстүрлі емес түрлері (рольдік ойындар, іскерлік ойындар, т.б.)	Жаңашылдық	Зерттеушілік амал	Педагогтің ашықтығы мен табиғилығы
Жұмысты ұйымдастыру түрлері (жұпта, топта жұмыс жасау, т.б.)	Мазмұнды құрастыру	Білім алушылар оқылатын мазмұнның пәні болып табылатын дидактикалық ойындар	Педагогтің эмпатия мен рефлексияға бейімділігі

Балаға әсер ететіндер: ата-ана, педагог, қоршаған ортадағы жолдастары. Дарынды баланы анықтап болған соң, оларды дамыту жұмыстары басталады. Яғни баланың мүмкіндігін толықтыру, жүйелеу ғылыми жоба ретінде көмек беруін педагогтің тарапынан көмек көрсетіледі. Дарынды балалармен жұмыс барысында педагог үшін қалыптасқан тұлғаны дамытуға ең тиімді жолмен кеңес серияларын ұйымдастыруға себеп туғызады. Дарынды баланың жүрегіне жол тапқан ұстаз педагогикалық тұрғыдан шеберліктің қайнар көзіне айналады.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Сондықтан әрбір ұстаз бұған жол бермеуі керек». Расында, педагог мамандығын таңдаған адам баласының артына қалдыратын жарқын ізі - өз кәсібіне лайықты еңбек етіп, кейінгіге ғибратқа толы тәлім-тәрбие қалдыру болса керек.

Қазір компьютер заманы. Интернет арқылы әр түрлі байқаулар, олимпиадалар өткізіліп жатыр. Осы байқауларға білім алушыларды қатыстырып отыру керек. Бұның пайдасы болмаса, зияны жоқ екені анық.

Мектеп қабырғасында түрлі балалар оқиды. Ал адам бойындағы дарындылықты нағыз данышпандыққа айналдырудың бір ғана шарты - табиғи талантпен шектеліп қалмай, табандылықпен еңбектену. Демек, табиғи таланттарды ашу, жас талапкердің жарқырап көрінуі үшін ұстазға жүктелер міндет қандай? Ол міндет – білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жан аянбай еңбек ету. Осы жағдайға жетектелген білім алушы әрқашан да ұстаз сенімін ақтайды.

Мектеп тәжірибесінде кездесетін дарындылық категориялары

Жалпы дарындылық деңгейлері бойынша жоғары көрсеткіш танытқандар.

1. Әрекеттің нақты бір саласында жетістікке қол жеткізгендер: музыкант, суретші, математик, спортсмен. Бұларды көбінесе таланттылар деп атаймыз.

2. Мектепте үздік оқитындар, яғни академиялық дарындылар.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, дарынды балаларды анықтаудың мынадай ұстанымдары тұжырымдалды:

1) түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетін жан жақты бағалаудың кешендік сипатты;

2) баланы танып – білу мен зерттеудің ұзақтығы (баланың түрлі жағдайдағы іс-әрекетін кең уақыт көлемінде бақылау);

3) баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу (арнайы ұйымдастырылған пәндік-ойындық сабақтарға қатыстыру, сәйкесінше түрлі іс-шараларға қатыстыру);

4) баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану;

5) баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін есепке ала отырып бағалау.

Сонымен қатар балада танымдық ынталану жоғалғанда немесе тіптен болмаған жағдайда оның жасырын дарындарын диагностикалауға көмегін тигізеді. Осылайша, сауалнамалар бала бойындағы қандай да бір дарынды анықтауда пайдаланылатын әдістердің бірі ретіне қолданылады. Алынған ұпайдың артында не тұрғанын және сауалнама жүргізу мен оның берілгендерін өңдеу барысындағы болар-болмас өзгерістерді түсіну мен зерделеу үшін білікті мамандардың бақылауымен өтетін теориялық және тәжірибелік дайындық қажет. Сондықтан да сауалнаманы тиянақты дайындықтан өткен психологтар жүргізуі тиіс.

Дарынды балаларды анықтауда кешенді қадам жасау ұтымдырақ болатыны сөзсіз. Бұл тұста кең ауқымды түрлі әдістер қолданылады:

1. баланың отбасылық жағдайы, оның ерте балалық шағынан бергі жетілуі туралы ақпараттарды жинаудағы түрлі әдістер (ата-аналармен әңгіме, сауалнама алу, балалар шығармалары, күнделік жазбалары және т.б.);

2. арнайы психодиагностикалық тренингтер;

3. арнайы бағдарламалар бойынша “байқау” сабақтарын өткізу, балаларды арнайы ойын және пәндік-бейімделген сабақтарға қатыстыру;

4. арнайы бағдарлама жасау және білікті мамандардың қатысуы;

5. баланың шығармашылық жұмысының нақты нәтижелеріне (суреттер, өлеңдер, техникалық модельдер, т.б.) мамандар тарапынан сараптау.

Білім алушының дамуы мен тәрбиелілік деңгейін диагностикалаудың барлық түрлері сияқты бала дарынын анықтауда бала оқитын сыныпқа сабақ беретін педагогтердің, сондай-ақ мектеп кітапханашысы мен дәрігерінің пікірлерін ескеріп, мүмкіндігінше педагогикалық кеңестер жүргізген дұрыс. Сондықтан диагностикалық әдістер де кешенді сипатқа ие. Демек, дарынды балаларды анықтау-арнайы бағдарлама мен білікті мамандардың қатысуын қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады.

Дарындылықтың мотивациялық саласы мынадай сипатта болады:

6. танып-білуге, ақыл-ой жұмысына деген шынайы қызығу, ұмтылу және еңбектену, нәтижесіне қуану мен қанағаттанудың айқын көрінуі;

7. өз бетімен жүргізетін шығармашылық – зерттеу жұмыстарына деген ұмтылыс пен қызығушылық;

8. өзіндік қабілеттер аясында түрлі оқу және оқудан тыс уақыттағы жұмыстарға қатысуға деген ұмтылыс;

9. өзін жетілдіруге, ойларын жүзеге асыруға, өзін және өз жұмысының нәтижесін бағалай алуға қабілеттілігі мен ұмтылысы.

Танымдық компонентінің сипатты:

10. жоғары танымдық мүмкіндіктің болуы, айқын қабілеттер мен шығармашылық қабілеттердің болуы;

11. жеке жауапкершілікті түсіну, ішкі басқару тұтқасының болуы.

Субъектінің үдерісі бойынша компонентінің сипаттары:

12. жаңалық ашуға деген мақсаттылық, ікемді, жылдам, ілеспелі және шығармашылық ой өрісінің кеңдігі, зерттеушілік және шығармашылық ізденісте жүру;

13. жалпы оқу дағдылары мен қабілеттері жоғары деңгейде, танымдық қажеттілігі мақсатты әрі саналы сипатқа ие, мәселенің маңыздылығын зерделей алады;

14. өз жұмысының нәтижесіне болжам жасай отырып, өз ойының түпкі өнімін жоспарлай алады;

15. жоғары белсенділік, ойлаудағы еркіндік, алынған ақпараттарды оңай үйлестіре білу.

Бірқалыпсыздық ішкі (әлеуметтік) және сыртқы деңгейде байқалады. Әрине, кез келген адам сияқты, кез келген дарынды бала да өз алдында ерекше болып келеді. Әйтсе де біз білім алушылар дарындылығының дамуын *аса дарынды және дарынды* деген екі түрге бөліп отырамыз.

Аса дарынды балалар деңгейіне жатқызылған білім алушылар ерте жастан танып-білуге құштарлық, таңғажайыптарға деген қызығушылық танытады және оларға адамның табиғи қасиеті ретінде зерттеушілік мінез-құлық тән. Қоршаған ортаны танып-білуге деген қызығушылық біртіндеп тұрақты танымдық сұранысқа айналып, үлкен жасөспірімдік және бозбалалық жасқа келе қандай да бір білім саласындағы басымдылыққа ие болады.

Бұл жастағы балалар өзінің дарындылығын жеке өмірінің қалыптасуында маңызды екенін ғана емес, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалының дамуында да маңызды рөл атқаратындығын түсінеді.

Қандай да бір білім беру мен қызмет саласындағы анық байқалатын қабілеті бар оқушы өзін-өзі жүзеге асыруға деген қажеттілікті сезіне біледі.

Осылайша, біздің бақылауларымыздың дарынды балалармен әңгімелесу мен ой эксперименттерінің негізінде аса дарындылық деңгейінің көрсеткіштері 90-100%-ға сәйкес келуі керек.

Ал дарынды балалар ақпарат көздерімен жақсы жұмыс істей алады, академиялық үлгерімі өте жақсы. Оқу тапсырмаларын орындауда дәстүрлі емес шешімдер ойлап табады. Педагогтің жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын жүргізеді, оның мазмұнына шығармашылық элементтерін енгізеді. Оларда қалыптасқан рефлекс элементтері болғанымен, толық зерделей алмайды. Дарынды балалар барлық көрсеткіштерін 75% дан кем көрсетпеуі тиіс.

Ресей ғалымдарының пайымдауынша, жасырын дарынды балалар болады. Олар өз қабілеттерін түрлі психологиялық кедергілерге байланысты ашық көрсете алмайды.

Өмірлік және педагогикалық тәжірибе көрсетіп отырғандай, балалардың арасында ортақ және өте ұқсас қасиеттері бар балалар топтары жиі кездеседі.

Әйтсе де, білім алушылар дарындылығының дамуын:



деңгейіне деген үш түрге бөліп отырмыз.

Аса дарынды балалар деңгейіне жатқызылған білім алушылар ерте жастан танып-білуге құштарлық, таңғажайыптарға деген қызығушылық танытады және оларға адамның табиғи қасиеті ретінде зерттеушілік мінез-құлық тән. Қоршаған ортаны танып-білуге деген қызығушылық біртіндеп тұрақты танымдық сұранысқа айналып, үлкен жасөспірімдік және бозбалалық жасқа келе қандай да бір білім саласындағы басымдылыққа ие болады. Осы танымдық сұраныс табиғи қабілеттермен, яғни ой-өрістік немесе арнайы қабілеттермен (математикалық, музыкалық, техникалық, бейнелеу, спорт және т.б.) «коректенеді».

Үлкен мектеп жасында — өмірлік көзқарастың қалыптасуы, өмірдің мәні мен келешек мамандықты таңдау шағында құндылықтар жүйесі (отбасы, Отан, бейбіт өмір, ұлтаралық қатынас мәдениеті және

т.б.) жинақтала бастайды, олардың ішінде қайталанбас, ерекше қабілеттермен байланысты қызметтері маңызды орынға ие.

Бұл жастағы балалар өзінің дарындылығын жеке өмірінің қалыптасуында маңызды екенін ғана емес, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалының дамуында маңызды рөл атқаратындығын түсінеді.

Қандай да бір білім беру мен қызмет саласында анық байқалатын қабілеті бар білім алушы өзін-өзі жүзеге асыруға деген қажеттілігін сезіне біледі. Оларға бәсекелестік пен көшбасшылық сияқты қасиеттер тән, сондықтан да олар түрлі байқаулар, олимпиадалар, конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, марапатталады.

Мұндай білім алушылар түрлі деңгейлік жарыстардан өте келе республикалық және халықаралық білім сайыстарына қатысуға іріктеледі және жоғары білім алу үшін республикалық, алыс-жақын шетелдік атақты оқу орындарына сөзсіз оқуға түседі. Осы жетістіктерге бұл топтағы дарынды балалар өздерінің жоғары ой-өрісі мүмкіндіктерінің арқасында ғана қол жеткізеді. Ой-өріс мүмкіндіктеріне: ойлау абстрактілігі, жоғары зейінділік пен тамаша есте сақтау қабілеті жатады. Бұл топтағы балалар кез келген мәселелерді шешуде ерекшелікке ұмтылады, карама-қайшылықтармен туындайтын мәселелерде көрегендік танытады. Осындай ойлау мен есте сақтау деңгейінің арқасында мұндай білім алушылар «жаттандылыққа» салынбай-ақ, өте жақсы оқиды, оқу материалын оңай игереді. Сонымен қатар белгілі түсініктер мен тұжырымдар аясындағы білімдерін құрылымдап, пәнаралық байланыстарды орната алады.

Аса дарынды балалар үшін мектептің оқу бағдарламасының көлемі тарлық етеді. Олар педагогтермен ата-аналардың көмегі арқылы, сондай-ақ өз бастамалары бойынша білімдерін жетілдіріп, жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізе отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады.

Аса дарынды балалар бозбалалық жаста толыққанды тұлға болып көрінеді. Олар өз бетімен жұмыс істеу, еңбексүйгіштік, төзімділік, жұмыс орындаудағы ұқыптылықпен ерекшеленіп, педагогпен ата-ана тарапынан бақылауды қажетсінбейді де, олардың бойында біртіндеп өзін-өзі бақылау мен бағалау дағдысы қалыптасады. Оларға түрлі қызмет аясындағы өзін жүзеге асырумен тұғырландыра түсу тән.

Осылайша, дарынды балалармен әңгімелесу мен ой эксперименттерінің негізінде аса дарындылық деңгейі көрсеткіштері 90-100%-ға сәйкес келуі керек.

Екінші деңгейді біз «дарынды балалар» деп атадық. Оларға дарындылықтың белгілерінің барлық көрсеткіштері тән. Оларға танып-білу, танымдық қызығушылық, белгілі білім беру мен қызмет саласындағы еңбекке бейімділік жатады және осының негізінде танымдық қажеттілік туындайды.

Осы топқа жатқызылған жоғары сыныптағылар ел экономикасы, ғылымы мен мәдениетінің дамуын жақсы біліп, туындап отырған көптеген мәселелерді түсінеді, сондықтан олар өз қабілеттерін дамытып, жоғары білім алуға талпынады да, өзінің болашақ біліктілігін белгілі бір қызмет саласына жұмсауға тырысады. Алайда, мұндай білім алушылар құндылықтарының арасында жеке мүдделер артық тұрады.

Дарынды балалар мектеп өміріндегі түрлі жұмыстарда айтарлықтай, әсіресе олардың қабілеттерімен байланысты жұмыс аясында белсенділік танытады. Олар педагогтің жетекшілігімен аудандық, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі жарыстармен байқауларға қатысуға ұмтылады.

Бұл топтағы балалар ой-өрістік және арнайы қабілеттерімен дараланады. Мұндай балаларда психикалық процестер едәуір жақсы дамыған. Олар: ой операциялары, есте сақтау, зейін, елестету мен тілдесу. Ақпарат көздерімен жақсы жұмыс істей алады. Жалпы оқу мүмкіндіктерінің арқасында жақсы оқиды (танымдық қызығушылығы мен қабілеті бар пәндер бойынша), академиялық үлгерімі өте жоғары болып келеді. Оқу тапсырмаларын орындауда дәстүрлі емес шешім табуға ұмтылып, жиі мектеп бағдарламасы ауқымынан асып кетеді де, педагогтің жетекшілігімен түрлі ғылыми жұмыстар жасайды (рефераттар, бақылаулар және т.б.).

Жалпы оқу дағдылары жеткілікті әрі зерттеушілік әрекетте түрлі тәсілдерді игере отырып, оның мазмұнына шығармашылық элементтерін де қоса ұштастырады. Алайда, олар көбінесе берілген жұмысты тікелей педагогтің көмегі мен бақылауы арқылы орындайды. Оларда зерттеу сатылары бойынша шешім қабылдаудағы жеке жұмыс стилі жеткілікті жағдайда қалыптасып үлгермеген.

Дарынды жоғары сынып білім алушылары сыныптан тыс уақыттағы іс-әрекет барысында өз қабілеттерін жүзеге асыруға

тырысады (КТК, кештер, ойындар, байқауларға және т.б. қатысады).

Бұл топтағы білім алушылар оқу және оқудан тыс жұмыстағы жетістіктерін басқара алады. Оларда қалыптасқан рефлекс элементтері болғанымен, толық зерделей алмайды.

Ой-өрісінің деңгейі жоғары, қабілетті, тәрбиелі, еңбексүйгіш, жауапкершілігі мол, күш-жігері жоғары балалар мектепті жетістікпен бітіріп, жоғары оқу орына түсу үшін үлкен күш салады.

Осылайша, дарынды балалардың бұл тобы өздерінің келешек дамуында жеткілікті мүмкіндікке ие болып, еліміздің өз бетімен ой тұжырымдай алатын, шығармашыл азаматтарының қорын молайтуға қабілетті. Дарынды балалар барлық көрсеткіштерін 75%-дан төмен көрсетпеуі тиіс.

Сондай-ақ орташа дарындылық деңгейіне жатқызылатын балалар да болды. Біз Дж.Рензуллидің дарындылық концепциясымен келісеміз, ол «ой-өріс сауалнамасы мен жетістіктер сауалнамасы бойынша жоғары бағамен бағаланған білім алушылар дарынды балалар контингенті ауқымдырақ көрсетілуі мүмкін» деп айтылады.

Білім алушылардың бойында сауалнама арқылы анықталмайтында қабілеттер бар. Сонымен қатар, Ресей ғалымдарының пікірі бойынша жасырын дарынды балалармен дарынды, бір-ақ жетістікке жетуі қиын балалар да кездеседі (Сильвия Б.Римм). Сондықтан, біздің көзқарасымызша, дарынды білім алушылар контингентінің едәуір үлкен тобын дәл осы балалар құрайды.

Осы топтағы балалардың өзінің жетілуі мен дамуы, тәрбиесі, қызығушылығы және қабілеттері әр түрлі болып келеді. Дегенмен, бұл балалар бастауыш сыныптарда сөзсіз жақсы оқиды. Орта буында олардың жетістіктері, әсіресе математика, әдебиет сияқты пәндерден төмендейді. Мұның себептері де әр түрлі: бастауыш сыныптан жоғары сыныпқа көшу, оқудағы қабылдаудың төмендігі, жалпы оқу дағдыларының қалыптасуы, өтпелі кезең және басқалар, мысалы, ойды жинақтауға қабілетсіздік, баяулық, қиялшылдық, берілген тапсырманы соңына дейін орындамау және ұйымдастырылмағандық (*орташа дарындылық*). Оқуда жетістіктерге жете алмай, мұндай балалар өз қабілеттеріне деген сенімді жоғалтады.

Жасырын дарыны бар балалар өз қабілеттерін ашық көрсете алмайды (түрлі психологиялық кедергілерге байланысты). Бірақ, сәйкес ынталандыру шараларынан кейін (ойындар, байқаулар, жетістікке

жететініне сендіру және т.б.) мұндай балалар өз қабілеттерін көрсете бастайды (белгілі бір оқу пәні, тәжірибе жұмыстарында, спортта және т.б.).

Көп жағдайда (психофизиологиялық, арнайы сипаттағы себептерге байланысты) дарындылық кеш байқалуы мүмкін. Бұл топтағы балаларға жоғарыда айтылып кеткен қабілеттердің 50%-ы тән болуы тиіс.

Демек, орта деңгейлі дарынды оқушылар түрлі сипатта, бұл балаларда жасырын мүмкіндіктер көп болады. Дәл осы жағдай мектеп, ата-аналар, әлеуметтік-психологиялық қызмет өкілдеріне үлкен мәселе болып отыр.

Дарынды балаларды дамыту технологияларына шолу

Әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық потенциалына байланысты. Олай болса, егеменді еліміз Қазақстанда дарынды баланы дамыту мен анықтаудың қажеттігі туындап отыр. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, қоғамның жаңа талап-тілектері мен әлеуметтік сұранысын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық тұрғыда ойлаушы, тәуелсіз жеке адамды дербес шешім қабылдауға бейім ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр. Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, білім алушылардың жеке басының қабілеттілік жақтарына терең үңіле бермейміз.

Елдің интелектуалды потенциалының және прогресінің негізі ретіндегі адам дарындылығы тұқым қуалаушылықтың және қажетті әлеуметтік жағдайлардың, сондай-ақ білім берудің де нәтижесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі реформа оқу мекемелерінің типтерін, білім берудің мазмұнын, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың үлгілері мен әдістерін, білім алушылардың оқу және тәрбиесін жетілдірудің амалдарын түбірлі жанартуға негізделген.

Соңғы жылдары педагогикалық ғылымға және тәжірибеге «педагогикалық инновациялар», «жаңа енгізулер», «жаңалықтар», (сияқты педагогикалық түсініктер енді) «педагогикалық немесе білім

беру технологиялары» сияқты түсініктер енді. Оларды басқа оқу-тәрбиелік міндеттермен қатар іске асыру дарынды балалар мәселесін шешуге де көмектеседі.

Ғалымдар педагогикалық технологияларды педагогикалық үдерісті құрудағы психолого-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы ретінде, педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған әдіс-тәсілдер мен амалдар ретінде, білім оқушылар мен педагогтердің ортақ іс-әрекетін ұйымдастырудың моделі ретінде әртүрлі тұрғыдан қарастырады.

Қазіргі уақытта педагогикалық тәжірибеде педагогикалық технологиялар туралы көп мәліметтер жинақталған. Мәселен, педагогикалық үдерістің тұлғалық бағытталуының негізіндегі педагогикалық технологиялар (ынтымақтастық педагогикасы Ш.А.Амонашвилидің адамгершілік-тұлғалық технологиясы, Е.Н.Ильиннің адамды қалыптастыратын пән ретінде әдебиетті оқыту жүйелері). Білім алушылар іс-әрекетін жеделдету және күшейту негізіндегі педагогикалық технологиялар (ойындық технологиялар, мәселелік оқыту, басқа тілдік ортадағы коммуникативтік оқыту технологиясы (Е.И.Пассов)).

Оқу үдерісін басқару мен ұйымдастыру тиімділігі негізіндегі педагогикалық технологиялар В.Ф.Шаталовтың технологиялары, С.Н.Лысенкованың оқу материалының сызбалық және белгілік модельдері; басқару кезінде сызбаларды қолдану арқылы алға бастыратын оқыту, деңгейлік дифференция технологиялары, балалардың қызығушылықтары бойынша бөлшектенген оқытудың мәдени-тәрбиеленуші технологиясы (И.Н.Занкова), оқытуды жеке-даралау технологиясы (Ингс Унт, А.С.Границкая, В.Д.Шадриков), оқытуды бағдарламалау технологиясы, оқытудың ұжымдық тәсілі (А.Т.Ривин, В.К.Дьяченко, Т.Кусаинов) топтық технологиялар, оқытудың компьютерлік технологиялары.

Материалдарды дидактикалық жетілдіру мен қайта құру негізіндегі педагогикалық технологиялар: «Экология және диалектика» Л.С.Тарасов, «Мәдениеттер диалогі» (В.С.Библер, С.Ю.Курпанов), дидактикалық бірліктерді ірілендіру-ДБІ (П.М.Эрдниев), ой әрекеттерін сатылы қалыптастырудың идеяларын іске асыру (М.В.Волович).

Жеке пәндік педагогикалық технологиялар: сауаттылыққа ерте қарқынды оқыту (Н.А.Зайцев), тапсырмаларды шешу негізінде математикаға оқыту (Р.Г.Казанкин), физикаға сатылы оқытудың жүйесі (Н.Н.Палтышев).

Альтернативті технологиялар: Вольдорфтік педагогика (Р.Штайнер), Еркін еңбек технологиясы (С.Френе), Мүмкін болатын білім беру технологиясы (А.М.Лобок), Шеберханалар технологиясы.

Табиғи сабақтас технологиялар: өзін-өзі дамыту технологиясы (М.Монтессори).

Дамыта отырып оқыту технологиясы (Л.В.Занков, В.В.Давыдов), тұлғаның шығармашылық сапаларын дамытуға бағытталған дамытушы оқыту жүйесі (И.П.Водков, Т.С.Альтшуллер, И.П.Иванов), тұлғалық бағытталған дамытушы оқыту (И.С.Якиманская), өзін-өзі дамытушы оқыту (Т.К.Селевко).

Авторлық мектептердің педагогиканың технологиялары: бейімдеуші педагогика мектебі (Е.А.Ямбург, Б.А.Бройде), «Орыс мектебі» моделі, өзін-өзі анықтаудың авторлық мектебінің технологиясы (А.Н.Тубельский), мектеп саябақ (М.А.Балабан), Агроемектеп (А.А.Католиков), Ертеңгі күн мектебі (Д.Ховард).

Қазақстан Республикасында, сондай-ақ әртүрлі педагогикалық технологиялар сыналатын авторлық мектептер, эксперименталды алаңдар дамытылуда. Бұл технологиялардың барлығы бар балаларды, сондай-ақ дарынды балаларды оқытудың тиімділігінің жоғарылауына септігін тигізетінінде күмән жоқ.

Дарынды балалармен жастарды анықтауда және қолдауда келесі тенденцияларды жүзеге асырудың маңызы зор:

- білім беруді дифференциациялау-мектептердің үлкен өзгергіштігіне ұмтылу (лицей, гимназиялар, колледждер, қосымша білім беру ұйымдары);

- мемлекеттік стандарттарды енгізу және оқушылардың жеке-дара қабілеттеріне сәйкес оқытуды бөлшектеу;

- қоғамды демократияландыру және білім беруді басқаруды ортақтандыру мектептер мен оқушыларға әртүрлі бағдарламалар мен

оқулықтар бойынша, сондай-ақ өздерінің де авторлық бағдарламалары бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қабілетті білім алушыларды ары қарай оқытуда таңдалған мамандық бойынша оқыту көкейкесті.

Педагогикалық технологияларды тікелей мектептерде және сыныпта жүзеге асыруда дарынды балалармен жұмыс істеуге тілектері бар педагогтерге дамытушы білім беруші ортаны арнайы модельдеу керек. Балада табиғи алғышарттарды дамытудың өте маңызды жағдайы болып «Мен- концепциясын» ерте құру, яғни оның басқа адамдармен әрекеттесуі негізіндегі өзі туралы түсініктер жүйесін құру және оқу үдерісінің жоғарғы қарқындылығы маңызды болып табылады.

Бұл ұстанымды жүзеге асыру кезінде ғалымдар дәлелдегендей білім алушылар оқытудың деңгейінің 80%-на қол жеткізді;

- оқу жұмысының фронтальды, топтық және жеке-дара үлгілерін тиімді тіркестіру;

- оқытудың белсенді, зерттеу әдістерін: тәжірибелерді, жобалар дайындау, оқу рөлдік ойындарын т.б.қолдану;

- бағалау, өзара бағалау және өзін-өзі бағалаудың жүйесін тиімді қолдану;

- оқытуда жағымды «табыс ахуалын қалыптастыру».

Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын дамытушы білім беру ортасын модельдеу көбінде педагог тұлғасына, оның эрудициясына, балалар дарындылығының мәні жөніндегі біліміне, білім алушыларға деген оң демократиялық қатынасына байланысты болады.

Дамытушы білім беру ортасы «мектеп-зерттеулерді», «мектеп жобаларды», «мектеп-шығармашылықтардың» жұмыс жасауына жағдай жасайды. Бұл үшін оқушыларды ғылыми- таным әдісі арқылы ой еңбегінің мәдениетіне оқыту керек. «Зерттеу іс-әрекетіне кіріспе», «Шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру» сияқты арнайы курстардың оқылғаны жөн.

Әдістемелік жоспарда дарынды балаларды оқыту үрдісі интеллектуалды, тәжірибелік мәселелерді шешу, яғни мәселелік ұстанымына сәйкес құрылуы керек. Сондай-ақ оқытудың диалогтық әдістерін, дискуссияларды, ойындық әрекеттерді қолданған жөн.

Дарынды балаларға арналған бағдарламалар жұмыстың оқудан тыс үлгілерімен және білім алушылардың жеке-дара іс-әрекетімен тығыз

байланысты болуы керек (жеке және ұжымдық сипаттағы интеллектуалды жарыстар, ғылыми- тәжірибелік конференциялар, брифингілер, «дөңгелек үстелдер» ж.т.б.).

Дарынды балаларды оқытудағы қосымша білім берудің рөлі

Бұл ретте жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі қосымша білім беруді дамытудың маңызы зор екені айтпасақ та түсінікті. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012--2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында қосымша білім беру жүйесінің балалардың шығармашылық озық идеяларын дамытып, қоғамдық ортада өзінің орнын жақсы білуі, білімділігі мен ұтқырлығына сенімді болуы арқасында ел дамуына өзіндік үлесін қоса алатын тұлға қалыптастыруда зор рөл атқаратыны атап көрсетілген. Ол орынды. Өйткені, қосымша білім беру қызметі білім алушылардың алған білімін қабілеттеріне сәйкес іске асыруына көмектеседі, олардың бойында алғашқы кәсіби білім дағдыларын қалыптастырады.

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық, өлкетану-туристік, экология-биологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық, көркем-эстетикалық, музыкалық бағыттар бойынша 680 қосымша білім беру ұйымдары жұмыс істейді және олар 600 мыңға жуық немесе жалпы бала санының 21,3 пайызын қамтып отыр.

Балаларды қосымша біліммен қамтуда Батыс Қазақстан (83,3 %) және Қостанай облыстары (62 %) алда келеді.

Қарағанды облысында оқушылардың (44,9%), Шығыс Қазақстан облысында (36,5%), Астана қаласында (33,1%), Ақтөбе (30,2%), Павлодар (26,3%), Солтүстік Қазақстан (23,8%), Маңғыстау облыстарында (20,8%) қосымша біліммен қамтылған. Ең төмен көрсеткіш – Оңтүстік Қазақстан облысының еншісінде (7,0%). Сол сияқты Қызылорда, Атырау, Алматы, Жамбыл, Ақмола облыстарында, Алматы қаласында да жағдай мәз емес.

Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында Жас туристер, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында

Жас техниктер, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында Жас натуралистер стансалары жоқ. Ал Атырау, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында Балалар көркемсурет мектептері ұйымдастырылмаған.


Дегенмен, соңғы жылдары елімізде қосымша білім беру жүйесі дамып, кеңейіп келеді. Қазір қосымша білім беру ұйымдарында 17325 педагог қызмет атқаруда. Олардың қажырлы еңбегі, тынымсыз ізденісінің арқасында жалпыға бірдей орта білім беретін 7 372 мектепте 53 272 үйірме ұйымдастырылып, барлық оқушылардың 35,1 пайызы қосымша білім берумен қамтылды.

Сапалы білім беруді қамтамасыз ету білім беру мекемелерін оңтайландыруды, материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен және дәйекті түрде жаңғыртуды талап етеді. Осыған орай, Астанадағы Оқушылар сарайында ұлттық интерактивті парк іске қосылды. Оқушылар сарайы — балалар мен жасөспірімдердің дамуына арналып жасалған қосымша білім беру мекемесі.

Оқушылар сарайы қызметінің білім бағытындағы басты мақсаты — Астана қаласындағы және де Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдердің шығармашылықтарын шыңдауда барлық жағдай жасау (психологиялық – педагогикалық, материалды –техникалық және т.б.).



Сурет 11. Астана қаласындағы Оқушылар сарайы



Оқушылар сарайының негізгі міндеті, ол қосымша білім беру болып табылады: ғылымның негізгі бағыттары бойынша зияткерлік білім алу- математика, химия, биология, микробиология, фармацевтика, экология, биотехнология, физика, астрофизика, ядролық физика, іс-тәжірибелік және бақылаушы астроном, информатика, бағдарламалау тілдері, интернетті жобалау, нанотехнология және жаңа ақпараттық технологиялар; **техникалық шығармашылық** – радиоэлектроника, құрастырулар және робототехника, әуе-зымыранды үлгілеулер, ғарыштық үлгі дайындау, кеме үлгісін жасау, автомобилдеу, **лингвистика** – шет тілдерін оқыту және **оқушылардың көркем эстетикалық бағытта білім алуы** – бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы қол өнер және қазіргі заман дизайны, әртістік шеберлік, би, ән-әуез, аспапты музыка, **дене шынықтыру тәрбиесі** – хоккей, мәнерлеп сырғанау, жеңіл атлетика, жүзу, көркем гимнастика, каратэ, дзюдо, грек-рим күресі, «Қазақ күресі», «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», үлкен теннис, баскетбол, футбол және де т.б.

Оқушылар сарайында 14 бағыт бойынша 137 үйірмелер мен секцияда 10 000 –дай бала өз білімдері мен қабілеттерін жетілдіріп шыңдауда:

1. Жаратылыстану-математика ғылымдары;
2. Техникалық шығармашылық;
3. Информатика;
4. Лингвистика;

5. Медиаорталық;
6. Бейнелеу өнері;
7. Хореография;
8. Вокал;
9. Аспаптық музыка;
10. Спорт және туризм;
11. Киім үлгілеу және құрастыру;
12. Театр және цирк;
13. Әскери-патриоттық тәрбие;
14. Мәдени іс-шаралар.

Сарайда 146 қосымша білім беру педагогтары қызмет атқаруда, оның ішінде: бөлім жетекшілері-14, әдіскерлер-10, мәдени іс-шараларды ұйымдастырушылар-4, үйірме және спорт секциялары жетекшілері-141. Педагогтардың сапалық құрамы: ҚР білім озаттары-5, жоғарғы дәрежелі педагогтар-15, бірінші дәрежелі -8, екінші дәрежелі-7.

Оқушылар сарайының білім беру қызметтерінің іске асырудағы ең маңызды шарт, оның бөлімшелері және кәсіптік кәсіпорындардағы педагогтар, ҒЗИ-мен, мәдениет орталықтарымен, ЖОО -мен, ғылыми қоғаммен және ҚР – дағы жеке белгілі мамандармен сарайдың байланыс жүйесін дамыту болып табылады. Жоғарыда айтылған байланыстарсыз Сарайдың білім беру жүйесі мүмкін емес. Ғалымдармен, мамандармен, кәсіби музыканттармен, педагог-зерттеушілермен тығыз және мүдделі әріптестік байланыстарды сақтап және де оны әрі қарай жетілдіру қажет. Бұл іскерлік және достық байланыстар мүмкін және қажет болған жағдайда келісім–шарт арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Оқушылар сарайы төмендегі ЖОО іскерлік байланыстарды тиімді жалғастыруда:

- Назарбаев Университеті;
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті;

-С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық Университеті;

-Астана Медициналық Университеті;

-Қазақ Ұлттық Өнер Университеті;

Қосымша білім беру педагогтары арасында көптеген ғалымдар, ҚР-ның мәдениет қайраткерлері белгілі мамандар және де танымал спортшылар қызмет атқаруда. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ–нің профессорлары, 4 – ғылым докторлары, 5-ғылым кандидаттары, 5-доктор, ҚР Суретшілер Одағының мүшелері-5, РФ шығармашылық суретшілер Одағының мүшелері-2, Халықаралық суретшілер Ассоциация мүшесі-1, ҚР Мәдениет қайраткерлері-4, әр түрлі спорт түрлерінен чемпиондар-9, спорт шеберлері-12.

Материалдық –техникалық қамтамасыздандырулар:

Оқушылар сарайының даму Концепциясының жүзеге асырудың маңызды шарты – материалдық –техникалық базаны күшейту болып табылады.

Оқушылар сарайы басшылығы материалдық –техникалық базаны қамтамасыз ету мақсатында, Астана қаласы Білім Басқармасына және ҚР Білім және Ғылым Министрлігіне ұсыныстар жасайды.

Қазіргі таңда Сарай, даму Концепциясын жүзеге асыруда төмендегідей мүмкіндіктерге ие:

-панорамалық және сфералық әсері бар Планетарий, 3D – технологиясын қолданатын жобаланған ғаламшар әлемі, Обсерватория;

-300 орынды көпқызметті Концерт залы, 500 орынды драма театр;

-интернеторталық;

-медиаорталық;

-қысқы бақ;

-264 орынды пікірталас, форум өткізетін залы;

-балалар драма театры;

- жеңілатлетика залы, баскетбол залы;
- күрес және үлкен теннис залы;
- халықтық, спортты-балды, қазіргі заман би залдары;
- қазақ ұлт аспаптар оркестрі;
- театр, хор студиялары;
- көркем галерея;
- мұз айдыны, жүзу бассейні.

Ғылыми зертханаларды жабдықтау үшін жаңа техникалық құралдар (сымсыз планшетниктер, ноутбуктер, сенсорлы сымсыз интерактивті тақталар, ән сабақтарын өткізуге арналған SoftMozart, 3D үлгілерді дайынауға арналған станоктар, жабдық – қоғамдық орындарға LCD-дисплейлер, адамның көрінуін визуализациялау эффектісі бар дыбысты платформа тақтасы), оргтехника, канцелярия тауарлары, бейнелеу өнеріне арналған материалдар және көрнекті құралдар; дыбыс жазу студиясы толық жабдықталды және жиһаздар сатып алынды.

Білім алушылар үйірмелер және спорт секциялары туралы, Сарайдың оқытушылық құрамы жайында толық мәліметтерді алулары үшін ақпараттық дүңгіршік жасалады.

Оқушылар Сарайы басшылығымен 2012-2015 оқу жылдарына арналған білім беру және тәрбиелік іс-шаралар бағдарламасының даму Концепция бағдарламасы құрастырылған.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан ғалымдарының форумында Астана қаласының Оқушылар сарайында балалар мен жасөспірімдер үшін Ұлттық интерактивті парк құруды тапсырды.

Оқушылар сарайының Ұлттық интерактивті паркі заманауи ғылыми зертханалармен, спорт жабдықтарымен және интерактивті экспозициялармен жабдықталған. Ол зерттеулер жүргізу мен танымдық белсенді қызмет үшін мүмкіндіктер жасай отырып, келушілердің

білгірлігін дамытуға және шығармашылық қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Оқушылар сарайы Астана қаласының білім алушыларына, тұрғындары мен қонақтарына интерактивті парктің негізгі үш кластерін ұсынады. Олар: «Ғылым мен технология», «Спорт және денсаулық», «Өнер, би және музыка». Әрбір ауқымды бағыт бірнеше шағын экспонаттардан тұрады. Экспонаттар Оқушылар сарайында төмендегі ретпен орналасқан.

1-қабат: Кинетикалық мүсін. «Көпбейнелі айналым».

3-қабат: «Анатомия», «Спорт», «Адам организмінің мүмкіндіктері», «Сезім және қабылдау», «Табиғат пен Жер туралы ғылым» («Биология», «География», «Геология», «Ауыл шаруашылығы туралы ғылым», «Судың физикалық күйі»).

4-қабат: «Математика», «Бүлдіршіндерге арналған аймақ», «Астрономия», «Физика», «Нанотехнология», «Аэродинамика мен сұйықтық механикасы», «Энергияның альтернативті қайнар көздері» (оның ішінде атомдық, күн сәулесі, жел, су), «Сандық өндіріс» (Fablab), «Өнер және мүсін», «Сән», «Музыка және би», «Ресми емес ұшатын нысан».

Бүгінде, Астана қаласы Білім Басқармасы МКҚК «Оқушылар сарайы» алға қойылған мақсаттарға сай өзінің шығармашылық жоспарларын сәтті жүзеге асыруда.

Сонымен қатар, мұндай игілік Алматы, Жаңаөзен, Шымкент, Павлодар және Өскемен қалаларында орналасқан Оқушылар сарайларында жүзеге асырылуда.

Таяуда барлық 167 Шығармашылық үйі, орталық, Жас техниктер стансалары «Робот-техника» кешенімен, Астана қаласындағы, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарындағы жыл бойы жұмыс істейтін 5 сауықтыру орталығы заманауи жаттығу құрылғылар залымен жабдықталмақ. Барлық (18) Жас натуралистер стансалары заманауи жоғары технологиялы жылыжайлармен қамтамасыз етіліп, балалар музыка мектептеріндегі (202) музыкалық жабдықтар, жас туристер стансаларының туристік-экспедициялық жабдықтары жаңартылады.

Осындай өркенді өзгерістерден еліміздің жоғары оқу орындары да шет қалып отырған жоқ. Мәселен, Маңғыстау педагогикалық технологиялар институтында «Квант», «Информатика», «Интеграл», М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Менделеев дәулеті» үйірмесі және «Архимед» зертханасы жұмыс істейді. Алматы қаласының жаңа технологиялар колледжіндегі және №1 кәсіби лицейіндегі «Заманауи технологиялар» үйірмесіне қатысушылар саны да жылдан-жылға көбейе түсуде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанынан 2004 жылы құрылған Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, білім алушыларды каникул кезінде сауықтыруға, олардың бос уақыттарын ұтымды ұйымдастыруға қатысты педагогтерге арналған әдістемелік нұсқаулар, балалардың өнер, көркемсурет, музыка мектептерінің білім беру бағдарламаларын әзірлейді.

Елбасының тапсырмасы бойынша ғылыми-техникалық және экология-биологиялық шығармашылықпен айналысатын балалар мен

жасөспірімдерге арналған «Экоәлем» және «Темірқазық» танымдық журналдары жарық көрді.

Қосымша білім беру саласының ғылыми-техникалық бағыты оқушыларды отандық және әлемдік ғылыми-техникалық жетістіктермен таныстыра отырып, шығармашылық ізденістерге жетелесе, өлкетану-туристік бағыты бойынша жүргізілетін зерттеулер балаларды туған топырағында қандай киелі ескерткіштер бар екенін біліп, әйгілі және белгісіз жерлестерінің аттарын жаңғыртып, бүгінгі күнге дейін сақталып келген көне жәдігерлермен танысуға мүмкіндік береді. Экология-биологиялық бағытындағы үйірмелердің де берері мол. Мұнда балалар табиғат таңғажайыптарымен танысады, қоршаған ортаны қорғаудың маңызын түсінеді, бойларына жоғары рухани-адамгершілік сезім мен жауапкершілік қасиеттерін сіңіреді.

Ал қосымша білім берудің эстетикалық бағыты өнердің барлық салалары арқылы білім алушының дүниетанымын кеңейтіп, оларды шынайылық пен әсемдікті сезіне білуге, халықтық қолданбалы өнер, ұлттық музыка және театр өнерін жаңғыртуға, шығармашылық ізденістерді ынталандыруға баулиды.

Қосымша білім беру әр балаға білім саласын, бағдарламалар профилін, оларды меңгеру уақытын еркін таңдауға мүмкіндік береді. Осындай мақсатпен білім алушылардың қосымша білім беру жүйесіндегі көптеген шығармашылық бірлестіктері мынадай бағыттарды қамтиды (Кесте 4.):

Кесте 4. Қосымша білім берудің бағыттары

Қосымша білім берудің бағыттары	Ұйымның атауы мен түрі
	«Балалықтың ырғақтары» хореография

Көркем-эстетикалық	«Балауса» спорттық балдық би	
	«Ғажайып гүл шоғы» бисер тоқу	
	«Эдельвейс» вокальды ансамбль	
	Театрлық	Көркем сөз
		Классика (ағылшын)
		Қуыршақ театры
Эстрадалық миниатюралар театры		
	КВН	
	Ермек саз анимациясы	
	Қуыршақтар әлемі («Ғажайып қима» үйірмесі)	
	Көркем-қолданбалы шығармашылық	
Ғылыми-техникалық	Техникалық үлгілеу	
Дене-спорттық	Аэробика	
	Баскетбол	
	Таэквондо	
Туристік-өлкетану	Саяхат	
Мәдениет танымдық	Тілші	Ағылшын секциясы
		Неміс секциясы
		Француз секциясы
		Испан секциясы
		Қытай секциясы
		Әлем тану (ағылшын)
		Әлем тану (неміс)
		Техникалық аударма (ағылшын)
		Техникалық аударма (нем.)
	Француз әдебиеті	
	Цицерон (риторика)	
Әлеуметтік-педагогикалық	Әлеуметтік жоба	
	«Өтпелі жас» балалар ұйымы	
	Баспасөз орталығы «Айқын»	
	Шығармашылық ойлауды дамыту	
Әскери-патриоттық	«Әскери даңқ» ғылыми-ізденіс орталығы	
	Мектеп мұражайының қызметі	
Жаратылыстану-ғылыми	Эврика	
ғылыми	Интернет	
	Жасыл әлем	
	Саяхатшылар әлемі	
	ОҒҚ	Филология бағыты

		Этнография
		Әдебиет
		Тарих , т.б.
Қорытынды		

Баланың дарындылық деңгейін диагностикалау және дамыту

Қазір әртүрлі елдерде дарынды балаларға әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмек берудің арнайы бағдарламалары жасалып, қолданылуда. Дамыған елдерде, сондай-ақ біздің мемлекетімізде де дарынды балаларды анықтау және диагностикалау жүргізіліп жатыр.

«Диагностика» оқыту тәжірибесіндегі «білім, білік, дағды, іскерлікті тексеру» ұғымын қамтығанымен, одан мазмұны, мақсаты жағынан ауқымды. Білім, білік, дағдыны іскерлікті тексеру тек нәтижені, фактіні ғана көрсетеді. *Диагностика* - дидактикалық процестің нәтижесін анықтау үшін қолданылады. Сондықтан да педагогикалық диагностиканың мазмұнына келсек. «Диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу әрі кең. «тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді.

Диагностикалау кезінде нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс - тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық процестің бағдар - бағытын, ілгерлі не кері қозғалысы анықталады.

Педагогикалық диагностика-педагогикалық мақсаты жетілдіру үшін алынған зерттеу қорытындысының талдауы негізінде жаңа ақпарат алу, білім берудің (оқу, тәрбие) сапасын жақсартуға және білім алушы тұлғасын дамытуға бағытталған процесс.

Педагогикалық процесте диагностика келесі функцияларды орындай алады:

1. констатациялау - белгілеу (ақпараттық);
2. болжау;

3. құндылық - бағдарлану (бағалау);
4. өзіндік оқып-үйрену, өзіндік даму;
5. дамытушылық (тәрбиелеуші);
6. конструктивті.

Көптеген ғалымдар адамның тәніне тәуелсіз жаны болады деді. Жан барлық психикалық тіршілік негізгі себепші. Осының өзі сол кездегі адамның табиғат сырын дұрыс түсіне алмауына байланысты, бұлардың айтуынша табиғатқа табынбайтын ерекше күш бар деді. Адамның дамуын зерттейтін жеке бір сала ретіндегі бір пән болды.

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы алдыңғы қатарлы міндет - олардың қабілеттері мен таланттарын толық ашу үшін жағымды жағдайлар жасау, олардың дарындылықтарының ерекшелігін ашу, анықтау және дамыту.

Диагностика – зерттеу процесі немесе объект туралы толық ақпарат алудың жалпы тәсілі.

Диагностика әлеуметтік технологияның маңызды компоненті болып табылады (мақсат - диагноз - болжам -бағдарлама - енгізу және талдау). Осыған байланысты әлеуметтік әлеуметтік қызметтің практикасында әртүрлі зерттеу әдістерінің принциптері, алгоритм процедуралары және тексеру тәсілдерін қосатын өзіндік диагностикалық технология қалыптасады.

Оқыту диагностикасы - қандай да бір жүйенің күйін сипаттайтын белгілерді нақтылау және үйрену кезіндегі мүмкін ауытқуларды айту, олардың жұмыс тәртібінің бұзылуының алдын алу жолдарын айқындау болып табылады.

Тәрбие диагностикасы - тәрбиені тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара әрекеттерінде, тек қана тәрбие объектісі ғана

емес, сонымен бірге субъектісі болып табылатын педагогтердің өздерінің өзара әрекеттерінде іске асатын процесс.

Білім алушылардың болашақ кәсіби қызметтерін меңгеру мақсатында білім алушылардың тұлғалық, жеке басының дамуын түсіне алу қабілетін қалыптастыру диагностикасы туралы мәлімет беру арқылы төмендегідей міндеттер туындады:

- білім алушы тұлғасының дамуы мен қалыптасу факторларымен танысу;
- білім алушылардың жан-жақты қалыптасу мәселелерін игеруі;
- білім алушылардың дүниетаным, таным үрдістерінің, танымдық қызығушылықтарының қалыптасу жолдарын анықтау диагностикалық жұмыстар жүргізуі.

Дарынды балаларды ашу-нақты баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ уақытты үрдіс. Дарындылықты қандай да бір әдістің көмегімен анықтау мүмкін емес. Дарынды балаларды, оларды арнайы бағдарламалар бойынша тәрбиелеу үрдісінде немесе жеке- дара оқыту үрдісінде біртіндеп, сатылап іздестіру, анықтау қажет. Баланың дарындылығын бағалауда жіберілетін қателіктердің мүмкіндігін төмендету қажет, өйткені жоғарыдағы тарауларда айтылғандардан көріп отырғандай, ғалымдар бұл феноменге ортақ анықтама бере алмауда, себебі оның көрсеткіштері күрделі, әр жақты және көп деңгейлі, көп қырлы. Дарындылықты идентификациялау әдістерін төмендегі Кесте 5-тен көруге болады.

Кесте 5. Дарындылықты идентификациялау әдістері

№	Әдістер	Бағалау өлшемдері
Психомоторлық дарындылық	1. Субтесттен тұратын Пудье тесті. 2. Қимыл дағдыларының негізіндегі Д.Арыхейм мен У.Синклер тесті. 3. Көру-қимыл координациясына арналған К.Берри тесті (күрделене түсетін суреттерді көшіріп салу). 4. Саусақтың ептілігіне арналған О.Коннор тесті. 5. Ептілікке арналған Стомберг тесті. 6. Б.В.Кулагин, В.Л.Мариизук, Ю.М.Блудов, И.А.Курбатов сияқты Ресей ғалымдарының зерттеуі.	Перцептивті-қимыл қабілеттері (реакцияның бағыттылығы, перцептивті-қимылдық координация). Көз бен қол координациясының дағдылары.
Интеллектуалдық дарындылық	1. Станфорд-Бине интеллект мектебі. 2. Векслер тесті (вербальды, вербальды емес субтестерден құралған). 3. Слоссон интеллектуалдық тесті. 4. Маккартидің балалар қабілеті мектебі (2,5 – 8,5 жасар балаларға арналған). 5. Мектептегі бейімділіктерге арналған Отис-Ленновский тесті (мектептегі бейімділіктер вербальды, жиынтық және бейнелі тапсырмалардың нәтижесі бойынша бағаланады). 6. Когнитивті біліктер тесті. 7. Кеттелдің мәдени-тәуелсіз интеллектуалдық тесті.	Жалпы интеллектуалдық қабілеттерін анықтау үшін қолданылады. Ақыл-ойы мен жетістіктері бағаланады. Жалпы баға беріледі, сонымен қатар есте сақтауы бағаланады. Жалпы интеллектуалдық қабілеттерін анықтау үшін қолданылады. Қорытынды баға және төрт суббаға: «сұқыптылық», «аналогия», «жад», «вербальді пікірлер» анықталады. Тіл мүкістігі бар балалар арасындағы қабілеттілікті анықтауға арналған.

	8.Р.Торндайк пен Е.Хаген жасаған когнитивті қабілеттер тесті. 9. Г.Айзенк тесті	Дарындыларға арналған бағдарлама бойынша оқыту үшін балаларды анықтауда кеңінен қолданылады.
Академиялық дарындылық	10. Ақыл-ой дамуын диагностикалауға бағытталған ресейлік әдістер, (ШТУР-школьный тест умственного развития) К.М.Гурьевич. 11. Негізгі біліктердің жалпы тесті. 12. Негізгі біліктерге арналған айзовский тесті.	Оқу, жазу, математика бойынша базалық дағдыларды өлшеуге бағытталған.
Шығармашылық дарындылық	13. Балаларға арналған креативтілік тесті - Дж. Гильфорд.	Дивергентті қабілеттерді бағалауға арналған
	14. Бейнелі шығармашылық ойлауға арналған Торанс тесті. «Картина құрастыр», «Суреттерді толықтыр» сияқты тапсырмалардан тұрады.	5 жастан жоғары балалардың шығармашылық қабілеттерін бағалауға арналған.
	15. Д.Б. Богоявленскаяның «креативті аймақ» әдісі және А.Г.Азарянның экспресс-әдістемесі	
Әлеуметтік дарындылық (қарым-қатынас саласындағы)	1. Дәстүрлі интеллектуалдық тесттер қолданылады, бағалау параметрлеріне әлеуметтік аспектілер енгізіледі. Бақылау шкаласы.	Әлеуметтік позициялары, адамгершілік жайлы пікірлері, көшбасшылық қабілеттері бағаланады.

	<p>Ресейде әлеуметтік дарындылықтың арнайы психодиагностикасы жүргізілмейді. Бұл мақсатта социометриялық әдістер, ұйымдастырушылық қабілеттерді анықтауға арналған түрлі әдістемелер қолданылады (Л.К.Уманский).</p>	<p>Ұжымдағы микротоптар, лидерлер мен шеттетілген оқушылар анықталады.</p>
--	--	--

Балаларда дарындылықты анықтау мәселесінің айқын этикалық аспектісі бар. Берілген уақытта дарынды немесе дарынды емес баланы анықтай отырып біз оның ары қарай тағдырына кірісеміз, себебі іс-әрекеттің қандай-да бір түріндегі баланың ерекшелігі баланың есейгенде талантты болатындығына кепілдік бермейді.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отыра дарынды балаларды анықтаудың келесі қағидаларын келтіруге болады:

1. ақпараттың әртүрлі кездерін қолдануға және оның қабілеттерінің неғұрлым кең ауқымын қамтуға мүмкіндік беретін, баланың іс-әрекеті және мінез-құлқының әртүрлі жақтарын бағалаудың кешенді сипаты;

2. балаларды зерттеудің ұзақтылығы;

3. баланың икемділіктері мен қазығушылықтарына максималды сәйкес келетін іс-әрекет аймағындағы баланың мінез-құлқын талдау;

4. баланың жеке басына белгілі бір дамыту ықпалын ұйымдастыру, сондай-ақ баланың психологиялық «кедергілерін» ашуға болатын тренингтік әдістерді қолдану;

5. дарынды балаларды оқытуға эксперттік-бағалаушыларды іс-әрекеттің тиісті бағытта жүзеге асуын қадағалау үшін білікті мамандарды қосу: математиктер, филологтар ж.т.б;

6. баланың дарындылық белгілерін тек қана оның психикалық дамуының актуальды деңгейіне қатынасты емес, жақын дамудың аймағын да есепке ала отырып баға беру;

7. баланың нақты жағдайындағы шынайы мінез-құлқын бағалаумен айналысатын психодиагностиканың тәжірибелік маңызды әдістеріне сүйену, мысалы: іс-әрекет өнімдерін талдау, бақылау, әңгімелесу, мұғалімдер мен ата-аналардың эксперттік бағалаулары, табиғи эксперимент.

Психодиагностиканың әдістері жеткілікті түрде күрделі, сондықтан жоғары біліктілікпен арнайы оқытуды талап ететінін айта кету керек. Осылайша, баланың дарындылығын орнатуды қандай да бір жеке көрсеткіштерді бағалауға негіздеуге болмайды, мысалы: интеллектуалды дамудың жеке-дара деңгейін сипаттайтын өлшемдерге, яғни психометрикалық тесттер көмегімен анықтайтын интеллект коэффициенті- IQ- ді айтуға болады. Нақты осындай тестілер балаларды дарынды балаларға арналған мектептер мен сыныптарға іріктеуде жиі қолданылады.

Зерттеушілердің есептеулері бойынша ақыл-ой тестілерін қолданудың шектеулігі бар:

- тестілердің көпшілігі ақыл-ойды немесе шығармашылықты анықтау емес, басқа мақсаттар үшін құрылған. Мысалы: Векслердің интеллектуалдық тестісі ақыл - ой жағынан артта қалушылықты анықтау үшін арналған, Амтхауэрдің интеллект құрылымдық тестісі кәсіптік бағдарды және профессионалды бағыттылықты анықтауға негізделсе және академиялық үлгерімді болжау үшін құрылған. Тек 2 тест ғана интеллектуалды дарындылық деңгейін бағалауға арналған. Бұл Кэттелдің мәдени- еріктік тестісі (оның С-нұсқасы) және Равеннің матрицалары болып табылады. Креативтілік тестілері болатын болса, олар да баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуда жалғыз және жеткілікті болып табылмайды.

- Интеллектінің көптеген тестілері нақты интеллектуалдық қабілетті, яғни нақты ой операцияларының қалыптасқандығын өлшейді, бірақ олардың арасындағы байланыстарға тимейді, яғни оның көрінуінің жүйесінің өзін қамтымайды.

- Ақыл-ой мен креативтілік тестілері тестілеу жағдайына, баланың эмоционалды жай-күйіне көп тәуелді, ол дарындылықтың шынайы нәтижелерін бұрмалауы мүмкін.


Интеллект тестілерінің көрсеткіштері негізінде дарынды балаларды таңдау ғылыми көзқарас тұрғысында негізсіз болып табылады, басқаша айтқанда оларды «қолданылатын» «өту ұпайларында» нақты теоретикалық және эмпирикалық негіздер жоқ.

Дарынды балаларды анықтау үшін тесттерді қолдану біздің балаларды ұзақ уақыт бойғы бақылауларымызды бекіту үшін, күдіктерді сейілту үшін, олардың күшті және әлсіз психологиялық сапаларын

анықтау және қажетті психолого- педагогикалық көмекті ұйымдастыру қажет.


Психологиялық өлшем тестілер нақты балалардың дарындылығының көріну, өсу динамикасын бақылау үшін тиімді болып табылу мүмкін. Сондай-ақ тестілер жиі танымдық мотивацияны жоғалтқан кезде немесе жоқ болғанда туатын жасырын дарындылықтың диагностикасына да көмектесуі мүмкін.

Осылайша, тестілер балалар дарындылығын анықтаудың көптеген әдістерінің бірі ретінде бола алады. Сонымен қатар, тестілер-мамандардың қолындағы пайдалы психологиялық өлшем құрал екендігін айта кету керек. Алынған ұпайлардың артында не тұрғанын, тестілеу процедурасы және мәліметтерді талдаудағы шамалы өзгерістер қалай ықпал ететіндігін терең түсіну тек білікті мамандардың бақылауында, негізгі теоретикалық және тәжірибелік дайындықтан кейін ғана мүмкін. Сондықтан, тестілеуді жақсы мамандандырылған, білікті психологтар жүргізуі керек. Жалпы дарындылықты психологиялық диагностикалаудың құрылымдық үлгісі төменде берілген сызба (Сурет 12) арқылы жүзеге асырылу ұсынылады:



Сурет 12. Дарындылықты психологиялық диагностикалаудың құрылымдық үлгісі

Болжау



Сурет 13. Дарындылықты болжау мен анықтау сызбасы

Дарынды балаларды анықтауда кешенді түрде қарастырған орынды. Мұнда әртүрлі әдістердің кең спектрі қолданылуы мүмкін, олар:

- балаларды бақылау әдістерінің әртүрлі нұсқалары (табиғи және лабораториялық жағдайларды мектептен тыс іс- әрекетте);
- баланың жанұялық жағдайы, оның ерте балалық шақтағы дамуы туралы ақпарат жинау әдістерінің қатарын қолдану (ата- анамен әңгімелесу, сауалнама, балалардың шығармалары, күнделікті жазбалар ж.т.б);
- арнайы психодиагностикалық тренингтер;
- ата-ана, мұғалім, тәрбиешілердің баланың мінез-құлқын эксперттік бағалауы;
- арнайы бағдарламалары бойынша «сынау» сабақтарын өткізу, балаларды арнайы ойындық және пәндік бағытталған сабақтарға қатыстыру;
- балалардың шығармашылық іс-әрекетінің нақты өнімдерін (сурет, өлең, техникалық модельдер ж.т.б) эксперттік бағалау;
- әртүрлі интеллектуалды және пәндік олимпиадаларды, конференцияларды, спорттық жарыстарды, шығармашылық сайыстарын, көріністер, фестивальдар өткізу ж.т.б.
- дарындылықтың нақты жағдайын таңдау міндетіне байланысты әртүрлі әдістемелерді қолдана отырып психодиагностикалық зерттеу жүргізу;
- балалар дарындылығын анықтауда білім алушылардың дамуы және тәрбиесінің диагностикасы сияқты жағдайларды барлық педагогтер, сол сыныпта жұмыс істейтіндердің, сондай-ақ кітапханашының және мектеп дәрігерінің пікірлерін есепке алынуы керек, яғни В.А.Сухомлинскийдің «Павлиандық мектептерде жүргізілген педагогикалық консилиумдар өткізу тиімді».

Балалар бойындағы дарындылық қабілетін жетілдіру жолының бір нұсқасы болып:

1. Жеке ерекшеліктері анықталып болған соң оларды дамыту жұмыстарын жүргізу. Яғни, баланың мүмкіндігін толықтыру, жүйелеу, ғылыми негіздеуге жоспар құру.

2. Жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру: оқу бағдарламасын жасау, жаңа технология мүмкіндіктерін пайдалану, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік бақылаулар жүргізудің арнайы әдістері болуы.

3. Сыныптан тыс шараларды өз дәрежесінде өткізу, өзбеттілік білім алуға жетелеу.

4. Ұстаздар апталық жүктемеге міндетті түрде мән берілуі керек. Тапсырмалар бала жасына, деңгейіне сай болсын.

5. Жалпы мектеп үшін қазіргі балаларды даралап, саралап оқыту әдістерін қолдану.

6. Жеке тұлғаға баға берілетін сыныптан тыс шаралардың ұйымдастырылуы: пәндік олимпиадалар, байқаулар, клубтар, үйірмелер, секциялар.

Дарындылықты анықтау сауалнамалары баланың қабілеттеріне жасалған ұзақ уақыт бойғы бақылаулардың нәтижесін растай түсу үшін, сондай-ақ күшті және әлсіз психологиялық сапаларын дәлірек анықтау мен қажетті психо-педагогикалық көмекті ұйымдастыру үшін қажет.

Психологиялық өлшеу сауалнамалары бала бойындағы қайсы бір дарынның байқалуымен өзгеру қозғалыстарын зерделеуде септігін тигізеді. Сонымен қатар балада танымдық ынталану жоғалғанда немесе тіптен болмаған жағдайда оның жасырын дарындарын диагностикалауға көмегін тигізеді. Осылайша, сауалнамалар бала бойындағы қандай да бір дарынды анықтауда пайдаланылатын әдістердің бірі ретінде қолданылады. Алынған ұпайдың артында не тұрғанын және сауалнама жүргізу мен оның белгілерін өңдеу барысындағы болар-болмас өзгерістерді түсіну мен зерделеу үшін білікті мамандардың бақылауымен өтетін теориялық және тәжірибелік дайындық қажет. Сондықтан да сауалнаманы тұрақты дайындықтан өткен психологтар жүргізуі тиіс.

Осы саладағы барлық әдебиеттердің теориялық талдауы көрсетіп отырғандай, баланың бойындағы дарынына диагностика жүргізудің психологиялық- педагогикалық негіздерін жетілдіру жалпы дарындылық атты құбылысты зерттеумен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда дарындылық табиғатының бірнеше концепциялары анықталған. Дегенмен, ғалымдар арасында көпсалалы модель жиі қолданысқа ие болып отыр. Сондықтан диагностикалық әдістер де кешенді сипатқа ие.

Дарындылық табиғатының ғылыми тұжырымдамаларының ішіндегі ең маңыздысы динамикалық тұжырым болып табылады. Ол

қабілетті балалар диагностикасы туралы қалыптасқан, яғни дарынды балаларды «бір сәттік» іріктеу сатысынан оларды жетілдіру мен оқыту жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, ұзақ мерзімді диагностикалау сатысына дейінгі кезең туралы бір жақты пікірді түбегейлі өзгертеді.

Дарындылықты диагностикалаудың үлгі жоспары

Баланың ерекшеліктерін зерттеуді мына жоспармен жүргізуге болады.

1. Ақыл–ой дамуының ерекшеліктері:

- зейіні, есте сақтауы, ойлау машығы;
- оқу материалын меңгеруі, өздігінен жұмыс істей білуі, жұмыс істеу ырғағы;
- сөйлеуі, ұқыптылығы, жалпы дүниетанымы.

2. Оқушының білімі мен оқуға қарым–қатынасы:

- пән бойынша білім сапасы;
- жалпы оқу біліктерінің деңгейі;
- оқу әрекеті барысындағы жетістіктері мен сәтсіздіктерін қабылдауы, бағалауға көзқарасы;
- оқуға қызығушылығы;
- өзін басқарудың ішкі тұтқасының болуы.

Дарындылықты диагностикалаудың үлгілік жоспарына сәйкес төменде (Кесте 6) дарындылық өлшемдері көрсетілген.

Кесте 6 Дарындылық өлшемдері

Дарындылық өлшемдері			
<i>Үлгерім деңгейі</i>	<i>Оқытылу деңгейі</i>	<i>Көрнекі– бейнелі ойлау деңгейі</i>	<i>Қызығушылығы</i>
Қарапайым тапсырмаларды тез әрі жылдам орындау;	Білімді тәжірибеде қолдана білуі;	Құрастыру, баламасын таба білу;	Ынта–жігері, ойлау операцияларын орындауға деген

Зерттеу әрекетіне бейімділік; Түсінуге, талдауға қабілеттілік.	Математикалық белгілерді, символдарды, сөздерді ұзақ есте сақтау; Оқу әрекетінде нақтылыққа бейімділік.	Жүйрік әрі шапшаң ойлау; Топтастыру мен жалпылай білу; Ерекше идеялар ұсыну.	танымдық қажеттілігі;
Бақылау жұмыстары алынады.	Берілген тапсырманы тексергенде: сапасына, ұқыптылығына, орындау жылдамдығына назар аударылады.	Арнайы әдістемелер арқылы анықталады.	Арнайы әдістемелер арқылы анықталады.

Дарынды балалар диагностикасын ұйымдастырудың маңызды шарттарының бірі — теориялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік деңгейлерден тұратын диагностика моделін өңдеп шығару болып табылады.

Демек, дарынды балаларды анықтау — арнайы бағдарламамен білікті мамандардың қатысуы қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады.

Дарынды балалар мен жасөспірімдерді анықтау мәселесі — қосымша білім беру ұйымдарындағы балалардың танымдық және тұлғалық дамуы үшін жағдайлар жасау мәселесі деп қарастырылуы қажет. Ол өзкезегінде дарындылық белгілері бар балаларды анықтап, олардың жетілуі мен әрі қарай дамуына қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Тұлға дарындылығы өзінің құрылымдық негіздері бойынша адами қайталанбастықтың көп өлшемді, көп қырлы болып байқалады. Басқаша айтқанда, дарындылық өзара байланысқан үш: ынталандырушылық, когнитивтік (танымдық), іс жүргізушілік толықтауыштан тұратын біртұтас сипатқа ие. Әрбір толықтауыш дарындылықты дамытудың бірнеше белгісінен (бірінші, екінші және т.б.)

тұрады. Біз төменде дарындылықты дамытудың басты белгілерін (үлкен, жасөспірімдік және бозбалалық жастағы білім алушыларға тән) келтіріп отырмыз.

Бала дарындылығы диагностикасының белгілері мен көрсеткіштеріне келер болсақ, бұл мәселенің әлі күнге дейін толық қарастырылып үлгермегені белгілі болды. Дегенмен, бірнеше ақпарат көздерінде диагностика жүргізуде ақыл-ой, креативтілікпен қабілет сияқты көрсеткіштерді межеге алу керек деп атап кеткен.

Ю.Д.Бабаева жүргізілетін тренинг жаттығулардың тиімділігін бағалаудың негізгі көрсеткіштеріне бала қабілеттері мен мектептегі үлгерімдерін, танымдық және шығармашылық белсенділігін, сауалнама нәтижелерін, сондай-ақ баланың мектептегі іс-әрекетін бақылау нәтижесінде алынған көрсеткіштерін, отбасындағы әлеуметтік қарым-қатынастар және т.б. өзгерістерді жатқызады.

Алайда, бұл көрсеткіштерді авторлар балалар дарындылығы моделінің жасалуы мен негізделуіне байланыссыз қарастырады.

Дарындылықты бағалау мен анықтаудағы психологиялық әдістемелердің топтамасы

Мақсаты: баланың жалпы дарындылығын бағалау мен анықтау.

Нұсқаулық: Сізге дарынды балалар бойындағы тоғыз сипаттың қалыптасу деңгейін бағалау ұсынылып отыр (төмендегі кестеде көрсетілген). Оларды мұқият қарап шығып, төмендегі шкаланы пайдалана отырып, әрбір көрсеткіш бойынша балаңызға баға беріп шығыңыз:

5 ұпай: Тұлғаның бағаланып отырған сипаты жақсы, анық байқалады да, түрлі іс-әрекет барысы мен мінез-құлқынан жиі көрініс табады;

4 ұпай: Қарастырылып отырған сипат айтарлықтай анық байқалады, бірақ тұрақты көріне бермейді, соған қарамастан оған қарама-қарсы қасиет сирек байқалады;

3 ұпай: Тұлғаның бағаланып отырған сипаты мен оған қарама-қарсы қасиеті оның әрекеті мен мінез-құлқында бірдей теңдікте көрініс табады;

2 ұпай: Бағаланып отырған сипатқа қарама-қарсы қасиет неғұрлым нақты әрі жиі байқалады;

1 ұпай: Бағаланып отырған сипатқа қарама-қарсы қасиет нақты әрі жиі байқалады да, мінез-құлық пен барлық іс-әрекет барысында көрініп отырады;

0 ұпай: Бұл қасиетті бағалау үшін еш мәлімет жоқ.

Алынған нәтижені келесі сипаттамаларға сай сараптау ұсынылады:

Білімпаздық (танымдық қажеттілік).

Ой-өрістік ынталану мен жаңалыққа құмарлық әдетте білімпаздық деп аталады. Бала дарынды болған сайын, оның жаңа, белгісіз нәрсені танып-білуге деген ұмтылысы да арта түседі. Жаңа ақпаратты, жаңа білімді игеру көп сұрақтар қою және тынымсыз зерттеушілік белсенділіктен көрініс табады (ойыншықтарды шашып-жинау, зат, өсімдік, адам іс-әрекеті, жануарлар және т.б. құрылымын зерттеу).

Туындаған мәселелерге аса сезімталдық

“Танып білу әдетте қарапайым, күнделікті нәрселерге таңданыстан басталады” (Платон) Өзгелерге қарапайым, күнделікті болып көрінген нәрседен мәселе туындату-шығармашыл адамға тән маңызды сипаттама болып табылады. Оларға мәселені табу, сұрақ қою сияқты қабілеттер де тән. Болжау жасауға қабілеттілік-мәселенің шешілуіне алдын ала көрегендік жасау, іс әрекетті жүзеге асырмас бұрын мүмкін болатын салдарын алдын ала болжау. Оқу мәселелерін шешуде ғана емес, сондай-ақ нақты өмірдің түрлі көріністерінде байқалады. (яғни уақытқа байланысты салдарға болжау жасау, салыстырмалы, қарапайым жағдаяттардан бастап, әлеуметтік құбылыстарды дамытудың мүмкін болатын болжауларына дейін).

Сөздік қоры

Мол сөздік қоры – баланың ақыл-ой қабілеттерін дамытудың нәтижесі мен белгілері. Сөйлеуде падаланған сөз санымен ғана емес, сондай-ақ дарынды балаларға тән күрделі синтаксистік құрылымдарды жасай алу, өздері енгізген жаңа сөздерді қолдану немесе ойындағы жағдаяттарды сипаттайтын жаңа сөздер ойлап табу.

Бағалау қабілеттілігі

Ең алдымен, сын тұрғысынан ойлау. Тек өзінің ғана емес, сондай-ақ өзге адамдардың ойы мен іс-әрекетін түсіну мүмкіндігі. Проблемалық

мәселелерді, адамдар қылығы, құбылыстар мен жағдаяттардың шешілуін шынайы сипаттай алу қабілетімен сипатталады.

Өнертанқыштық

Түрлі іс-әрекет пен мәселелерді шешуде тосын, жаңа жолдарды таба алу қабілеттілігі. Бала мінез-құлқында, ойындар мен түрлі іс-әрекет барысында көрінеді.

Логикалық ойлау мен тұжырымдау қабілеті

Құбылыс пен жағдаяттарды, үдерістерді жіктей алу, талдау және синтездеу қабілеті, өз ойын анық жеткізе алу. Түсінік қалыптастыру мен өз ойын жеткізе алу қабілетімен сипатталады.

Табандылық (мақсаттылық)

Алға қойған мақсатқа талмай ұмтылу, кедергілерге қарамай іс-әрекет барысында өз мүмкіндіктерін жинақтай алу қабілеті. Баланың барлық іс-әрекеті мен мінез-құлқынан байқалады. Өз қызметінің нәтижесінде талап қоюшылық.

Перфекционизм

Өз іс-әрекетінің түпкі өніміне, жоғары талаптарға жеткізуге ұмтылыс. Бала өзі істеп жатқан жұмысын жоғары деңгейде орындамайынша тыным таппайтындығымен сипатталады.

Нәтижелерді өңдеу және талдау:


Ұпайларды кестеге енгізіңіз. Әрине, ұпайлар баланы жақсы білетін басқада мамандар бағасымен салыстырылып, қорытылып қойылғаны дұрыс.

№	Сапасы	Бағасы
1	Білімпаздық	
2	Туындаған мәселелерге аса сезімталдылық	
3	Болжау жасай алу қабілеті	
4	Сөздік қоры	
5	Бағалау қабілеттілігі	
6	Өнертапқыштық	
7	Логикалық ойлау мен тұжырымдау қабілеттілігі	
8	Табандылық	
9	Перфекционизм	

Қойылған бағаларды (немесе бірнеше басқа да мамандардың қойған бағаларының нәтижесін есептей келе, ортақ сандық көрсеткішті) графикке енгіземіз.

Қорытынды: Мүлтіксіз нәтиже – дұрыс тоғызбұрыш. Алайда нақты баланы дұрыс, жан-жақты бағалаған жағдайда күрделі конфигурациялы жұлдызша пайда болады. Сол графикке қарап, тәрбие жұмысын болашақта қай бағытта жүргізу керектігі туралы мәлімет алуға болады.

Баланың «графикалық профилін» құру үлгісі



Дифференциалды диагностикалық сұрақтама.

Білім алушылардың кәсіби бағыттылығын зерттеуде белгілі кеңес психологі Е.А.Климовтың – дифференциалды диагностикалық сұрақтама әдісі қолданылды. Осы әдіс арқылы білім алушылардың қызығушылығы, қабілеттері, бейімділіктері және мүмкіндіктері, өзін-өзі бағалау деңгейі жайлы ақпараттар алынды. Сұрақтаманың негізінде еңбек процесіндегі адам өзара әрекет ететін барлық мамандықтың пәні немесе объектінің белгісі бойынша 5 типке бөлу идеясы жатыр.

1. «Адам-Табиғат» типіндегі мамандық, адамның жанды және жансыз табиғатта өтіп жатқан үрдістерге қатысумен байланысты. Мұнда жерді (геолог, геофизик, океанолог, метеролог т.б.), оның өсімдіктер және жануарлар әлемін (ботаник, биолог, зоолог, орнитолог, кинолог, генетик, эколог және т.б.), жануарлардан және өсімдіктерден өнім өндіруді (баушы, агроном, көкөніс шаруашысы, жануарлар шарушысы, зоотехник, ветеринар және т.б.) зерттеумен байланысты мамандықтарды кіргізуге болады.

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: қиялдың жоғарғы деңгейде дамуы, көрнекі-бейнелі ойлау, жақсы көзбен көріп есте сақтау, бақылампаздық; өзгермелі табиғи факторларды бағалау және көре алу қабілеті; әдетте іс-әрекет нәтижесі ұзақ уақыт барысында пайда болады, сондықтан да маман шыдамдылықты, төзімділікті меңгеруі қажет; ұжымнан тыс, кейде қолайсыз ауа-райында жұмыс істеуге дайын болуы керек.

2. «Адам-Техника» типіндегі мамандыққа көптеген өнеркәсіптік және құрылыс мамандарын (болат қорытушы, құюшы, ұста, тасшы, электрмен пісіруші, токарь, слесарь, электрик, фрезеровщик, сылақшы, ағаш шебершісі, тігінші, инженер т.б.) және транспорттық тәсілдерде қызмет етушілер кіреді.

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: қозғалыстың жақсы координациясы, дәл көре, есту, вибрациялық және кинстетикалық қабылдау; дамыған педагогикалық және творчестволық ойлау және қиял; зейінді ауыстыра және шоғырландыра алу ептілігі; бақылампаздық.

3. «Адам-Белгілір жүйесі» типіндегі мамандыққа ақпаратты өңдеудің түрлі формаларын кіргізуге болады. Бұл тіл жүйесіндегі (библиограф, натариус, лингвист, тарихшы, филолог, философ, әдебиетші және т.б.) абстрактілі-математикалық (статистик, математик, кассир, бухгалтер, экономист, метеоролог және т.б.) белгілерді өңдеу тәсілдері және жүйелеріндегі (программист, ЭВМ операторы және т.б.) жұмыстар.

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: жақсы оперативті және механикалық ес; белгілік (знаковый) материалдарға зейіннің ұзақ уақыт бойы шоғырландыра алу қабілеті; зейінді жақсы бөле және ауыстыра алу; қабылдаудың дәлдігі, шартты белгілерде тұрғандарды көре алу ептілігі, шыдамдылық, логикалық ойлау.

4. «Адам-Көркем бейне» типіндегі мамандық—өнер, көркем мәдениет. Мұнда бейнелік шығармаларды (архитектор, суретші, дизайнер, мүсінші т.б.), материалдарды көркемдік өңдеу (гравер, модельер, ювелир және т.б.), көркем ойын-сауық құру (композитор, музыкант-орындаушы, вокалист, дирижер, биші, балетмейстер, актер, режиссер, оператор) кіреді.

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: дамыған көріп қабылдау; бақылампаздық; көру есі; көрнекі-бейнелі ойлау; творчестволық қиял; адамдарға эмоционалды әсер етудің психологиялық заңдарын бөлу.

5. «Адам-Адам» типіндегі мамандықтың негізгі мазмұны қарым-қатынас. Бұл жерде адамдармен контактіні ұстай алу және орната алу керек. Мұнда педагогикалық мамандар (мұғалім, тәрбиеші, жаттықтырушы, оқытушы), юстиция облысы (арбитр, юрискеңесші, милиционер, ізкесуші, прокурор, адвокат), мәдени-ағарту жұмысы

(кітапханашы, экскурсовод, гид-аудармашы, корреспондент), қызмет көрсету сферасы (сатушы, офицант, шаштаразшы және т.б.) кіреді. Медициналық мамандар (санитар, фельдшер, медбике, дәрігер).

Осы мамандық типіндегі адамға психологиялық талаптар: қарым-қатынасқа ұмтылу; бейтаныс адамдармен байланысқа оңай түсе алу ептілігі; адамдармен жұмыс істеуде өзін тұрақты жақсы сезіну; өзін ұстай алу; эмоциясын тежей алу ептілігі; қоршаған ортаның және өзінің жүріс-тұрысын талдай алу ептілігі; басқа адамдардың көңіл-күйін және ниетін түсіну, адамдармен өзара қарым-қатынасты жайғастыра алу қабілеті, олардың арасындағы келіспеушілікті шеше алу ептілігі, ойша өзін басқа адамдардың орнынақоя алу, тындау алу, басқа адамның пікірін ескеру; түрлі адамдармен ортақ тіл табыса білу қабілеті.

Логикалық қабілетті анықтауға арналған психологиялық тапсырмалар жинағы

1. Бір қолда 10 саусақ, оң қолда неше саусақ ? жауабы: 50
2. Барлық айлар 30- 31 санымен аяқталады, қай айда 28 күн бар? жауабы: барлық айда бар.
3. Тал басында тізіліп он жапырақ тұр еді, Жел соқты да үзіліп түсті оның біреуі, Ізінше оның тағыда түсті үшеуі, Тал басында тізіліп жапырақтың тұр нешеуі? жауабы: 6 жапырақ, өйткені 4 түсіп қалды
4. Үндістанда 28 мамыр бар ма? жауабы: ИӘ бар өйткені жылдық күнтізбеде ол көрсетілген.
5. Қай жерде қалалар үйсіз, ормандар ағашсыз, көлдер сусыз көрсетіледі? жауабы: картада
6. Сіз қараңғы бөлмеге кірдіңіз, бөлмеде шам мен майшам бар, нені бірінші жағасыз? жауабы: Сіріңкені
7. Бес бұтақты ағашта
Бұтақ сайын бес алма,
Біреуін бер Омашқа,
Қалады сонда неше алма ?
жауабы: 24, өйткені әр бұтақта 5 алмадан, оны 5бұтақтағы алма санына көбейтсек 25 шығады және оның біреуін Омашқа берсек 24 алма қалады.

8. 2-кі деген санға қарап біз қай кезде 10 деп айтамыз?
жауабы: сағат тілі бойынша, уақытты айту кезінде 10 деп айтамыз.
9. Ұйықтар алдында не істейсіз? жауабы: төсекке отырамыз, содан кейін жатамыз.
10. Сіз Астана-Алматы бағытындағы ұшақтың ұшқышысыз. Ұшқыш неше жаста. жауабы: әр адам өзі қаншада болса, сол жаста деп айту керек.
11. Төрт бұрышта 4 мысық, әр мысықтың алдында 3 мысық. Бөлмеде қанша мысық бар? жауабы: 4.
12. Қызанақ, картоп, қырыққабат- көкөністер болып табылады, алма, алмұрт- жемістер болып табылса, КҮНБАҒЫСТЫ қайда жатқызамыз?
жауабы: техникалық майлы дақыл

Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің диагностикасы

Мақсаты: білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау.

Жұмыс барысы: білім алушылар назарына бірнеше бөлімнен тұратын жаттығулар, тапсырмалар, сауалнама сұрақтары ұсынылады.

1 бөлім. Жаттығу

1. Қалампыр сөзі беріледі. Осы сөздегі әріптерді пайдаланып барынша көп сөз құру қажет (уақыты 3-минут). Сөз құрауда бір әріпті екі рет қайталауға болмайды. Тапсырма бөлек парақпен беріледі және оған оқушы өз сөздерін жазады. Қабілеттің жоғары деңгейде дамуы-9 және одан көп сөз. Орташа деңгей-7,8 сөз. Төменгі деңгей-6 және одан аз сөз.
2. Балаларға төменгі әріптерден басталған бес сөзі бар, мүмкіндігінше көп сөйлем құру тапсырылады.

Қ-Б-С-А-Т

Сөйлемдерді құрылымдау икемділігін бағалау үшін дұрыс құрылған сөйлемдердің саны есептеледі. Сөйлемнің мазмұны болуы тиіс, сөйлемдегі сөздер байланыстырушы жалғаулар мен сөйлем мүшелері

бойынша дұрыс жазылуы тиіс. Басқа сөздер қосуға болмайды. Толтыру уақыты - 5 минут.

Тапсырма нәтижелерін бағалау кестесі

Балалар жасы	Деңгейлер		
	Жоғары	Орта	Төмен
11 жас	4 және одан көп,	3	0-20-30-4
12 жас	5 және көп,	4	
13 жас	6 және көп	5	

3. Мына үш жаңылтпаштан біреуін тандап, жылдам айтып шығу керек (ауызша)

1. Қарға, қарға, қарғалар. Қар үстінде жорғалар.
 2. Көк базарда бәрі бар. Барып бәрің бәрін ал.
 3. Шалғышы шалғы алды. Шаңғышы шаңғы алды.
- Жылдам, анық-2 ұпай. Қателерімен-1 ұпай.

2. Бөлім

Сіз төменгі жағдаяттарда ұсынылған жауаптардың қайсысын таңдар едіңіз? (жауап символы карточкаға толтырылады).

1. Егер мен балалар қалашығын салсам, онда:
А) еш жерде жоқ қаланы салар едім-2
Ә) қаланы ұсынылған типтік жоба бойынша салар едім-0
Б) қаланы кино, журнал, кітаптан көргенімдей етіп салар едім-1
2. Егер мен достарымды туған күн кешіне шақырсам, онда:
А) сценарий жазып, сыйлықтар дайындаймын-2
Ә) оларға уақытын айтып, ата-анама үмітімді артамын-0
Б) қонақтарға тағам дайындауға көмектесемін-1
3. Сабақ үстінде мұғалім қойған сұраққа мен мынадай жауап таңдаймын.
А) қарапайым-0
Ә) күрделі-1
Б) мүлдем жаңа-2
4. Мен бір нәрсеге қатты таңырқасам, онда:
А) өлең жазамын-2
Ә) таңырқаған нысанымды қызықтап отырамын-1

- Б) қанағаттушылық сезімде боламын-0
5. Сүйікті пәнім бойынша зерттеу жұмысын жүргізетін болсам, онда:
- А) қосымша әдебиеттерді көп оқимын – 2
- Б) оңай материалдар таңдауға тырысамын – 1
- В) мұғалімнің көмегіне сүйенемін – 0
6. Мен үшін қарым-қатынас жасауда ең бастысы:
- А) ерекше мағлұматтар алу – 2
- Б) қиыншылықтарым туралы достарыммен бөлісу – 1
- В) жай уақыт өткізу – 0
7. Мен ғалым болсам, :
- А) жиі шетелге барар едім – 0
- Б) көптеген тиімді кітаптар жазар едім – 1
- В) адамзатқа пайдалы жаңалықтар ашар едім – 2
8. Орман ішінде алдыңыздан кездескен үш сурлеудің қайсысын таңдар едіңіз:
- А) сізге ыңғайлысын – 0
- Б) таныстарыңыз айтып бергенін – 1
- В) белгісізін – 2
9. Мен мектепте былай болса деп ойлаймын:
- А) әркім өз мүмкіндігіне қарай оқыса – 1
- Б) бәрі ынтымақты болса – 0
- В) көп жаңалық білсем – 2

3 бөлім

Ұлылардың пікірімен келісесіз бе?

Жауаптар: А) толық келісемін – 0

Б) келіспеймін – 2

В) пікірді бағалауға дайын емеспін – 1

1. «Идеяны идея ғана бүлдіреді» (О.Балзак)
2. «Адамның ақыл-ойы жұдырығынан күштірек» (Ф.Рабле)
3. «Қабілеттер де бұлшық ет сияқты шыңдалуда өседі» (И.Тимирязев)
4. «Ақымақтар мен өлген адамдар ғана өз пікірін өзгертпейді» (Д.Оруэлл)
5. «Етікші бәліш пісіріп, наубай етік тіге бастаса, жақсылық болмайды» (И.Крылов)
6. «Қорыққан адамына жағымпазданады» (А.Чехов)

7. «Ахихат толық ашылмайтын жағдайда сөзбен батыл болу оңай» (Р.Тагор)
8. «Әркімнің болмасын, өз сенімін жүзеге асыруда жеткілікті күші болады» (В.Гете)
9. «Адамдардың алдында ұялу – жақсы сезім, алайда өзіңнен ұялу ең жақсысы» (Л.Толстой)
10. «Көп адамдарға бақыт сыйлайтын адамдар - ең бақытты жандар» (Д.Дидро)
11. «Ойдың әлсіздігі ойдың күшіне сенімсіздіктен туындайды» (В.Белинский)

4 бөлім (қорытынды)

иә - 2; айтуға қиналамын – 1; жоқ – 0.

1. жаңалықты сезіну мен үшін жағымды.
2. шындығында болмайтын нәрселерді мен елестете аламын.
3. қиын жағдаятқа тез бейімделемін.
4. шығармашылық шабытты жиі сезінемін.
5. бірнәрсеге деген құмарлығымды дәлелдеп бере аламын.
6. маған ерекше идеялар жиі келеді.
7. күрделі тапсырмалардың негізгісі мен тұрлаусызын ажырата аламын.
8. айналамдағылардың менің еңбегімді бағалағанын есту – мен үшін қуаныш.
9. өз сәтсіздіктерімнің себептерін анықтауды үйрендім.
10. мектептегі оқу материалы менің танымдық қажеттілігімді көп жағдайда қанағаттандырмайды.
11. мен өз мүмкіндіктерім мен қабілеттеріме сенемін.

Нәтижені талдау және өңдеу: әр бөлімнің соңында берілген ұпай сандары есепке алына отыры, төмендегі шкалага сәйкес нәтиже шығарылады.

А. Тапсырмалардың 3/2 – 2 ұпайға орындалса – шығармашылықтың жоғарғы деңгейі;

Б. Тапсырмалардың 0,5 –і – 2 ұпайға орындалса – шығармашылықтың орташа деңгейі;

В. 0,5-тен аз болса – шығармашылықтың төмен деңгейі.

Дарындылықты дамыту тәсілдері (педагогтерге арналған)

Педагогтер баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісі барысында дарындылықты дамыту үшін, оларды белгілі бір әрекет түріне – қабілеттілікке айналдыру тәсілдерін (А.И.Доровской бойынша) қолданылуы ұсынылады.

1. Қызықтырушы сұрақтар қою.
2. Ерекше шешімдерді, іздестіру белсенділігін ынталандыру.
3. Базистік және вариативтік материалдарды біріктіре отырып, проблемалық тапсырмалар жүйесін құру.
4. Интеллектісін дамыту және шығармашылық қызметке деген құлшыныстарын мүдделендіру.
5. Оқу бағдарламаларын күрделендіру, мазмұнды байыту.
6. Арнайы сыныптарда оқыту.
7. Негізгі тақырыптар мен мәселелерді зерттеу үшін таңдау жасату.
8. Білімнің әр түрлі саласына қатысты тақырыптар мен мәселелерді интеграциялау.
9. Өнімді, тиімді, сыни ойлауын дамыту.
10. Дамудағы өзгерістерді ескере отырып, бағдарламаға түзету енгізу.
11. Пәндерді біріктіру.
12. Қалжың және қияли жағдайлар туғызу тәсілін қолдану.
13. Ақпарат берудің түрлі тәсілдерін біріктіру.
14. Дербес және топтық жұмыстарды үйлестіру.
15. Жеткілікті көлемде кешенді тапсырмалар қою.
16. Кеңес беру мен көмектесудің барлық түрін пайдалану.
17. Шығармашылық топтың барлық мүшесіне берілетін тақырыпты бір проблематика және өзара жауапкершілік төңірегіне топтау.
18. Бірнеше нұсқада орындалатын тапсырмаларды пайдалану.
19. Шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шығармашылық және тәжірибелік тапсырмаларды үйлесімді қолдану.
20. Тапсырманы орындауда және нәтижені тіркеуде әр түрлі жұмбақтау тілдерін пайдалану.
21. Жағдаятты біртіндеп күрделендіре отырып, тапсырма шарттарын алмастырып отыру.
22. Шығармашылық тапсырмаларды шешу тәсілдерін оқушылардың дербес құрастыруына талдау жасату және ұйымдастыру.

23. Берілген жағдайға сәйкес теорияны, шығармашылық тапсырманы дербес құрастыру.
24. Қарама-қайшылықтарға талдау жасату.
25. Өзіне және өзгеге сұрақ қойғызу.
26. Шығармашылық қызметті әрекет ету тәсіліне біртіндеп интеграциялау арқылы кезеңімен қалыптастыру.
27. Тапсырманы қайшылықты формада беру.
28. Оқу материалын арнайы құрастыру арқылы дарынды баланың меңгеруін ғана емес, қабілеттерін жылдам дамытуды ескеру.
29. Жаңа ассоциациялар жасау.
30. Салыстыру , гипербола, метафора қолдану.
31. Қиялына қозғау салу.
32. Қабылданатын ақпаратты меңгертуді ұйымдастыру стратегияларын дайындау.
33. Олардың арасындағы байланысты анықтау.
34. Ағымдағы, түзетуге арналған бақылау түрлерін қолдану.
35. Дербес және топтық жұмысты үйлестіре білу.
36. Кешенді сезіну мен қиялдауға арналған ақпараттар ұсыну.
37. Дифференциация негізінде мазмұнды модернизациялау.
38. Қабылдауды жақсарту үшін сыни сәттерді жиі пайдалану.
39. Оқушылардың қажеттілігін қамтамасыз ету.
40. Жаңа материалды өтілген материалмен байланыстыру.
41. Ойша қайталауды ұйымдастыру.
42. Материалды басқаша сөздік немесе белгілік формаға айналдыру.
43. Оқылатын пәндер бойынша мазмұнды түрлендіріп беру.
44. Шығармашылық орта құру.
45. Сәйкес деңгейдегі әр түрлі типті мектептерде оқыту.
46. Сабақтағы жұмысты әр түрлі сыныптан тыс жұмыспен үйлестіру.
47. Оқытуды жеделдету.
48. Мектеп бағдарламасын кеңейту.
49. Жоғары танымдық деңгейді қажет ететін тапсырмаларды пайдалану.
50. Әр түрлі тапсырмаларды орындауға кететін уақытты есептеу.
51. Алдын ала немесе қарқынды оқыту.
52. Қызығушылығына қарай оқушыларды топтастыру.
53. Проблемалық оқытудың әр түрін пайдалану.
54. Таңдау еркіндігін беру.

55. Сюжеттік-рольдік ойындарды пайдалану.
56. Оқытудың бейімдік жүйесін пайдалану.
57. Дербес жұмыс тәсілін, өзін-өзі бақылауды, зерттеушілік қызмет тәсілдерін үйрету.
58. Ұйымдастыру біліктілігін қалыптастыру.
59. Оқыту шарттарын дифференциялау.

Дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтерге арналған сауалнама

Мақсаты: дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтердің білім алушыларын қолдау көрсету деңгейін анықтау.

Жұмыс барысы: педагогтер назарына он сауал ұсынылады, әр сауалға «иә» немесе «жоқ» деген жауаптар беріледі.

Сауалдар	Жауаптар	
	Иә	Жоқ
1. Мен баланың бар сауалына барынша шыдамдылықпен, шынайы жауап беремін		
2. Мен балаға жұмысының нәтижесін жақсарту үшін жәрдемдесемін		
3. Мен баланы сүйікті ісіне қажетті кітаптармен, материалдармен қамтамасыз етемін		
4. Мен баланы қиялдауға, ойдан қиыстырып, құрастыруға ынталандырамын		
5. Мен баланы мәселені айқындап, оны шешуге ынталандырамын		
6. Сабақ үстінде балаға лайықты мақтау табамын		
7. Мен балаға шын мәнінде шешім қабылдауға мүмкіндік беремін		
8. Мен баланы өздігінен ойлануға үйретемін		
9. Мен баланың бастаған жұмысының негізгі бөлігін, нәтижесіне сенімді болмаса да, өзі орындауы дұрыс деп есептеймін		
10. Мен балада оның бейімділіктерін жағымды қабылдауды дамытамын		

Нәтижені талдау және өңдеу: педагогтердің берген жауаптарына қарай талқыға салынады.

Ата – аналарға арналған әдістеме

Баланың аты-жөні _____

Жасы _____

Сыныбы _____

Мекен-

жайы _____ **телефоны** _____

Мақсаты: ата-ананың баласы туралы ақпарат беруімен қатар, оның немен айналысатындығы, шығармашылық іс-әрекетке деген баласының бейімділігін, ата-аның баласын қанишалықты қадағалап отыратындығын анықтау.

Жұмыс барысы: Мектептің оқу бағдарламасы сіздің балаңызға экспериментке қатысуды ұсынады. Осы орайда балаңыз туралы ақпаратпен қамтамасыз етуде сіздің көмегіңіздің маңызы зор. Сауалнама толтыру үшін, бірнеше минут уақытыңызды бөлуіңізді сұраймыз. Балаңыз туралы ғана жақсы білетін мағлұматтарды белгілеп, көрсетілген уақытта мектепке әкеліңіз.

Сауалдар

1. Менің баламның сөздік қоры мол және ол өз ойын жақсы жеткізеді. Егер “ия” деп жауап берсеңіз, мысал келтіре кетіңіз.

Ия _____ жоқ _____

2. Менің балам тапсырманы орындағанда бар күшін жұмсайды, табанды әрі тапсырманы өз бетімен орындайды.

Мысал _____ келтіруіңізді өтінеміз. _____

_____ 3. Менің балам кітап оқуды бала бақшадан бастады.

Ия _____ жоқ _____

4. Егер “ия” деп жауап берсеңіз, балаңыз оқыған кітаптарды атаңыз.

5. Балам құмарлана кітап оқиды.

Ия _____ жоқ _____

6. Балаңыздың соңғы 6 айда оқыған кітаптарын атауыңызды өтінеміз.

7. Сіз балаңызды қай жағынан талантты немесе ерекше қабілетті деп ойлайсыз?

8. Сіздің балаңыздың аса қызығушылық танытатын заттарын және хоббиін атаңыз (коллекция жинау, модельдер жинақтау, шеберлік және т.б).

9. Балаңыз мектептен тыс уақытта қандай арнайы қосымша сабақтарға барады?

10. Сіздің балаңыздың мектепке қарым-қатынасы қандай?

11. Мектеп пен үйдегі жағдайлар балаңыздың мектепке баруына кедергі жасайды ма?

12. Бізге балаңызға арнап бағдарлама жоспарлауда көмегін тигізер қандай ерекшеліктерді атап кетер едіңіз?

13. Балаңыз бос уақытында немен айналысқанды ұнатады?

14. Сіз өз балаңызды аса дарынды деп атар ма едіңіз?

Ия _____ жоқ _____

Егер сіздің жауабыңыз “иә” болса, белгілей кетіңіз:

а) бір нәрсені қиялмен орындайды, күрделі сөздер мен ым жасай түсіндіреді;

ә) қарапайым мағлұматтарды күтпеген кейіпте пайдаланады;

б) бір нәрсені орындағанда қарапайым тәсілдерді пайдаланбай, жаңа тәсілдерді таңдайды;

в) "ойлармен ойнағанды" ұнатып, орынсыз жаңа жағдаяттар туғызады.

15. Сіздің пікіріңізше, балаңыз дарынды балаларға арналған бағдарламаның қай саласын игере алады?

Жауап бергеніңіз үшін рахмет!

Нәтижені талдау және өңдеу: ата-аналардың берген жауаптарына қарай талқыға салынады.

“Дарындылық картасы” әдістемесі
(А.И.Савенков жасаған)

Жалпы сипаттама: Әдістеме ата-аналар мен мұғалімдерге арналған. Ол екі қызметті орындауға бағытталған.

1.диагностикалау, бала бойындағы түрлі қабілеттердің байқалу деңгейін, қай түрі басым екенін сандық сипатта бағалай аласыз. Алынған он бағаны сәйкестендіру арқылы балаңызға тән дарындылықтың даму портретін көре аласыз.

2.дамытушылық, баланы бағалауға арналған тұжырымдарды оның келешек даму бағдарламасы деп қарастыруға болады.

Нұсқау: Жауап парағына аты-жөніңізді жазыңыз. Жауаптарыңызды ретіне қарай ұяшықтарға түсіріп отырыңыз. Егер сұрақ мазмұны сізге ұнамаса «—», ұнаса «+», егер өте ұнаса «+ +» белгілерін қойыңыз. Егер қандай да бір себептермен жауап беруге қиналсаңыз, сол жауап ұяшығын бос қалдырыңыз. Сізге бала іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзіндік он саласын қамтитын жүйелендірілген 80 сұрақ ұсынылып отыр. Оларды зейін қойып зерделеп, келесі шкаланы пайдалана отырып, әрбір көрсеткіш бойынша балаңызға баға беріңіз: бағаны жауап парағына қойыңыздар. Бірінші тұжырым бойынша бағаны жауап парағының бірінші ұяшығына, ал екіншіні екіншісіне және т.б қоясыз. Толтыру уақыты 10-15 минут.

Сұрақтар

- 1) Логикалық тұжырым жасауға, абстрактілі түсініктерді пайдалануға қабілетті.
- 2) Қалыптан тыс ойланып, көп жағдайда тосын, қайталанбас шешімдерді ұсынады.
- 3) Жаңа білімдерді оңай игереді.
- 4) Салған суретінде ұқсастық жоқ. Сюжет таңдауда ерекшелік танытады. Әдетте көптеген зат, адам және түрлі жағдаяттарды бейнелейді.
- 5) Музыкалық сабақтарға үлкен қызуғышылық танытады.
- 6) Әңгімелер мен өлеңдерді құрастырып, жазуды ұнатады.
- 7) Түрлі кейіпке: адам, жануар және т.б. оңай енеді.
- 8) Механизмдер мен машиналарға қызығады.
- 9) Құрбылармен қарым- қатынас жасауда бастама танытады.
- 10) Қуатты, көп қозғалысты қажет ететін бала деген әсер қалдырады.
- 11) Жіктеп, даралауға үлкен қызығушылық пен асқан қабілет танытады.
- 12) Жаңа талпыныстардан қорықпайды, әрдайым жаңа ойды сынақтан өткізуге ұмтылады.
- 13) Естігенін және оқығанын қайталамай-ақ жылдам есте сақтайды, есте сақтауға тиіс нәрсеге көп уақыт жұмсамайды.
- 14) Жақсы фильм көргенде, музыка тыңдағанда, таңғажайып мүсін, әдемі зат көргенде ойлы және ақылды кейіп танытады.
- 15) Музыка ырғағы мен сипатына сезімталдықпен көңіл бөледі.
- 16) Сюжет құрудан, дау-дамайды шешуге дейінгі көлемде әңгімені оңай құрастыра алады.
- 17) Әртістік ойынға қызығушылық танытады .
- 18) Бұзылған құралдарды оңай жөндеп, жаңа ойыншық, құрал жасау үшін ескі детальдарды пайдалана алады.
- 19) Бейтаныс адамдардың арасында өзіне сенімділігін жоғалтпайды.
- 20) Спорт ойындары мен жарыстарына қатынасқанды ұнатады.
- 21) Өз ойын оңай жеткізеді, сөздік қоры мол.
- 22) Түрлі заттарды таңдау мен пайдалануды шығармашыл (мысалы, ойыншық ретінде үй тұрмысындағы заттарды пайдалана алады).
- 23) Өз қатарларынан жаңалықтар мен оқиғалар туралы ерте хабардар болады.
- 24) Гүл, сурет, тас, марка және т.б. ерекше композиция жасауға бейім.
- 25) Әнді жақсы орындайды.

- 26) Әңгіме айтқанда сюжетті жақсы ұстанып, негізгі ойынан адаспайды.
- 27) Басқа адамның кейпіне енгенде, дауыс ырғағын икемдеп, өзгертеді.
- 28) Механизмнің бұзылу себебін анықтауды, сынықты жөндеу жолдарын іздеуді ұнатады.
- 29) Балалармен және үлкендермен тез тіл табысады.
- 30) Құрбылар арасындағы түрлі спорт ойындарында жиі жеңіске жетеді.
- 31) Екі оқиға мен себеп-салдар арасындағы байланысты онай табады.
- 32) Өзі қызыққан нәрсеге бар болмысымен бойлауға бейім.
- 33) Өз қатарларын оқудан бір немесе екі жыл алға басып озады, яғни қазіргі оқып жатқан сыныбынан да жоғары сыныпта оқуға лайық.
- 34) Ойыншық, коллаж, сурет, ойын алаңында балалар үйшіктерінің құрылысында жаңа материалды пайдаланғанды ұнатады.
- 35) Музыка аспабында ойнауға, билеу мен ән салуда бар күші мен сезімін салады.
- 36) Оқиға туралы әңгімелегенде тек қажетті детальдарды, басты сипаттарын ғана ұстанып, қажетсізін қалдырып кетеді.
- 37) Драмалық сипаттағы дау-дамайды түсіну мен салуда өз қабілетін танытады.
- 38) Механизмдер сызбалары мен нобайын жасауды ұнатады.
- 39) Басқа адамдардың іс-әрекетінің себеп-салдарын түсінеді. Аяқталмаған ойды тез түсінеді.
- 40) Бала бақша мен сыныпта бәрінен жылдам жүгіреді.
- 41) Ақыл-ойды көп қажет ететін күрделі мәселелерді шешуді ұнатады.
- 42) Бір мәселені шешудің түрлі жолдарын қарастыра алады.
- 43) Танымы жан-жақты, айқын.
- 44) Бос уақытында ата-анасының нұсқауынсыз көркемдік қажеттілікке ие (үйді, киімді әсемдеу және т.б) суреттерді, мүсіндерді, композицияларды қуана-қуана салады әрі жасайды.
- 45) Музыкалық жазбаларды ұнатады. Концерт немесе музыка тыңдауға болатын жерге барғанды ұнатады.
- 46) Кейіпкерлердің эмоциялық жағдайын, сезімдері мен тебіреністерін жеткізе алатын сөздерді әңгімелеу барысында біледі.
- 47) Сезімдерін ыммен, қозғалыспен жеткізуге бейім.
- 48) Жаңадан жасалған машина, механизм, құралдар туралы журналдар мен мақалаларды оқығанды (біреу оқыса, тыңдағанды) ұнатады.

- 49) Басқа балалардың ойыны мен жұмыстарына жиі басшылық жасайды.
- 50) Жеңіл қозғалады. Қозғалыс үйлесімділігі жақсы.
- 51) Байқампаз, құбылыстар мен оқиғаларды талдағанды ұнатады.
- 52) Өз ойын ұсынып қоймай, басқалардікін де, өзінікін де өңдей алады.
- 53) Өз құрбыларынан бір немесе екі жыл бұрын кітаптар, мақалалар, ғылыми басылымдарды оқиды.
- 54) Өз сезімі мен көңіл күйін білдіру үшін сурет салып, мүсін жасауға көп бой ұрады.
- 55) Қандай да бір музыкалық аспапта жақсы ойнайды.
- 56) Оқиғаны түсінуде маңызды детальдарды әңгімелеу барысында жеткізе алады (өз құрбылары жеткізе алмайды), сондай-ақ әңгімелеп отырған оқиға желісінен адаспайды.
- 57) Басқа адамдардың эмоциялық қобалжуын бір нәрсені асыра әңгімелегенде оятуға тырысады.
- 58) Ғылыми оқиғалар, жаңалықтар туралы әңгімелегенді ұнатады және көп ой толғатады.
- 59) Өз жасына лайық жауапкершілікті мойнына алуға бейім.
- 60) Жорыққа шыққанды, ашық спорт алаңдарында ойнағанды ұнатады.
- 61) Символдар, әріптер мен сөздерді есінде ұзақ сақтай алады.
- 62) Өмірлік мәселелерді шешуде дәстүрден тыс жаңа шешімдерді сынап көруге қабілетті.
- 63) Қорытынды мен жинақтаулар жасай алады.
- 64) Ән айту мен музыкада өз сезімі мен көңіл- күйін білдіруге ұмтылады.
- 65) Көпшілікке белгілі нәрсе туралы әңгімелегенде жаңа, ерекше өзгертулер қосып айтуға, қиялдауға бейім.
- 66) Көлемді бейнелеу жасауда саз, ермексаз, қағазбен және желіммен жұмыс істегенді ұнатады.
- 67) Оңай әсірелеп, эмоциялық қобалжулары мен сезімдерін оңай жеткізеді.
- 68) Өз “жобаларын ” нобайлауға және жүзеге асыруға көп уақыт бөледі(ұшу аппараттары, автомашина, кеме модельдері).

- 69) Басқа балалар онымен ойын ойнағанда және тапсырмалар орындағанда әріптес болғанын қалайды.
- 70) Бос уақытын қозғалыс ойындарына (хоккей, баскетбол, футбол және т.б.) жұмсағанды ұнатады.
- 71) Қызығушылық аясы кең, заттың шығу тегі мен қызметі туралы сұрақтарды көп қояды.
- 72) Немен айналысса да, өнімшіл (сурет салу, оқиға құрастыру, нобайлау және т.б.), түрлі ойлар мен шешімдер ұсынуға қабілетті.
- 73) Бос уақытында көркем әдебиеттерді оқымай (ертегі, детектив және т.б.), ғылыми –танымал басылымдарды (балалар энциклопедиясы мен анықтамалар) оқығанды ұнатады.
- 74) Өнер шығармаларына өз бағасын бере алады, сурет, ойыншық, мүсіндерінде өзіне ұнаған нәрсені бейнелеуге тырысады.
- 75) Өзіндік, ерекше әуендер ойлап табады.
- 76) Өз әңгімелерінде кейіпкерлерін тірілте отырып, олардың мінезін, сезімдері мен көңіл-күйлерін жеткізе алады.
- 77) Ойын әсірелеуді ұнатады.
- 78) Компьютерді оңай әрі тез игереді.
- 79) Нандыру қасиетіне ие, өз ойына басқаларды сендіре алу қабілеті бар.
- 80) Құрдастарына қарағанда дене бітімі жағынан төзімді.

Жауап парағы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
51	52	53	54	55	56	57	58	59	60
61	62	63	64	65	66	67	68	69	70
71	72	73	74	75	76	77	78	79	80
Әр бағана бойынша алынған ұпайлар жиынтығы									

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Нәтижелерді өңдеу және талдау:

Сұрақтар бала бейімділігін шартты түрде сегізсалаға бөле отырып, сәйкесінше құрастырылған: бұл әдістеме диагностикалық қызметтен бөлек, өзгерту енгізу мен педагогикалық мәселелерді шешуде көмегін тигізеді. Алынған нәтижелердің баланы әрі қарай бақылауда тірек-сызба ретінде пайдасы тиетінісөзсіз. Оларарқылы баланыжан-жақты және үйлесімді дамытуға болады. Тігінен қосу және алу таңбаларын санап шығыңыз (олар өзара қысқарады). Санақ нәтижесін бағана соңына жазыңыз. Алынған ұпай жиынтығы сіздің бала бойындағы мынадай дарындардың даму деңгейіне берген бағаңызды сипаттайды:

1. Танымдық
2. Шығармашылық
3. Академиялық (ғылыми)
4. Көркем-бейнелеу
5. Музыкалық
6. Әдеби
7. Әртістік
8. Психологиялық
9. Көшбасшылық (лидерлік)
10. Спорттық

Ата-аналар мен педагогтерге балалардың зерттеушілік бейімділіктері мен өздігінен білім алу біліктілігін тәрбиелеуге арналған нұсқаулық

- Нұсқау берменіз, тәуелсіз жұмыс істеуіне жәрдемдесіңіз.
- Балалардың бастамасына кедергі болмаңыз, олар өздері жасай алатын нәрсені жасамаңыз.
- Білім алушылардың пәнаралық байланысқа үнемі назар аударып отыруын және өзге пәнде алған білімін екінші пәнде қолдануын талап етіңіз.
- Білім алушылардың жағдаятқа зерттеу жасауға, проблеманы дербес шешу дағдыларына үйретіңіз.
- Білім алушыларды білімді меңгеру процесін басқаруға үйретіңіз.
- Бәріне шығармашылықпен қараңыз.

Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылық дамуы бойынша Батыс Қазақстан облысының «Балалар техникалық шығармашылық орталығы» МКҚК жұмысының тәжірибесі

Қазіргі кезде елімізде ғылым мен техника күннен күнге қарыштап даму үстінде. Ақпараттарға сүйенсек, кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы рөлі сол елдің техникалық даму деңгейімен анықталады. Елбасы да биылғы Жолдауында Қазақстанда инженерлік кадрлардың жетіспеуін және техникалық мамандықтарға көңіл болу керектігін айтқан болатын. Сондықтан, техникалық шығармашылықпен айналысатын қосымша білім беру ұйымдарының басты мақсаты мектеп білім алушыларына мамандық алғанға дейінгі даярлық-бастапқы техникалық біліммен қаруландыру, инновациялық өркениет пен жаһандану үрдісінің талабына лайықты білім беру және сол ағымда тәрбиелеу.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысы бойынша техникалық шығармашылық қызметі екі орталықта (Облыстық балалар техникалық шығармашылығы орталығы мен Бөкейорда аудандық техникалық шығармашылығы орталығы) және облыс аудандарының, Орал

қаласының мектептен тыс жұмыстар ұйымдарында жүргізіліп келеді. Техникалық шығармашылық үйірмелеріне қатысушылар саны жылма-жыл көбейіп облыс бойынша барлық саны 122 техникалық үйірмелерге 3131 оқушы тартылып отыр.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда білім алушылардың ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, шығармашылық қабілетін, талантын дамыту облыстық балалар техникалық шығармашылығы орталығының басты міндеті болып отыр.

Техникалық шығармашылық - еңбек белсенділігінің, ой дамуының ең сенімді резерві және жарасымды, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың мықты құралы, онсыз ел ертеңін елестету қиын.

Бұл бағытта Орталық ұжымының қосымша білім бағдарламаларын жүзеге асыру және қалыптастырудағы тәжірибесі өте қызықты, әрі бай, оқыту мен тәрбиелеудегі атқарып отырған тәжірибе бөлісер жұмыстары баршылық.

Қай баланы жүріп бара жатқан көлік немесе көк аспанда ұшып бара жатқан ұшақ немесе зымыран елең еткізбейді. Болашақта білім алушылар арасынан ертеңгі күні ел қажеттілігіне қажет автолесарь мен автоинженерлер шығаруы мүмкін. Мысалы «Картинг» және «Жас автомобилист» үйірмелерінде ұстаның құрал саймандарымен жұмыс жасай білуді, машинаның қозғауышын (двигателін) реттеуді, әртүрлі темір өндеу станоктарында жұмыс жасауды, картингты құрастырып жүргізуді, сонымен қатар, автомобильдің шығу тарихын және құрылысын оқып меңгереді.

Техникалық шығармашылықтың ең тараған түрі – авиамодельдеу- бұл авиация техникасын меңгерудің алғашқы сатысы. Ұшақ үлгісі - өзіндік қасиеті, аэродинамикасы, конструкциясы сақталған бірнеше рет кішірейтілген ұшақ. Оны құрастырып ұшыру үшін білім мен дағды қажет. Ал оған үйрететін, үйірме жұмысын практикалық мектепке айналдырып отырған қосымша білім беру педагогтері.

Білім алушылардың қызыға қатысатын үйірмелердің бірегейі кеме, зымыран модельдеу және радиотехника үйірмелері. Бұл үйірмелердің маңыздылығы – білім алушының техникалық ой-өрісін, конструкторлық шеберлігін дамытады, модель құрастыру туралы бастапқы білім мен қатар болашақ мамандық таңдауға мүмкіндік алады. Жыл бойына алған

білімдерін жаз айларында қаламыздың орман, өзен, көлдері жағасында өтетін облыстық жарыстарға шығарады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары білім алушыларға қолөнердің қыр-сырын меңгерту, көркемдік мәдени бай мұраларын игерту, туған халқының өнеріндегі парасатты дәстүрлеріне танымдық көзқарастарын қалыптастыру мақсатында сәндік қолданбалы өнер үйірмелері жұмыс істейді.

Педагогтер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін пайдалана отырып үйірме жұмысының сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Үйірме жетекшілері бала бойындағы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың әр түрлі жолдар ішіндегі ең тиімдісі - баланың өзіндік зерттеу және іздену тәжірибесін таңдап алып, білім алушыны ғылыми шығармашылықпен айналысу бағытында едәуір жұмыстар жүргізуде.

Орталықта білім алушыларды ғылыми ізденіске баулу, олардың зерттеушілік қабілеттерін, іскерлік пен дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Жігер» атты білім алушылардың ғылыми қоғамы құрылды.



Сурет 1.«Жігер» аттыбілім алушылардың ғылыми қоғамы.

Бұл ретте білім алушы өзін қызықтыратын тақырыпты тандай отырып, жетекшісімен бірге айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың жолдарын қарастырады және өз ойларын қоғам отырыстарына ұсынып талқылап отырады. Педагог білім алушының ғылыми жоба жазуға деген қызығушылығын арттыра отырып, зерттеу жұмысын жазуға бағыттайды, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өздігінен шешім

кабылдауға, түрлі ақпараттар жинақтауға көмектесіп отырады. Осы тұрғыда білім алушылардың ғылыми қоғамының алатын ролі ерекше.

Облыстық балалар техникалық шығармашылығы орталығындағы «Жігер» атты білім алушылардың ғылыми қоғамы интеллектуалдық ойындар, пікір сайыстар, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу (зерттеу жұмысын жүргізу, рефераттар қорғау, жоба қорғау), шеберлер байқауы, модельдер жарысы т.б. жұмыстарды жоспарлай отырып ұлы ақын, ғалым Жүсіп Баласағұнның «Біле бер қанша білсең – тағы тіле, Жетерсің мақсатыңа біле, біле» деген нақыл сөздерін ұран етіп алып өз жұмыстарын жүргізуде. Білім алушылардың ғылыми қоғамының өз жарғысы, эмблемасы бар.

Облыс білім алушыларын ғылыми-ізденіске баулу жұмысы соңғы 3-4 жылдан бері жүргізіліп келеді. Жыл өткен сайын әр түрлі ғылыми жарыстарға қатысушылар саны көбейіп жұмыстардың сапасы жақсаруда.

Білім алушылар ғарыштық зерттеулер салаларын қамтитын жобаларын және конструкторлық, зерттеушілік, өнертапқыштық жұмыстарын республикалық, халықаралық деңгейдегі қомақты шараларға ұсынып жүлделі орындарға ие болуда. Тек соңғы 2013-2014 оқу жылының жетістігіне келер болсақ:

2013 жылдың қазан айында Астанада өткен «ЭКСПО-2017 балалардың көзімен» атты ғылым мен техниканың Халықаралық ғылыми-тәжірибелік форумына 7 оқушы қатысқан болатын, солардың ішінен «Автоматика, телемеханика, радиотехника және интеллектуалдық жүйе» номинациясы бойынша 2 орын, «Спорттық-техникалық модельдеу» номинациясы бойынша 3 орынға иеленді.



Сурет 2. «ЭКСПО-2017 балалардың көзімен» тақырыбы аясындағы «Мектеп табалдырығынан ғылымға» атты ғылым жәнетехниканың халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум жеңімпаздары 2013 жыл, 8-9 қазан, Астана қаласы.

Білім алушылардың астрономияға қызығушылығын арттыру, космостық технология мен космостық білімді тәжірибеде қолдану мен зерттеу бойынша дарынды балаларды анықтау мақсатында өткен «Оқушылардың III-ші Республикалық Астрономиялық турниріне» Батыс Қазақстан облысы командасының құрамында қатысқан 5 білім алушы командалық II дәрежелі дипломмен марапатталды және жас астрономдар мен ғарышкерлердің республикалық слеті аясында өткен «Астрономия мен ғарыштық физика» ғылыми жобалар конкурсынан білім алушылар 2 және 3 орынға иеленді.

Ағымдағы жылдың сәуір айында Байқоңыр қаласында өткен ғарыштық зерттеулер халықаралық «Ғылым әлемін ашамыз» атты ғылыми жарыс қортындысы бойынша үш бірінші, үш екінші, алты үшінші орын алып, барған 15 оқушының 12-сі жүлделі орынмен оралғанын мақтанышпен айта алады.

Бір айта кететін жайт халықаралық ғылыми жарыстарға қатысып жүлделі орын алған білім алушыларға республикамыздың кез келген жоғары оқу орындарына грант ұтып алу мүмкіндігі беріледі. Қазіргі таңда жалпы саны 15 түлегіміз грант иегері атанып еліміздің әртүрлі жоғары орындарының техникалық факультеттерінде оқып жүр, биыл 10 түлегіміз тағы осындай жетістіктерге қол жеткізіп отыр.

Сондай-ақ, облысымызда әуе, зымыран, кеме, автотехникалық спорт түрлері жақсы дамып келеді. Облыс білім алушылары арасында техникалық спорт түрлерін дамыту және насихаттау, жас техниктердің спорттық шеберліктерін арттыру, аудандар арасынан мықтыларды анықтау мақсатында облыстық

жарыстар ұйымдастырылады, жарыс қортындысы бойынша Батыс Қазақстан облысының команда құрамы анықталып білім алушылар республикалық жарыстарға қатысып отырады.

Биылғы республикалық кеме модельдеу спортынан білім алушылардың жазғы VII спартакиадасында кеме модельдеу спортынан екі күміс, үш қола, әуемодельдеу спортынан екі күміс, бір қола, авто модельдеу спортынан бір күміс, бір қола медальмен оралды.

Соңғы жылдары білім алушылар арасында инженерлік мамандықтарды насихаттау, Лего бағдарламалық негіз арқылы білім алушылардың конструкторлық шеберліктерін, логикалық ойларын дамыту мақсатында облыстық балалар техникалық шығармашылығы, Бөкейорда аудандық балалар техникалық шығармашылығы, Тасқала аудандық балалардың мектептен тыс жұмыс орталықтарында «Робототехника» үйірмелері ашылды. . Бұл бағытта әр түрлі бағдарламалық пакеттер жасақталып дайын роботтарға белгілі бір функционалдық тапсырыстар беру арқылы роботтарды түрлі кедергілерден өту немесе рингтегі қарсылас роботты жеңу үшін автономды робот дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Соңғы жылдары техникалық шығармашылық қызметіндегі ғылыми-инновациялық үдерістерді одан әрі дамыту мақсатындағы «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенімен бірлескен түрде атқарып отырған жұмыстар айтарлықтай нәтиже беруде. Аталмыш жоғары оқу орнымен бірлесіп ұйымдастырылған ғылыми-көпшілік шаралар бір жерден шығуының басты себебі – екі мекеменің кәсіптік бағдарларының бағыттастығында деп білеміз.

Білім алушылардың құрастырған ғарыштық модельдері жылма-жыл, сәуірдің 12-де ҚР ғылым қызметкерлері және Космонавтика күні қарсаңында «КазИИТУ» базасында өтетін білім алушылардың инновациялық жұмыстар көрмесінің төрінен тиісті орындарын алып жүр. «КазИИТУ»-дың сыртқы академиялық қарым-қатынастық бағдарламалары шеңберінде әріптес оқу орындары болып табылатын Самара, Саратов, Уфа, Волгоград, Орынбор және Мәскеу (Ресей Федерациясы) қалаларындағы экология, экономика және технология саласының жетекші оқу орындары ғалымдарының Оралға келген кездегі білім алушылардың көрмеге ұсынған дүниелері жөніндегі пікірлері мақтануға тұрарлықтай. Осының айғағы, биылғы жылы Халықаралық қоғамдық ғарыш саласын қолдау қорының Ғарыш қызметіне сінген

еңбегі үшін медалімен және «Ғарыш қызметін насихаттау және балалар техникалық шығармашылығын дамыту» үшін дипломмен марапатталды.

Жалпы айтқанда, қазіргі күрделеніп жатқан әлемде жастардың арасында техникалық салаға өзіндік шығармашылық оймен жақындайтын азаматтарды тәрбиелеу еліміздің өсіп өркендеуі үшін аса маңызды. Ал білікті, білімді жастарды тәрбиелеуде техникалық шығармашылық орталықтар мен жас техниктер станцияларының алатын орны зор. Олай дейтін қосымша білім беру ұйымдарында жас ұрпақтың техникалық ғылымға деген қызығушылығын тудыру, өнертапқыштық, шығармашылық жұмысқа тарту және нәтижелілігін арттыру, шығармашылық ынтасы және белсенділікті дамыту қызметі іске асырылып отырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бала дарындылығы тек мектептегі жетістіктерімен ғана емес, мектептен тыс шаралар негізінде де анықталуы тиіс. Біз баланың дарындылығы мен оқуға бейімділігін әрқашан айыра бермейміз. Әлеуметтік мүмкіндігі бірдей, бірақ әлеуметтік-экономикалық жағдайы әр түрлі отбасындағы балаларды салыстырғанда, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары отбасындағы бала өзге құрбыластарына карағанда анағұрлым жоғары жетістіктерімен көрінуі мүмкін. Балалық шақтағы анықталған қабілеттері адамның болашақта жетістікке жетуіне толық негіз бола бермейді. Олар біртіндеп немесе тез арада жойылуы немесе өркендеп дамуы мүмкін. Бұл жағдайды тәжірибелік жұмысты ұйымдастыруда есепке алу өте маңызды.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Дарынды балаларды оқытатын мектептерді мемлекеттік қолдау мен дамыту туралы» Жарлығы елімізде аса талантты балалармен жұмыс істейтін біріңғайлы жүйені қалыптастыруға негіз болды. Ерекше зейінділік, күрделі де терең ақыл-ой жұмысына әрқашанда әзір тұру, еңбекке ұмтылудың табандылыққа ұласуы, демалыспен есептеспей, қажымай талмай еңбек ету- дарынды балалардың басты ерекшеліктері. Оларды баулып, қамқорлыққа алу баршамызға ортақ міндет. Өйткені таланттар қай кезде де, қандай қоғамның болса да іздесе таптырмайтын ұлттық рухани байлығы екендігі баршамызға мәлім.

Білімді даралап, саралап берудің басты бағыттарының бірі- дарынды, талантты балалар мен жасөспірімдерді оқыту. Негізгі мақсат- оқытуды оқушының қабілетне қарай саралау, даралау, оқытудың дамушылық қызметін іске асыру, оқытуды адамының тәжірибелік іс- әрекетімен қоршаған ортамен байланыстыру, білім мазмұнын ізгілендіру.

Дарынды балаларды анықтау, оқыту және қолдау, жетілдіру үшін қазіргі психологиялық-педагогикалық технологиялар, тиімді білім беру ортасын құру, осы категориядағы оқушыларға арнап бағдарламаларды төл тілімізде көптеп жасап шығару, әрі оны қосымша білім беру ұйымдарында қолданылу өзектілігі артып отыр. .

Дарынды балалар мектеп бағдарламасын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық жұмыстарға арнайды. Дарын өкілдерінің қуат-қабілетінің шарықтайтын шегі болады. Мұндайда олардың санасы

барынша өткірленіп, мейлінше айқындалады, бақылампаздығы онан сайын арта түседі.

Жүсіпбек Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын-оқыту мен тәрбие. «Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін» дейді ғалымдар. Осы себепті де әр жерде оқта- текте кездесіп қалатын дарынды балаларды ұстаздық қамқорлықпен көре біліп, оны арнаулы оқу орындарында тәрбиелеу, баланың өміріне жол ашу үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс деген түйінге келмекпіз.

Дарынды балалармен жұмыс істеуде төмендегідей кезеңдерді жүзеге асырған абзал болып табылады:

1. Бала бойындағы қабілеттерді бақылау. Жалпы, дарындылықты анықтау, дамыту аса шеберлікті қажет етеді. Бақылауда асығыстық жасауға болмайды. Зерттелетін объектіні айқын белгілеу үшін белгілі педагогикалық –психологиялық әдістер қолданылады. Қай әдісті алсақ та бала табиғатын толық ашатындай болсын. Баланың табиғатын ұқпаған кісі, оны қанша әуреленгенімен еш нәтиже шығара алмайды. Яғни, педагог үшін бала жанын түсіну үлкен өнер, ол дәрігердің адам денесін, ұстаның ағаш және темірді білгеніндей өте қажет .

2. Білім алушыны алдымен қабілетіне қарап сыныптан шартты түрде даралаймыз. Бұл даралауда құпиялық сақталады. Дарынды баланың сыныпта тапсырмаларды орындауға белсенділігі, ұшқыр жауаптары, жаңа сабақты жылдам меңгеруі, үй тапсырмасын орындаудағы тиянақтылық, қайталау сұрақтарына мүдірмеу, т.с.с. есепке алынады. Зерттеу жүйелі жүргізуді талап етеді.

3. Білім алушының потенциалдық мүмкіндіктерін анықтау.

4. Баланың таным процестерінің даму ерекшелігін де қарастыру, жан-жақты зерттеу. Олар: зейін, ойлау, қабылдау, есте сақтау, қиял, сөз. Сонымен бірге баланың жеке-дара ерекшеліктерін де қарастыру: темперамент, эмоционалдық жай- күйі.

5. Пікіріндегі дәлдік, толықтылық, жүйелілік. Сұраққа жауап беруінде немесе әңгімелесу кезінде әрбір сөйлемге мән беруі, орынды пайдалануы.

Балалық шақтағы анықталған қабілеттері адамның болашақта жетістікке жетуіне толық негіз бола бермейді. Олар біртіндеп немесе тез арада жойылуы мүмкін немесе өркендеп дамуы мүмкін. Бұл жағдайды практикалық жұмысты ұйымдастыруда есепке алу өте маңызды.

**Ақыл-ой дамуының тесті
(ШТУР)**

Мақсаты: баланың ақыл-ойының даму деңгейін анықтау.

Жұмыс барысы: зерттелушілер назарына бірнеше бөліктен тұратын тапсырмалар жиынтығы беріледі. Әр тапсырманы орындау бойынша мысалдар келтірілген, соған сәкес тапсырмалар орындалады.

Тапсырмалар

№1 тапсырмалар жинағының түсініктемесі мен мысалдары
Сұраулы сөйлем тұрғысында тапсырмалар беріледі. Сөйлем құрамында бір сөз жетпейді. Сіз төменде берілген 5 сөзден қажеттісін алып, сөйлемді толықтырасыз. Тек біреуін ғана таңдау керек.

Мысалы:

Мағынасы жағынан «биография» мен сөздері бірдей?

а) жағдай, ә) ерлік, б) өмірбаян, в) кітап, г) жазушы

Дұрыс жауабы *өмірбаян* сөзі, сондықтан «б» әрпін белгілеу керек.

«Жағымсыз» сөзіне қарама-қайшы сөз ...?

А) сәтсіз, ә) даулы, б) маңызды, в) кездейсоқ, г) жағымды.

Дұрыс жауабы *жағымды* сөзі, сондықтан «г» әрпін белгілеу керек.

№1А тапсырмалар жинағы

1. Адам есімі мен әке аттарының алғашқы әріптері аталады.

А. Вензель, Ә. Инициалдар, Б. Қолтаңба, В. Индекс, Г. Анаграмма

2. Гуманистік – ол

А. Қоғамдық Ә. Адамдық Б. Кәсіптік В. Ашушандық Г. Менсінбеушілік

3. Табиғат пен қоғамға көзқарастың жүйесі деп -

А. Арман Ә. Баға Б. Дүниетану В. Ой өрісі Г. Иллюзия

4. Демократия мен сөздері мағынасы жағынан бірдей.

А. Анархия Ә. Абсолютизм (шексіз билік) Б. Халық өкіметі В. әулет Г.

Тап

5. Малдың ең жақсы тұқымын, өсімдіктердің ең жақсы сорттарын шығаратын ғылым

А. Бионика Ә. Химия Б. Селекция В. өсімдіктану Г. Физиология

6. Кітаптың, дәрістің, баяндаманың мазмұнын білдіретін қысқа жазба -

.....

А. Абзац Ә. Цитат Б. Тарау В. Үзінді Г. Конспект

7. Көп оқығандық, терең білу – ол
- А. Интеллектілік Ә. Іс-тәжірибелік Б. Эрудиция В. Талант Г. Дарын
8. Қоршаған ортаға, айналадағы тіршілікке қызығудың жоқтығы – ол
- А. Рационалдық Ә.енжарлық Б. Сақтық В.қарама-қайшылық
Г.мейірімсіздік
9. Адам өмірі мен іс-әрекетін бағалаушы заңдар жинағы – ол
- А. Қарар Ә.қаулы, Б. Салт-дәстүр, В. Кодекс,Г.жоба
10. «Екіжүзді» ұғымына қарама-қайшы келетін – ол
- А. Адал Ә.қарама-қайшы Б.жалған В. әдепті Г. Батыл
11. Пікірталас адамдардың өзара келісімімен аяқталса, онда ол туралы?
- А. Компромисс (ымыра) Ә.қарым-қатынас Б.бірлестік В.келіссөз
Г.қарама-қайшылық
12. Этика – ол туралы ілім.
- А. Психика Ә.мораль Б. Табиғат В.қоғам Г. өнер
13. «ұқсас» деген ұғымға қарама-қарсы сөз – ол
- А. Тепе-тең Ә.жалғыз Б.өтімді В.әр түрлі Г. оқшауланған
14. Бодандықтан азаттану, құқықтың теңелуі – бұл
- А. Теңқұқықтық Ә. Демократия Б. Тәуелсіздік В. Көтеріліс Г.анархия
15. Оппозиция – бұл.....
- А.қарсы әрекет Ә.келісім Б. Пікір В.саясат Г. шешім
16. Цивилизация – бұл
- А. Формация Ә.ескілік Б.өндірістік В.мәдениет Г.қарым-қатынас
17. «Алдыңғы қатарлылық» сөзіне мағынасы сәйкес
- А. Ойлап табу Ә.идея Б.таңдау В.біріншілік Г.басқару
18. Коалиция – ол
- А. Бәсекелестік Ә.саясат Б.жауласу В.үзілу Г.бірлестік
19. Альтруизм мен сөздері мағынасы жағынан бірдей.
- А. Адамды сүйу Ә.өзара қатынас Б. әдептілік В. Эгоизм Г.адамгершілік
20. Өркениетке шұбалана қарайтын адам
- А.демократ Ә.радикал Б. Консерватор В.либерал Г. анархист

№2 тапсырмалар жинағының түсініктемесі мен мысалдары

Іс-қағаздың сол шетіндегі сөзге берілетін төрт сөздің біреуінен мағынасы жағынан бірдей, синоним сөзді тауып, белгілеу керек. Бір ғана сөзді таңдауға болады.

Мысалы:

Ғасыр – а) тарих, ә) жүзжылдық, б) оқиға, в) прогресс,
Дұрыс жауабы – жүзжылдық, сондықтан «ә» әрпі белгіленеді.

№2А тапсырмалар жинағы

1. Прогресшіл – а)білікті, ә) алдыңғы, б) оңтайлы, в) артта қалған
2. Жою - а) қол қою, ә) алып тастау, б) хабар, в) кейінге қалдыру
3. Идеал - а) қиял, ә) келешек, б) даналық, в) мұрат
4. Аргумент - а) дәлел, ә) келісушілік, б) талас, в) фраза
5. Миф - а) ескілік, ә) шығармашылық, б) аңыз, в) ғылым
6. Биморальді - а) тұрақты, ә) қиын, б) азғын, в) адамгершіліксіз
7. Талдау - а) фактілер, ә) ажырату, б) сын, в) білу
8. Эталон - а) көшірме, ә) форма, б) негіз, в) үлгі
9. Сфералық - а) сопақша, ә) шар тәрізді, б) бос, в) көлемді
10. Әлеуметтік - а) сүйкімді, ә) ерікті, б) жоспарланған, в) қоғамдық
11. Гравитация - а) тартылыс, ә) сергу, б) салмақсыздық, в) көтеру
12. Сентиментальді - а) ақынжанды, ә) сезімтал, б) қуанышты, в) қызық
13. Экспорт - а) сату, ә) тауар, б) шетке шығару, в) сауда
14. Нәтижелі - а) қажетті, ә) әрекетті, б) батыл, в) ерекше
15. Мораль - а) әдеп, ә) даму, б) қабілет, в) құқық
16. Модификациялау - а) жұмыс істеу, ә) байқау, б) оқып білу, в) түрді өзгерту
17. Радикалды - а) түбірлі, ә) жауапты, б) ақырғы, в) артта қалған
18. Негативті - а)жолы болмайтын, ә) жалған, б) жағымсыз, в) абайсыз
19. Субъективтік - а) қысқа, ә) қоғамдық, б) дербес, в)тұйық
20. Аграрлы - а) жергілікті, ә) шаруашылыққа пысық, б) жердікі, в) шаруашыл

№3 тапсырмалар жинағының түсіндірмелері мен мысалдары

Сізге үш сөз беріледі. Бірінші сөз бен екінші сөздің арасында белгілі байланыс бар. Үшінші сөз бен бес сөздің ішіндегі таңдауға берілген біреуінің арасындағы сондай ұқсастығы, байланысы бар сөзді тауып белгілеу керек.

Мысалы:

Өлең: композитор – ұшақ: ?

а) аэропорт, ә) ұшу, б) конструктор, в) жанар май, г) жойғыш ұшақ

Дұрыс жауабы: *конструктор сөзі*, сондықтан «б» әрпін белгілейміз.

Жақсылық: жамандық – күн: ?

а) күн, ә) түн, б) апта, в) сәрсенбі, г) тәулік

№3 А тапсырмалар жинағы

1. етістік: жіктеу – зат есім:

а) өзгерту, ә) оқу-ағарту, б) қолдану, в) септеу, г) жазу

2. суық: ыстық – қозғалыс:

а) инерция, ә) тыныштық, б) молекула, в) өзара әрекет, г) жылдам

3. Колумб: саяхатшы – жер сілкіну:

а) алғаш ашқан, ә) таулардың пайда болуы, б) вулкандардың атылуы, в) құрбандық, г) табиғат құбылысы

4. қосылғыш: қосынды сан – көбейткіш:

а) айырымы, ә) бөлгіш, б) шығарма, в) көбейту, г) сан

5. құл иеленуші: буржуй – құл:

а) қоғам құрылысы, ә) буржуазия, б) құл иеленушілер, в) жалдамалы жұмыскерлер, г) тұтқын

6. Папортник: спора – қарағай:

а) бүршік, ә) ине, б) өсімдік, в) ұрық, г) шырша

7. тақпақ: поэзия - әңгіме:

а) кітап, ә) жазушы, б) повесть, в) сөйлем; г) проза

8. тау: биіктік – климат:

а) рельеф, ә) температура, б) табиғат, в) географиялық ендік, г) өсімдіктану

9. өсімдік: өсімдік сабағы – жасуша:

а) ядро, ә) хромосома, б) белок, в) фермент, г) бөліну

10. байлық: кедейлік – крепостнойлық тәуелділік:
а) шаруа, ә) жеке еркіндік, б) теңсіздік, в) жеке меншік, г) феодалдық құрылыс
11. старт: финиш – пролог:
а) басы, ә) кіріспе, б) шарықтау шегі, в) әрекет, г) эпилог
12. найзағай: жарық – тартылыс құбылыс:
а) тас, ә) қозғалыс, б) тартылыс күші, в) салмақ, г) жер
13. алғашқы қауымдық құрылыс: құл иеленушіліктің қоғамдық құрылысы – құл иеленушіліктің қоғамдық құрылысы:
а) социализм, ә) капитализм, б) құл иеленушілер, в) мемлекет, г) феодализм
14. роман: тарау – тақпақ:
а) поэма, ә) ұйқас, б) шумақ, в) ырғақ, г) жанр
15. жылу: тіршіліктің іс-әрекеті – оттегі:
а) газ, ә) су, б) өсімдік, в) даму, г) тыныс алу
16. фигура: үшбұрыш – заттың күйі:
а) сұйықтық, ә) қозғалыс, б) температура, в) су, г) молекула
18. атмосфералық қысымның төмендеуі: жауын-шашын – антициклон:
а) ашық ауа райы, ә) дауыл, б) климат, в) дымқылдық, г) метео қызмет
19. тік бұрыш: жазықтық – куб:
а) кеңістік, ә) қыр, б) биіктік, в) үшбұрыш, г) қабырға
20. Соғыс: өлім – жекеменшік:
а) феодалдар, ә) капитализм, б) теңсіздік, в) құлдар, г) басы байлы шаруа
21. алым: сан – етістік:
а) жүру, ә) әрекет, б) есімше, в) сөз табы, г) жіктеу
22. солтүстік: оңтүстік – жауын-шашын:
а) қуаң дала, ә) полюс, б) жаңбыр, в) құрғақшылық, г) климат
23. Диаметр: радиус – шеңбер:
а) доға, ә) сегмент, б) кесінді, в) сызық, г) шеңбер алаңы
24. эпителий: ткань – қолқа:
а) жүрек, ә) ішкі мүше, б) күре тамыр, в) тамыр, г) қан
25. балға: қағу – генератор:
а) жалғастыру, ә) жасап шығару, б) қосу, в) өзгерту, г) қыздыру

№ 4 тапсырмалар жинағының түсініктемесі мен мысалдары

Сізге бес сөз берілген. Олардың төртеуі жалпы бір ерекше қасиетпен бірлескен. Бес сөздің ішіндегі біреуінің мағынасы бөлек. Сол артық сөзді табу керек. Мысалы:

а) тарелка, ә) кесе, б) стол, в) қазан, г) шәугім

Бірінші, екінші, төртінші және бесінші сөздер ыдыс-аяқты білдіреді. Ал үшінші сөз – жихаз, сондықтан «б» әрпін белгілейміз.

а) жүру, ә) секіру, б) билеу, в) отыру, г) жүгіру

Төрт сөз қозғалыс жағдайын, ал *отыру* сөзі тыныштықты білдіреді.

№4А тапсырмалар жинағы

1. а) қосымша, ә) көсемше сөз, б) жұрнақ, в) жалғау, г) түбір
2. а) түзу, ә) ромб, б) тік төртбұрыш, в) шаршы, г) үшбұрыш
3. а) барометр, ә) желбаққыш, б) термометр, в) компас, г) азимут
4. а) құлиеленуші, ә) құл, б) шаруа, в) жұмысшы, г) қолөнерші
5. а) мақал, ә) өлең шумағы, б) поэма, в) әңгіме, г) повесть
6. а) цитоплазма, ә) қоректену, б) өсу, в) тітіркендіргіштік, г) көбею
7. а) жаңбыр, ә) қар, б) жауын-шашын, в) қырау, г) бұршақ
8. а) үшбұрыш, ә) кесінді, б) ұзындық, в) шаршы, г) дөңгелек
9. а) әсем көрініс, ә) өрнек, б) икона, в) фреска, г) бояу жаққыш
10. а) очерк, ә) роман, б) әңгіме, в) сюжет, г) повесть
11. а) параллель, ә) карта, б) меридиан, в) экватор, г) полюс
12. а) әдебиет, ә) ғылым, б) кескіндеме суреттер, в) сәулетшілік, г) көркем өнер
13. а) ұзындық, ә) метр, б) масса, в) көлем, г) жылдамдық
14. а) көмірқышқыл газы, ә) жарық, б) су, в) крахмал, г) хлорофил
15. а) пролог, ә) шарықтау шегі, б) хабар, в) түйін, г) эпилог
16. а) жылдамдық, ә) тербелу, б) күш, в) салмақ, г) тығыздық
17. а) Куба, ә) Жапон, б) Вьетнам, в) Ұлыбритания, г) Исландия
18. а) тауар, ә) қала, б) жәрмеңке, в) табиғи шаруашылық, г) ақша
19. а) суреттеп жазу, ә) салыстыру, б) мінездеме, в) ертегі, г) астарлы сөз
20. а) қолқа, ә) күретамыр, б) жүрек, в) күре жол, г) капилляр

№5 тапсырмалар жинағының түсініктемесі мен мысалдары

Сізге екі сөз беріледі. Олардың арасындағы ортақ түсінікті табу керек. Екі түсінікке байланысты жалпы қасиетті әр жағдайда іздеу қажет. Жауабыңызды берілген қос сөздің қасына жазыңыз.

Мысалы:

Шырша-қарағай

Дұрыс жауабы: қылқан жапырақтылар.

№ 5А тапсырмалар жинағы

1. азия-африка
2. өсімдіктану-жануартану
3. феодализм-капитализм
4. ертегі-жырау
5. газ-сұйықтық
6. жүрек-күре жол
7. копенгаген-манагуа
8. атом-молекула
9. майлар-белоктар
10. ғылым-өнер
11. байсалды-ержүрек
12. ампер-вольт
13. канал-бөгет
14. өрнек-икона
15. бұлттылық-жауын-шашын
16. қосынды-көбейтінді
17. астарлы-суреттеп жазу
18. классицизм-реализм
19. цунами-дауыл

№ 6 тапсырмалар жинағының түсініктемесі мен мысалдары

Сізге белгілі ережемен сан қатары берілген. Сіздің мақсатыңыз – берілген қатардағы келесі орналасатын санды тауып анықтау.

Әр қатар өз ережесімен құрылған. Кей тапсырмаларды дұрыс табу үшін сіз көбейту, бөлу, т.б. амалдарды қолдануыңыз керек.

Мысалы: 2 4 6 8

Осы қатардағы келесі сан 2-ге үлкен болуы керек, сондықтан келесі сан 10 болады.

7 10 8 11 9 12

Осы қатардағы кезектесіп 2-ні алып, 3-ті қосу керек. Келесі сан 10 болуы керек.

№ 6А тапсырмалар жинағы

№	Тапсырмалар						жауаптар
1	6	9	12	15	18	21
2	9	1	7	1	5	1
3	2	3	5	6	8	9
4	10	12	9	11	8	10
5	1	3	6	8	16	18
6	3	4	6	9	13	18
7	15	13	16	1	17	11
8	1	2	4	8	16	32
9	1	2	5	10	17	26
10	1	4	9	16	25	36
11	1	2	6	1	31	56
12	31	12	18	13	9	6
13	174	171	57	54	18	15
14	54	19	18	14	6	9
15	301	294	49	44	11	8

Жауапты тіркеу парағы

Аты-жөні _____

Күні _____

Мектебі _____ Сыныбы _____

1-СУБТЕСТ		2-СУБТЕСТ		3-СУБТЕСТ		4-СУБТЕСТ	
1.	а ә б в г	1.	а ә б в г	1.	а ә б в г	1.	а ә б в г
2.	а ә б в г	2.	а ә б в г	2.	а ә б в г	2.	а ә б в г
3.	а ә б в г	3.	а ә б в г	3.	а ә б в г	3.	а ә б в г
4.	а ә б в г	4.	а ә б в г	4.	а ә б в г	4.	а ә б в г
5.	а ә б в г	5.	а ә б в г	5.	а ә б в г	5.	а ә б в г
6.	а ә б в г	6.	а ә б в г	6.	а ә б в г	6.	а ә б в г
7.	а ә б в г	7.	а ә б в г	7.	а ә б в г	7.	а ә б в г

8. а ә б в г	8. а ә б в г	8. а ә б в г	8. а ә б в г
9. а ә б в г	9. а ә б в г	9. а ә б в г	9. а ә б в г
10. а ә б в г	10. а ә б в г	10. а ә б в г	10. а ә б в г
11. а ә б в г	11. а ә б в г	11. а ә б в г	11. а ә б в г
12. а ә б в г	12. а ә б в г	12. а ә б в г	12. а ә б в г
13. а ә б в г	13. а ә б в г	13. а ә б в г	13. а ә б в г
14. а ә б в г	14. а ә б в г	14. а ә б в г	14. а ә б в г
15. а ә б в г	15. а ә б в г	15. а ә б в г	15. а ә б в г
16. а ә б в г	16. а ә б в г	16. а ә б в г	16. а ә б в г
17. а ә б в г	17. а ә б в г	17. а ә б в г	17. а ә б в г
18. а ә б в г	18. а ә б в г	18. а ә б в г	18. а ә б в г
19. а ә б в г	19. а ә б в г	19. а ә б в г	19. а ә б в г
20. а ә б в г	20. а ә б в г	20. а ә б в г	20. а ә б в г
		21. а ә б в г	
		22. а ә б в г	
		23. а ә б в г	
		24. а ә б в г	
		25. а ә б в г	

5-6 СУБТЕСТТІҢ ЖАУАП ПАРАҒЫ

5-СУБТЕСТ	6-СУБТЕСТ
1.	1
2.	2
3.	3
4.	4
5	5
6	6
7	7
8	8
9	9
10	10
11	11
12	12
13	13
14	14
15	15
16	
17	
18	
19	

Субтестілерді орындауға берілетін уақыт:

1. субтест – 8 минут;
2. субтест -4 минут;
3. субтест -10 минут;
4. субтест -7 минут;
5. субтест -8 минут;
6. субтест -7 минут;

Нәтижелерді талдау және өңдеу: тест жауабының кілтіне сәйкес талқыланады.

Тестінің дұрыс жауаптары

№	1- субтест	2- субтест	3- субтест	4- субтест	6- субтест
1	Ә	Ә	В	Ә	24
2	Ә	Ә	А	А	3
3	Б	В	Г	Г	11
4	Б	А	Б	А	7
5	Б	Б	В	А	36
6	Г	В	В	А	24
7	Б	Ә	Г	Б	18
8	Ә	В	Ә	Б	64
9	В	Ә	А	Г	37
10	А	В	Ә	В	49
11	А	А	Г	Ә	92
12	Ә	Ә	Б	Ә	4
13	В	Б	Г	Ә	5
14	Г	Ә	Б	В	2
15	А	А	Г	Б	4
16	В	В	А	Ә	

17	В	А	В	Б	
18	Г	Б	А	В	
19	А	Б	А	В	
20	Б	Б	Б	Б	
21			Ә		
22			В		
23			А		
24			Б		
25			Ә		

2-қосымша

Мұғалімнің дарынды баламен жұмыс жоспары

(жеке оқушыға арналған)

№	Аты-жөні	Жұмыс мазмұны			Мерзімі
		Білімін тереңдету	Логикалық ойлау қабілетін дамыту	Шығармашылық біліктерін қалыптастыру	
1		Тақырып бойынша қосымша әдебиеттермен жұмыс	Оқыған әдебиеттері бойынша қорытынды жаздыру	Тақырыпқа байланысты сурет салғызу	Жыл бойы
		Пәндік олимпиадаға қатыстыру	Проблемалық жағдаяттар мен сауалдар дайындату	Шығарма жаздыру	Нақты бір пәнде
		Жоба жаздыру	Қосымша материалдар мен жұмыс	Жазба жұмыстарына рецензент қылу	Жыл бойы

			алгоритмін құрастыру		
--	--	--	-------------------------	--	--

**Дарынды балалардың ата-аналарымен ынтымақтаса
жұмыс жүргізу жоспары**

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Қызметі	Мақсаты мен міндеті	Мерзімі
<i>I. Ұйымдастыру жұмыстары</i>					
1	«Сіздер туралы және сіздерге арналады, ата-аналар».	Ата-аналар жиналысы.	«Ата-аналарға жарнама» дайындау.	Табысты ынтымақтастық орнату.	Қыркүйек
2	Өзгермелі өмірдегі әкелер мен балалар.	Әкелер жиналысы.	«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» атты семинар дайындау.	Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі.	Қараша
3	Жанұя – бұл махаббат.	Ойлану, қиялдау сағаты.	Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу. Талқылауға арналған сұрақтарды анықтау.	Бала сезімін дамытуды қалыптастыру.	Ақпан
4	Жанұялық сенбі.	Мектептегі ата-аналар күні.	Сабақтарға қатысу.	Балаларды бақылау, қадағалау.	Жыл бойы
<i>II. Диагностикалық-аналитикалық жұмыс</i>					

1	«Мен және балам».	Сауалнама жүргізу.	Ата-аналарға сауалнама жүргізу.	Ата-аналардың өз балаларын қаншалықты білетіндігін және түсінетіндігін анықтау.	Қазан
2	«Әкем менің досым немесе...».	Шығарма.	Балалардың шығармасы.	Шығарма жазғызу арқылы әкелердің бала өміріндегі ролін анықтау.	Желтоқсан
3	«Менің жанұям».	Суретті тест.	Балалардың шығармасы.	Балалардың салған суреті арқылы жанұя жағдайын анықтау.	Қаңтар
4	«Мен және менің бойым».	Даму және тәрбиелілік картасы.	Ата-аналардың, оқушының және мұғалімнің картасын толтыру.	Балалардың дамуын және тәрбиелілігін қадағалау.	Жыл бойы
<i>III. Ақпараттық-әдістемелік жұмыс.</i>					
1	«Сіздер туралы және сіздерге арналады».	Ақпараттық стенд.	Стендінің безендірілуі.	Мектеп өміріндегі балалардың іс-әрекеті туралы мағлұмат беру.	Қыркүйек

2	«Мектептегі менің табыстарым».	Ақпараттық бүктеме. (буклет)	Бүктемелерді безендіру.	Балаларды ізденуге үйрету, баулу.	Жыл бойы
3	«Бала мен ата-аналардың қарым қатынасы».	Дөңгелек стол.	Ғылыми-әдістемелік жұмыстарды іріктеу.	Ата-аналарға әдістемелік	Наурыз
<i>IV. Танымдық-зерттеу жұмыстары</i>					
1	«Кітап – жан азығы».	Кітаптар мерекесі.	Кітаптарды іріктеу, рольдерді бөлісу.	Балаларды кітапты сүйеге баулу. Балалардың дүниетанымын кеңейту.	Сәуір
2	«Интеллектуалды мозаика».	Ойын.	Жетондар, мозаика қағаздарын дайындау.	Оқушылардың интеллектуалды дамуын анықтау.	Қараша
3	«Интеллектуалды жанұя».	Марафон.	Материалдар дайындау.	Интеллектуалды даму.	Жыл бойы
4	Дарынды балалар және оның ата-аналары.	Жанұялық мереке.	Сценарий.	көмек көрсету.	Мамыр

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Использованная и рекомендуемая литература

1. Алтынсарин Ы. Шығармалары – А: Жазушы, 1986 – 560 б.
2. Аймауытов Ж. Комплексті оқыту жолдары. – Қызылорда, 1929.
3. Акменбетов Қ.Ж. Дарындылықтың теориялық негіздері // Педагогика мәселелері, 2009. №2, 130-134б.
4. Абиш А. Дарынды балалармен жұмыс // Мектеп (Шымкент), 2006. №8, 29-31б.
5. Айқынбаева Г.Қ. Бала ойы қашан да ұшқыр. //Қазақстан мектебі. 2000. -№3, 45-46б
6. Айқынбаева Г.Қ. Таланттылар ұлттық байлық.// Қарағанды Университеті. 1998. -№19, 2-3б
7. Айқынбаева Г.Қ. Қазақстандағы білім саласын жоғарылатуда өркениетті елдердің тәжірибелерін қолдану ерекшеліктері. Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық білім беру: нақты жағдайы, мәселелері, келешегі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Астана, 2010. -125-128б
8. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Санат, 1995. – 481 б.
9. Әбдірахманова Ж. Дарынды оқушыларды ғылымға бейімдеу // Қазақ және әлем әдебиеті, 2010. №1-2, 26-28б.
10. «Білім туралы заң».–Алматы:Юрист, 2002
11. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш//Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 1 т. – 188-226 бб.
12. Бөлеев Қ, Мұратова А.Б, Қазақ ағартушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идея. Оқу құралы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2009. -136 б.
13. Бекжанова М.Б. Дарынды балалармен жұмыс – заман талабы // Қазақстан орта мектебі, 2009. №5/6, 18-25б.
14. Бектібаева З. Дарындылық дамытудың теориялық негіздері // Қазақстан мектебі, 2009. №6.
15. Базарбаева Н.А. Педагогикалық кеңес, 2009. №1.
16. Дулатов М. Шығармалары Алматы – Жазушы 1991. – 381 б.)
17. Дусимбаева М.Ч. Ш.Уалиханов атындағы №12 гимназияның «Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстарының жоспары» // Мектептегі ғылыми жұмыс, 2009. №3.
18. Елеупаева Ж.К. Қазіргі мектептерде оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың педагогикалық шарттары.
19. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту туралы/ Білім-образование, 2009. №5.

20. Елубаев А.О. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі – Дарын, 2009. №5, 112-116б.
21. Ерпенова А.Б. Дарынды балаларды анықтау әдістемесі //Мектеп директорының орынбасары, 2009. №3.
22. Жексенбаева Ү.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау. А, 2005. -67б.
23. Жантурина М. Дарындылықты дамытудағы мұғалімнің рөлі // Бастауыш мектеп, 2009. №5.
24. Исабекова А.К. Дарынды балаларды айқындаудың тиімді жолдары // Қазақ тілі Қазақстан мектебінде, 2010. №11, 17-21б.
25. Н.Назарбаев. Туған елім – тірегім, (Құрастырғандар: М.Қасымбеков. Қ.Әлімқұлов). – Алматы: Рауан, 2001. - 128 б.
26. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары.
27. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы
28. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандар беттері. Алматы: Білім, 1995.
29. Қадірова Б.Н. Оқушылардың шығармашылық әрекеттеріне бағытталған өзіндік жұмысты ұйымдастырудың дидактикалық шарттары.
30. Қанапиянова Ә. Республика ұстаздары, 2010 Қаңтар №1/2
31. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толықжинағы А: Жазушы 1995 – 355 б.
32. Мұқанбетова Ш.Т. Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.
33. Мүрсәлімова Н. Қазақстан мектебі, 2004. №6, 34-36б.
34. Нургендирова А. Дарынды оқушылармен жұмыстың ғылыми-әдістемелік ұстанымдары // Мектеп директоры, 2009. №3, 14-16б.
35. Оқушылардың ғылыми қоғамдарын ұйымдастыру және республикалық ғылыми жарыстарын өткізуге әдістемелік нұсқаулар. Астана 2007.
36. Омарқұлова С.А. Дарынды баламен жүргізілетін жұмыстардың әдістері мен түрлерін жетілдіру // Мектептегі технология, 2009. №5, 3-4б.
37. Пралиев С.Ж. «Ұлттық тәрбие және жаһандану», Егемен Қазақстан, 25 желтоқсан 2009 .
38. Педагогикалық энциклопедия М: 1964 Т. 1 с 384.
39. Сейсенбаева Ж.А. «Ұлттық тәрбие аясында тіл және әдебиетті оқытудың кейбір жайттары» Хабаршы-Вестник КазНУ №3(28), 2009 ж.
40. Сейсенбаева Ж.А. «Ұлттық тәрбиенің ұлт тарихын оқытудағы кейбір мәселелері» Професионал Казахстана №4(83) 2010ж.

41. Төлеубекова Р.К. «Ұлттық тәрбие және оның философиясы» // Педагогика және Психология журналы №1, 2009.
42. Темірбаева С. Дарынды оқушылармен жүйелі жұмысының маңызы // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл, 2009. №7-8, 11-12б.
43. Тоқтарбаева Р. Дарынды оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу // Тәрбие туралы, 2010. №6, 7-9б.
44. Шырынбаева Г.К. Оқушы дарындылығын анықтау теориясына негізделген мұғалім қызметі // Қазақ тілі: әдістеме, 2010. №3, 2-4б.
45. Анастаси А. Психологическое тестирование. К 1,2- М.,, 1982.
46. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. «Педагогика», 1989 г.
47. Бухвалов В.А. Развитие учащихся в процессе творчества. «Педагогический поиск», 2000.
48. Выготский Л.С. Психология. – М., 2000.
49. Гальперин П.Я. Введение в психологию. - М., 2000.
50. Границкая А.С. Научить думать и действовать. - М., 1991.
51. Клименко, В. В. Психологические тесты таланта. – Харьков, 1996.
52. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. - М., 1972.
53. Лейтес Н.С. Об умственной одаренности. Москва 1960г.
54. Лейтес Н.С. Способность и одаренность в детские годы. Москва 1984г
55. Матюшкин А.М, Сиск Д.А. Одаренные и талантливые дети. «Вопросы психологии», Москва, №4, 1988.
56. Матюшкин А.М. Концепция творческой одаренности. Москва. №6,1989.
57. Педагогическая энциклопедия. М., 1964. – Т.1. – С.384
58. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Т.1-4. М., 1989.
59. Ушинский К. Д. Собр. Соч. Т 6. – М., 1949- 319 с.
60. Шадриков В.Д. О содержании понятий «способности» и «одаренность» // «Психологический журнал», Т.4. №5, 1983
61. Эльконин Д.Б. Избранные педагогические труды. – М, 1989.